

*Мақсатым – тіл ұстартып,
өнер шайпақ...*
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

4/2017

СӘУІР

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,
Жанғара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшіһүр Жүсіп,
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

МАЗМҰНЫ

Г.ТАРКЕШЕВА, Н.КУСАИНОВА.	<i>Таным табиғатында</i> Мұғалім шеберлігі – ізденіс нәтижесі3 Уәлиханов ауданындағы мезотопонимдердің ерекшеліктері.....9 Әдебиет пәнін оқытудағы құндылық.....20 Қазақ тілі сабақтарында ойын элементтерін қолдану.....26
Г.ТЕМІРҒАЛИЕВА.	<i>Тренинг</i> Мемлекеттік тіл - ортақ қазына.....31
С.ЖАРДЕКОВА.	<i>Комекші құрал</i> «Қазақ әдебиеті» пәнінен 6-сынып оқушыларына арналған жұмыс дәптері.....34
А.ҚАРЖАУОВА.	Оқу үшін бағалау - оқушы белсенділігін арттырудың ең тиімді жолы.....39
Қ.ШӘРІП, М.КАМЗИНА, Г.СУЛТАНҒАЛИЕВА, Ф.ӘБДІРОВА.	<i>Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс</i> Абай Құнанбайұлы. «Әсемпаз болма әрнеге».....45 Ахмет Йүгінеки - XIIғ. ақыны.....47 М.Әуезовтің шығармашылығы мен өмір жолы.....49 Сүйінбай Аронұлы. «Жақсы мен жаман адамның қасиеттері».....51 Абай Құнанбайұлы. «Ескендір» дастаны.....54 Ертегі және оның жанрлық ерекшеліктері.....56 Сәкен Сейфуллин. «Наурыз».....58 Шәкәрім Құдайбердіұлы. «Еңлік-Кебек» дастаны.....60 І.Жансүгіров. «Әнші».....63 С.Торайғыров. «Шілде».....66 М.Әуезовтің «Ақын қонақтар» әңгімесіндегі кейіпкерлер әлемі.....67 Күлагер - поэзияның сұлу сазы.....71 Абай Құнанбайұлы. «Қыс».....73 Сәкен Сейфуллин. «Ақсудың айрылуы».....75 Ахмет Байтұрсынұлы. «Екі шыбын».....78 Бағалау үдерісі-оқыту мен оқудың ажырамас бөлігі.....80 Менің Республикам.....82 Күшетпейлі шырай.....85 Біздің мұғалім.....89 Синонимдер.....92 Менің отбасым.....95 Туынды және негізгі еліктеу сөздер.....97
Р.СЕЙІЛОВА, Г.НҮРМАНОВА, А.АЛҒАНОВА, Д.ИМАШЕВА, А.ТҮСПБЕКОВА, Қ.СҮЛТАНМАХМҰДОВА, Ш.НҮРҒАМЫСОВА.	<i>Әдеби кеіш</i> Жайықтың қоңыр үнді қоңырауы.....101 Жазылар естеліктер мен туралы.....107
А.ИСАЕВА, Д.ҚОЖАҒАЛИЕВА, А.НҮҒМАНОВА, Ж.НҮҒМАНОВА, Б.СЫНДАРОВА, А.НАУРЫЗОВА, Ж.МАМЫТБЕКОВА, Б.ТӨЛЕГЕНОВА, А.УТЕҒАЛИЕВА, А.САБЫРЖАНОВА, Ш.МУСАИПОВА.	<i>Ойын - ойдың өрісі</i> Ана тілім - асыл қазынам.....110 <i>Сыныптан тыс шара</i> Бәйтерек - үздіктер символы.....115 Елім менің.....121 Білімді мыңды жығады.....128 Тұғыры биік - тәуелсіздік.....133
Г.МҰХАМБЕТЖАНОВА, Г.БАЙМАҒАМБЕТОВА.	<i>Оқушы шығармашылығы</i> Шығыстың жарық жұлдызы.....142
Л.СӘРСЕНБАЕВА.	
С.ӘБЕНОВА, Б.ҚҰЛМАҒАНБЕТОВА, Ұ.АМИРХАНОВА, Қ.АСАНОВА.	
Л.НҮРМАНҚЫЗЫ.	

Таным табиғатында

**Г.ТАРКЕШЕВА,
№4 С.Сейфуллин атындағы орта мектеп,
Қызылорда қаласы.**

МҰҒАЛІМ ШЕБЕРЛІГІ – ІЗДЕНІС НӘТИЖЕСІ

Әлем сағат сайын ілгері жылжып, өзгеруде. Әлемдік деңгейдегі жаһандану, демографиялық өзгерістер, үздіксіз даму, тыныштық пен қауіпсіздік, жаңа технологиялар даму үстінде. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаты - экономиканың орнықты дамуы үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

XXI ғасырда қоғамдағы құндылықтарға деген көзқарас жаңа сипаттарға ие болуда. Адамның қажеттіліктерінің ішіндегі маңыздысы сапалы білім алу болып отыр. Дамыған елу мемлекеттің қатарынан орын алуды меңзеген еліміздің әлеуметтік-экономикалық ахуалының өркендеуінің басты көрсеткіші терең біліммен қаруланған жеке тұлға болмақ. Сондықтан қоғамымыздың алдында жеке тұлғаның бойында жаңа білімді меңгеруді үнемі қажет ету, өздігінше білім алу дағдыларын қалыптастыру міндеті тұр. XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз-белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. Олар - 2050 жылдары ел тұтқасын ұстайтын бүгінгі шәкірттеріміз. Жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізуді мақсат етіп отырмыз. Елде болып жатқан саяси-әлеуметтік, экономикалық өзгерістер білім беру жүйесіне де

әсер етуде. Бұл өзгерістер мектептерде оқыту әдістемесіне өзгерістер енгізуге қажеттілік тудырып отыр. Біздің ел дамудың демократиялық жолын таңдауына байланысты бүгінгі таңда қоғамды шешім қабылдауға тартудың маңызы арта түсті. Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде білім саласындағы мұғалімдер үшін басты, маңызды мәселе болып отырғаны: «XXI ғасырда нені оқыту керек?», «Мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырға қалай дайындайды?» деген өзекті мәселе көтеріліп отыр. Елбасымыз Жолдауында «Бізге экономикалық және жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет» деп, қоғамымыз тез шапшандықпен қарқынды дамып отырған мына заманда білім беру саласының қызметкерлеріне көп салмақ түсетінін атап көрсетті. Адамзат қоғамының дамуындағы әр кезең өзінің ерекшелігімен бірге болашақтағы өзгерістерге қарай бағыт алып келеді. Бүгінде қоғамның дамуы оның мүшелерінің білімімен өлшенеді. Өркениетке жеткізетін ең маңызды басты құрал - білім. Біздің алдымызда дамыған елдердің білім жүйесін өз тәжірибемізге енгізе отырып, алдыңғы қатарлы елу елдің қатарына қосылу міндеті тұр. Осыған байланысты мен PISA халықаралық зерттеуінен алғашқы ондықта тұрған мемлекеттердің ішінен Жапония, АҚШ, Сингапур мемлекеттеріндегі білім беру жүйесіндегі өзгешеліктерге назар аударып көрдім. Әлем елдеріндегі білімнің азығы-Жапония, АҚШ, Сингапур елдерінің білім жүйесіндегі ерекшеліктерін бір-бірімен салыстырар болсам, білім сапасын көтеру мәселесі қарастырылатынын көруге болады. Ондағы мақсатым дамыған елдердің басым жақтары мен әлсіз жақтарын қалай бақылайтынын анықтау болды. Ол үшін мен шетелдің және отандастарымның жұмыстарымен танысудан бастадым. Шетелдегі білім беру жүйесін зерделей отырып байқағаным, олардағы оқу бағдарламаларының

бірізді емес екендігі болды. Олардағы оқу бағдарламалары оқушылардың қабілеті, дарынына бағытталып жазылады екен. Ал бізде ол ескерілмейді. Оқу бағдарламамыз стандартқа сай жасалды деп алғанмен, оқулықтағы тақырыптармен сай келмейтін тұстары да кездеседі. Әлемдік тәжірибе мемлекеттердің экономикалық дағдарыстан шығуымен бірге білім саласын қаржыландырудың басым мәнге ие болғандығын көрсетеді. «1955-1985 жылдар аралығында Жапонияда білімді қаржыландыру 20 есе артқан. Бұл елде мектептің жоғары сатысы (10-12-сыныптар) 5 түрлі - техникалық, сауда, ауыл шаруашылық, флоттық, қосымша мектептер болып құрылған. Жапонияда балабақшалар білім берудің маңызды бөлімі емес. Балалар балабақшаға ата-аналарының қалауымен 4 жаста барады екен. Жапон елінде 9 жылдық білім беру ақысыз, білім беру құрылымы 6+3+3 (6 жылдық бастауыш мектеп - чугакко, 3 жылдық кіші орта мектеп – чугако, 3 жылдық жоғары орта мектеп – като-гакко). Бастауыш сыныптарда негізгі сабақтар жапон тілі, арифметика, қалған сабақтар ретінде жаратылыстану, қоғамтану, музыка, этика, дене тәрбиесі, өнер, қолөнер өтіледі. Кіші орта мектепке емтихансыз, жоғары орта мектепке емтихан тапсырып түсе алады. Білімді тексеру тәсілі – жазбаша тест. Бастауыш және орта мектепте 5 дәрежелі шкала бағасы қолданылады: S (өте жақсы), A (жақсы), B (қанағаттанарлық), C (нашар), D (өте нашар)». Бұл жүйеге біздің жоғары оқу орнындағы бағалау жақын келеді. Біздегі 5 ұпайлық жүйе нақты білім деңгейін анықтайды деу қиын. Мәселен оқушы «4» пен «5»-тің ортасында тұруы мүмкін. Сол кезде оған «4+» немесе «-5»-ті айғақтайтын бағалау шкаласы ендірілсе, баланың нақты білімі анықталар еді,-деп ойлаймын. Бұл елде бала болашағы жақсы жоспарланған, олар елдің көшбасшылары болып есептеледі. Жапония

елінің білім беру жүйесіндегі мектептің жоғарғы сатысы 11-12-сыныптар бес түрлі мектептер болып құрылғаны және 5 дәрежелі шкала бағасы қолданылатындығымен ерекшеленеді. Осы алынған ақпаратты біздің елдегі білім беру жүйесімен салыстыратын болсақ, баланың қабілеті бар-жоғына қарамастан ата-ана баласын 10-11-сыныпқа қалдырып жатады. Нәтижесінде ҰБТ-дан шекті ұпайды жинай алмай, ақылы колледждерге барады. Бізде 10-11-сынып бағдарлы сыныпқа бағытталғанымен, баланың қабілеті, өмірге икемділігі, қандай мамандықты ұнататындығы ескерілмейтін жағдайлар да кездесіп жатады. Бала өзі ойлану үшін, бірінші өзін-өзі реттей алуы керек. Осы орайда шет мемлекеттердің қалыптастырушы және жиынтық бағалауды қолдануы өте ұнады. Бұл бағалау түрлері бізде де енгізіліп жатыр. Бағалаудың ерекше түрі болып саналатын қалыптастырушы бағалаудың техникаларын, әдіс-тәсілдерін, құралдарын сабақтарымызда үздіксіз пайдаланып жүрміз. Біздің балалар 10-сыныпқа келгенде болашағын бағамдап, мамандық таңдауда қиналып жатады. Себебі, 9-сыныпта мамандыққа, өмірге икемділігіне байланысты жұмыстардың жеткіліксіздігінен. Осының нәтижесінде өмір сүруге икемсіз болып, ақылы оқу орнына түсіп, біліксіз болып, алған білімді өмірде қолдануға дағдыланбаған маман шығады. Америкада балалар мектепке 6 жасында барып, 6-сыныпқа дейін бастауыш мектепте оқып, одан соң үш жылдық бастапқы орта мектепте (7-9-сынып) жалғастырып, 94% бала жоғары орта мектеп (10-12-сынып) қабырғасында оқиды екен. Мектептер демократиялық жүйеге құрылған. Мектептер мемлекеттік, жеке, діни болып бөлінеді. Жеке мектептерде жалпы баланың 3%-ы оқиды. Алайда осы балалардың болашағы айқын, олар болашақ көшбасшылар, дипломаттар, елдің тұтқасын ұстайтын жастар саналады.

Мемлекеттік жоғары орта мектеп академиялық, кәсіптік және көпсалалы болып бөлінеді. Көпсалалы бағытта оқитын оқушы өзінің бейімділігіне сай коммерциялық, академиялық, индустриалды, ауылшаруашылық, жалпы бөлімдерде оқиды. Академиялық бағыт жоғарғы оқу орнына түсуге қажетті білімді игертеді. Оқушылар «ақыл ой дарындылығы коэффициентін» анықтау тестін тапсырып, 90% төмен алса, практикалық курс таңдауға мәжбүр болады. Кәсіптік бағыттағы бала шығармашылықпен айналысады. Ал индустриалды бөлімдегі бала уақытының көп бөлігін шеберханада өткізеді. Осылайша мектеп бітірген бала түрлі деңгейдегі орта білім дайындығынан өтіп, маман болып шығады. Шамамен жоғарғы оқу орнына және колледждерге жеке мектепті бітірген және академиялық бағытты бітірген 29% бала ғана оқуға барады. Себебі оқу ақысы өте жоғары, бірақ жоғары оқу орнын бітірген бала жоғарғы қызметкер болып шығады. Олардың болашағы алдын-ала айқындалған, жоспарланған. Ал индустриалды, көпсалалы бағытты оқыған балалар мектеп бітірген бойда өз кәсібімен маман болып, өндіріске барады. Америка мектептеріндегі жоғары мектептен өз еліміздің жүйесіне осы академиялық, индустриалды, көпсалалы бағытты енгізуді қалар едім. Осы мәліметтерді өз елімнің жағдайымен салыстырар болсам, біздің елде жастар университетті бітіріп, бос жүреді. Өйткені жастардың бәрі жоғары оқу орнына ұмтылады. Себебі біздің мектептеріміз 10-11-сыныпта бағдарлы оқытуға негізделгенімен, оған баланың бейімділігі, қажеттілігіне қарай топтастырылуы жетімсіз,- деп санаймын. Бұл жерде көбіне жақсы оқитындарды жаратылыстану, орта деңгейдегі оқушыны қоғамдық-гуманитарлық бағытқа жібере салу орын алып жүр. Сондықтан мектеп бітірген баланың өмірге бейімсіз болып, ақылы оқу оқып, жұмысқа қауқарсыз болып

шығуы осының салдарынан емес пе?

Осы орайда қазақ халқының ұлы ақыны, философ Абайдың «Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәрте, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір өз-өзіңнен есеп ал!» деген сөзі еске оралады. Демек, қалыптастырушы бағалаудың бұл формасының біздің елімізде енгізіліп жатқаны қуантарлық жағдай. Сындарлы оқытудың мақсаты-оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету делінген. Қазақстанның болашағы-біздің алдымызда отырған оқушылар. Оқушылардың жан-дүниесін түсіну арқылы, «оқушы үніне» назар аударып, Шульман атаған үш қасиетке ие болуды мақсат тұтамын. Әр ұстаз ХХІ ғасыр мұғаліміне сай болу үшін – ізденімпаз ғалым, нәзік психолог, жан-жақты шебер, тынымсыз еңбекқор, кез келген органың ұйытқысы болуы керек. Ежелгі грек философы Демокрит: «Еңбек үздіксіз үйренгендіктің арқасында жеңілдей түседі», - деп айтқандай мұғалім еңбегі үздіксіз ізденуді қажет етеді.

Әдебиеттер:

1. ҚР білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық бірінші (ілгері) деңгей.
3. rusnauka.com/6_PNI_2012 «ҚР 12 жылдық білім беру үлгісіне көшу мәселелері».
4. www.study.kz. Современная система образования США.
5. Алишев Т.Б. Гильмутдинов А.Х. “Опыт Сингапура: создание образовательной системы мирового уровня”// Вопросы образования, №4, 2010 г.
6. Абай Құнанбаев шығармалар жинағы. «15-қарасөз».

Н.КУСАИНОВА,
А.Мырзахметов ат. ҚУ.
Көкшетау қаласы.

УӘЛИХАНОВ АУДАНЫНДАҒЫ МЕЗОТОПОНИМДЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Әрбір адам дүниежүзіндегі, өз еліндегі, туған облысы, ауданындағы, туған қаласындағы жеке географиялық атаулардың, тіптен, көше, алаңдардың, өзен, көл, жоталардың аталу себептерін біле бермейді.

Топонимика - А.В.Суперанскаяның айтуы бойынша, ономастиканың кесек бір бөлігі. Топонимдердің атаулары әр түрлі сақталады, өзгеріп, ауысып отыруы мүмкін. Кейбір атаулар бір жыл, он жыл, кейбір атаулар ғасырлап сақталады.

Ғалым И.С.Матрусовтың пікірі бойынша, топонимика – тіл немесе лингвистика ғылымының бір бөлігі. Демек, топонимика да лексикология сияқты сөз туралы ілім, тілдегі лексиканы, сөздік құрамды, солардың қалыптасу тарихын қарастырады. Сол себепті тілдің өзі тарихи лексикамен тікелей байланысты [1,3-4б.]. Топонимдер зерттелетін географиялық нысандардың көлеміне не мөлшеріне қарай макротопонимдерге (тау жоталары, үлкен ойпаттар, мұхиттар, т.б.), мезотопонимдерге (жеке таулар, теңіздер, т.б.), микротопонимдерге (көл, бұлақ, құдық, қоныс, т.б.) бөлінеді. Біз жұмысымызда Уәлиханов ауданындағы мезотопонимдер, яғни теңіз, көл, көлшік, сай, төбе, оның аталу себебіне, жасалу ерекшелігіне тоқталамыз.

Иә, Кішкенекөлде тұрып, аудан туралы жұртқа әңгіме айта қою оңай сияқты көрінгенімен, дәл бастарда

қалың орманның ішінде адасқан адамдай күй кешеді екенсіз. Кішкене көл елінің де, ұлан-байтақ даламыздың да бай тарихы тұнып тұр, бүгінгісі кешегісінен артық ғалымның да, жазушының да, талай журналистің де қаламы үшін сарқылмайтын бұлақтың көзіндей, жазылар еңбекке ауыр жүк. Ал оның бірі де емес, біз сияқты қарапайым адам айтылар әңгіменің жүйесін де таба алмай, тұнған деректемелердің ортасында жөнсіз қармана бермек-ау, сірә. Өткен ғасырда аудан орналасқан көлемді жер төңірегі тарихынан бастасақ, бүгінгіне тез орала алмай, сонау ғасыр қойнауында жүріп алуымыз хақ. Кешегісін айтпасақ, бүгінгі биігінің қайдан шыққаны белгісіз болмақ. Егер біз ата-бабамыз туып өскен өлкеге барлау жасап қарасақ, есімізге Ахмет Байтұрсынұлының: «Біздің заманымыз - өткен заманның баласы, келер заманның атасы» деген сөздер оралады. Сол айтқандай, өткенсіз бүгін жоқ екенін, бүгінсіз күніміз болашақтың басы екендігін мегзеп, бүгінгі болмысымыз өткеннің тікелей нәтижесінің куәгері деп айтар едік [2, 37-б.].

Дегенмен, өңірдің өзен-суға байлығы сондай, қылт етсе көз жасын төгуге дайын тұратын ерке қыздың жанарындай, жазғытұрым еріген қардан, толастап жауған жауыннан томар-томардың түбі мөлтілдеп көлшікке айналып, ал арналы өзендері мен көлдері арнасына сыймай, жарқырай жайылып кетуінің арқасында «ақ балтырлы» жарқыраған қайың ағаштар мен тал-терек, шіліктер, ат бауырын тіреген жасыл шалғындар жайқалып өсе бастаған. Ірілі-ұсақты көлдері бір көрім болып тізілген бұл өңір «Әлімбеттің тоқсан көлі» деп аталыпты. Атығай руынан шыққан ағайынды Әлімбет, Жолымбет деген кісілер жаз кезінде осы маңды емін-еркін жайлаған көрінеді.

Ұшы-қиыры жоқ дариядай «Әлімбеттің тоқсан көлінің» ортасында аралдай бой көтерген Қызылту жері адам дауысын айрықша әуезді ететін мөлдір ауа мұхиты, сөз сарасын, ой дариясын толқытатын ту табиғаттың да, сырлы дүниенің сырын шертіп сыбырлайтын жайқалған сары даласы да, қиялына қанат бітіретін мөлтілдеген қараңғы түнде жұлдыздай жарқыраған көлдері мен өзендерінің сарқыраған әуендері де, жұлдызы ашық аспан мен шетсіз-шексіз рухтың ән мен өлеңге, даналыққа бейім болуының дәйекті дәлелі [2, 39-б.].

Теке теңізі – «Туған жерім - Теке теңіз шалқар көл,

Жағасына қаздай қалқып қонған көл».

«Теке теңізі» дегені – қасиеттілігі үшін. Сонау ертеде жергілікті қазақтар Текеден тұз алып көрші орыс деревняларына кіре тартып, пұл қылған, қажетті тұрмыстық заттарға айырбас жасаған, саз балшығы (көгілдір) құяң, қотыр, сырқырама кеселдерге ем болған. Күні бүгінге дейін адамдар Текенің сорына түсіп, емделіп жатады. Оның соры да, суы да шипалық қасиетке ие. Тағы бір ерекшелігі: түн батқанда теңіз үстінде қадау-қадау шырақтар жанып тұрады. Бұл шырақтар – фосфор, қараңғыда жылтырап тұратын химиялық зат.

Енді теңіздің неге «Теке» деген атауына келейік.

«Керейден шыққан екен Батыр Теке,

Бірнеше сан қалмақты қырып салған,

«Қалмақ қырған» аталды әлгі төбе.

Аталды содан былай Теңіз – Теке,

Айнала елдер қонды жеке-жеке.

Аумағы 70-80 шықырымдай,

Мұнартып бұлт байланған ерте-кеште...

Сол Теке ер боп туған жастайынан,

Сан балуанның жауырынын жер қаптырған.

Қазір де «Құдаспай-Тоқпан сайлары» бар,

Теке батыр осы жерді мекен қылған.

Бүгінде Көбенсай деп аталады,

Ну орман қайың-терек өскен жерді...

Сонымен, баяғы Абылайдың қалмақ қызынан туған Қасым төрені хан сайламай тастаған керей Абызұлы Әлдебек би, қанжығалы руының батыры, әрі шешен Айтпай бабаларымыз (Әлдебек бидің үзеңгілес досы) шалқар тұзды көлдің жасыл жайлау жағасында ұлан-ғайыр жеңіс тойын жасаған. Осы тойда Әлдебек би бабамыз сөз алып: «Уа, жамағат, кешегі майданда қалмақтарға қырғындай тиген Теке батырдың есімін мына шалқып жатқан көлге берсек, көлдің қасиеттілігі үшін, астың дәмін келтіретін тұзы үшін, түнде шырақтары жалтылдап тұратыны үшін бұдан былай Теңіз десек», бұл ұйғарымға кім не дер екен деп қалың қауымды бір шолып өтіп: «Кешегі жеңісіміздің құрметіне бұл теңіз – «Теке теңізі» деп аталсын» дегенде жиналған жұрт: «Тура айттың, абыз, дәл айттың, Әлдебек би», - деп Қарауғы төбенің етегін дуылдатып жіберген дейді көне шежіре. Жасалуы: зат есім (лексика-семантикалық тәсіл арқылы).

Міне, содан ғасырлар өтті, тарих қойнауында жатқан көне шежіре өзінің ұрпақтарына жетті... Аңыз айтады: Текенің мұнар басқан көксеңгір көгінде Теке батырдың аруағы шарықтап жүреді екен, мұны «Қамысты көлдің» сыбырлаған қамыстары да айтады екен...

Сонымен қатар, Теке көліне қатысты Еслямбек Бекпаев ағамыздың «Ереймен елі» газеті беттерінде жариялаған аңызы да бар. «Ауылдың үлкендері айтатын: көлдің ортасында арал бар. Аралда бертінгі уақытқа шейін Ақбоз ат жүреді екен. Кішкентай кезімізде түннің

бір тыныш, тамаша уақытында далаға шығып, көл жаққа тесіле ұзақ қарап тұрсаң, ерсілі-қарсылы жүгірген жылтыр нүктелерді көресің. Үлкендерден сұрағанда, беретін жауабы біреу ғана: «жүгіріп жүрген жылтыр нүктелер – Ақбоз аттың от болып жанған көздері ғой» дейтін. Байғұс иесін іздеп ерсілі-қарсылы шауып жүр ғой деп мүсіркейтін... «Ақбоз атты көргендер бар, болған оқиға, шындық», - деп бізді сендіретін. Өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдары ақ пен қызыл соғысып, алма кезек бірін-бірі қуып жүрген уақыт. Қызыл әскер отрядының аман қалғандары, жаралы жауынгерлерімен аралға келіп тығылады. Жолды білетін адам аралға әкелген. Ақбоз аттың иесі – жаралы жауынгер бұл өмірден өтеді. Жолдастары жауынгерді құрметтеп аралға қояды. Ақбоз ат жауынгердің құлын кезінен бірге өскен, өзі баптап өсірген аты еді. Ақбоз ат та иесіне берілген қасиетті жануар екен.

Отряд біраз күн дем алып, есін жиып алған соң келген жолдарымен қайта кейін шықпақшы болады. Ақбоз ат аралдан иесіз шыққысы келмейді. Ұстатпай, иесінің моласын айнала шаба берген. Отрядтағылар Ақбоз атты жалғыз тастап кетуге қимайды. Ақыры сылап-сипап, өздерімен бірге аралдан жағаға алып шығады. Бірақ, ат жантүршігерлік дауыспен шұрқырап жұлқынғанда байлаған шылбыры үзіліп кетеді. Басы босағасын кейін қарай шауып, шыққан ізімен аралға кіреді. Отрядтағылар екі адамды аралға, Ақбоз аттың жағдайын біліп келуге жібереді.

Барған адамдар Ақбоз аттың тізерлеп, иесінің моласына басын көлденең салып, кісінегенін көреді. Атты атып тастауға қимай, зиратқа дұға қайырып, қайтып кетеді. Сонымен отряд кетіп қалады. Ақбоз ат аралда иесінің қасында қалып қояды. Сол аралда қанша жүргенін ешкім білмейді. Үлкендердің

айтуынша, Ақбоз ат қартайып қайтты. Иесінің жанынан орын тапты [4].

Байторы – сай атауы. Байторы сайы тауының екі түрлі дерегі бар. Кезінде жылқысы көп, бәрінің түсі торыдан болған бай адам, осы сайдың бойында өмір сүрген дейді бір дерек. Торы жылқылардың, ат иесі байдың құрметіне өзенді Байторы сайы деп атап кеткен. Екінші нұсқасында, сол байдың өзін – Байторы деп атаған. Байторы бай осы сайдың жағалауын, өңірін жаз жайлау, қыс қыстау қылып өмір сүрген. Өзенді иемденген, жылқыларын бірыңғай торыдан ұстаған. Жасалуы: сын есім-сын есім (аналитикалық тәсіл арқылы)

Тасбұлақ – сай атауы. Бұл сайда бұлақтан бастау алып, өзен болып аққан су болған екен. Судың суықтығын жердегі тастың суықтығымен теңестіреді екен сол кезде. Сондықтан да Тасбұлақ атанған сияқты. Жасалуы: зат есім+зат есім (аналитикалық тәсіл арқылы).

Егінді – сай атауы. Егінді сай деп аталуының сыры, сол аумақтағы шабындықтың молдығы мен құнарлығында. Жасалуы: Ек етісітігі + (-ін) зат есім тудырушы жұрнақ + (-ді) сын есім тудырушы жұрнақ (синтетикалық тәсіл арқылы).

Маялы – Мырзағұл ауылы түбіндегі өзеннің бойындағы жер атауы. Маялы деп аталуының себебі – жоғарғы жағалауында ауылдағы үкімет малының қысқы азығына жинаған маялы шөптері болған. Сол себептен аталған дейді. Жасалуы: зат есім + сын есім тудырушы жұрнақ (синтетикалық тәсіл арқылы).

Қоспақ – көлшік атауы. Талдысайдың сыртында (400 метр шамасында) Қоспақ деген кішігірім көлшік бар. Екі тостағанды төңкеріп, қатар қойсаңыз көз алдыңызға ортасы сумен қосылып жатқан қоспақты көресіз. Оң жақ бөлігі таяз

– жас балаларға, сол жақ бөлігі үлкен жігіттерге арналғандай деп айтатын. Қосылатын жерінде су асты кішігірім жотасы бар [5, 116-117 б.].

Ақтөбе – төбе атауы. Талдысайдың ескі арнасында төбе бар. Ауыл адамдары етектегі балшығын үй, қора-қопсы, еденді және төбені сылауға алатын. Кейбір кездерде, балшық алғандар адамның сүйектеріне кезігіп жүрген. «Бұл төбе мола емес қой, не себептен төбенің астынан адам сүйектері шығады?» - деп жасы үлкендерден сұраған екен. «Бұл төбе жай төбе емес, атауларына қарасандаршы, Ақтөбе, Ақмола, Қалмақ қырған деп аталады, демек, қазақтың тарихымен байланысты», - деген екен көпті көрген қариялар.

Қазір, неге және қайдан шыққанын білмейміз, көпшіліктің аузындағы «Ақтөбенің» маңында Қанжығалы Барбақ батыр мен оның екі сарбазы бастаған қол қалмақты қырған кезінде өздері мерт болған екен. Сол жойқын, қырғын шайқастан кейінгі мерт болған қазақтар мен қалмақтарды осы Ақтөбеге жерлеген. Теке көлінің айналасын, Талдысай бойын қанжығалылар мекендеген. Аты аталған жойқын шайқастан аман-есен қалғандар Ереймен жаққа жер ауған деген тарихи әңгіме болды ауыл үлкендерінде. Ақиқатын уақыт біледі [4, 120 б.]. Жасалуы: сын есім + зат есім (аналитикалық тәсіл арқылы).

Күзексай – жер атауы. Малдың күзегін (күзгі жүнін қырқып) алатын жер болған. Мырзағұл, Байторы ауылдарының күзем алатын жері. Күзге салым жайлаудан көшіп келіп малдың күзек жүнін қырқып, жылқының жал құйрығын күзеген жер болғандықтан Күзексай деп аталған [6, 19 б.]. Жасалуы: зат есім + зат есім (аналитикалық тәсіл арқылы).

Байқошқар – көл атауы. Сілеті өзені тасығанда осы

көлге құйып, молайтып өтеді. Көл балыққа аса бай, қамыс, қоға, талдар өскен, жаз мал жайылымына қолайлы жер. Ертеде бір бай адамның жаз жайлауы, қыс қыстауы болған деседі, сиыр, жылқылары болса да, қойлары санаулы болған, сол қойлардың арасында жалғыз бір қотыр еркек тоқтысы болыпты, осы тоқты өсіп, үлкен дәу қошқар болып, қойлары көбейген соң осылай Байқошқар – көлі аталған. Жасалуы: сын есім + зат есім (аналитикалық тәсіл арқылы).

Қызыл оба – жер атауы. Шамамен 1720 жылдардың орта кезі болар, жоңғар шапқыншылары қазақ елінің сұлтандары мен байларының өзара келіспеушіліктерін пайдалана отырып, күтпеген жерден қазақ елін шабуылдап, осы өңірдің шырайлы жерлеріне қоныстануды әдетке айналдырған. Қалмақтардың біразы 1750 жылдары қытайлықтар қырғынына ұшырағаннан кейін бас сауғалап қашып, біздің өңірге келіп орналасқан деседі. Қалай болғанда да, олардың бұл жерді уақытша паналағаны, тек соғыста жеңіліп, қашып құтылғаны анық болса керек. Сол жылдары Ертіс өзені бойында орныққан қазақтарды орыс отаршылары да ығыстыра қуа бастайды. Амалсыздан қазақ ауылдары Жалаулы мен Сілеті төңірегіндегі жазғы жайылымға көшейін десе, қалмақтардың басып алғанын аңғарады. Қырға қарай жол жоқ. Жалаулы, Сілеті бойында қалмақтар. Екі оттың ортасында қалған қазақтар амалсыз Сілеті бойындағы қалмақтармен соғысуды ұйғарады. Осы мақсатпен біздің өлкенің бас батыры Түгел батыр Жазы, Қошқарбай, Мойнақ, Естеу басқа да батырлардың басын қосып, қол жинайды. Табанға от, арқаға шоқ басқандай намысты қазақ батырлары: «Жекпе-жек! Жекпе-жек!» деп ұрандатып, қап-қара бұлттай қалмақтардың қоныстарын өңештерін жыртардай қарлығып, булығып, ызаланып қатты

соққыға алып, қызу айқасты бастап кетеді. Ерлік рухын, ашу кегін, жауынгер айбатын, намысты ду-ду қоздыратын жалғыз сөз екі жақтан да суылдаған жебедей борап, өшкен үндерді түү-түү қиянға алып қашып жатқан сәттер сияқты. Көк, ақ бидай, ақ маңдайлы айғырларға мінген өңір батырлары аттарын ойқастатып «Біз мындамыз» дегендей, алға шыға береді. Сол-ақ екен, ұран шақырып қаңқулаған дауыс тіпті құтырынады. Өз ортасынан бөлінген Түгел батырды қыпшақ, керей, карауыл жауынгерлері шығарып салады. Түгел батыр майдан ортасы ашық алаңға жетіп, көк айғырын көк аспанға тік шаншылтып алады да, жау батырын күтіп қалады. Осы сәтте маңдай алдында монғол өндес, қарагер атпен омыраулатып, алып денесімен әлемнің жарты аспанын жасырғандай қалмақтың жас батырына Түгел батыр қарсы жақындап, ұмтыла береді. Қазақ – қалмақ батырлары бір бірден шокпар қағысып өткенде, жігіттің қауқарлығын Түгел батыр бірден сезеді. Екі қолы найзағайдың қуаты соққандай зырқырап кетіп, «Апырау, мынауың не өзі!?» дегендей, Түгел батыр жалт қарап, қарсыласының көзімен көз түйістіреді. Жігіттің тұтасып өскен қара қасы, қонқак мұрны, үлкен бадана көздері, етті қалың ерні – түгел қайтсем де сені жеңем дегендей. Қорғанған қабыры, үрейленген дірілі жоқ. Келесі жекпе-жекті күткендей, Түгелдің астындағы тәсілденіп алған көк айғыр тез айналған сәтте, батыр жаудың шынтақ пен иық тұсынан салып жібереді. Бірақ, анау жігіт оған да мойыр емес. Шокпарын шыр айналдырып, ол да жауының қапысын аңдып, оңтайлы сәт күтеді. Бір-біріне өзара қаншама алма-кезек соққы берсе де, әзірше сыр алдырмай шыдасып жүрген тәрізді. Енді сәл кідіріс болса, мына алып жастың шокпарының астында қалатынын сезгендей, Түгел батыр жауының шокпарын

қағып жіберіп, іле, көз ілеспес сәтте батырдың құлақ-шекесінен салып өтеді. Атынан құлап бара жатқан батыр: «Апырай, ондырмай ұрдың-ау!» деген оймен қанталаған көзі Түгел батыр жаққа түсіп, сөзге келмей жан тәсілім етеді. Осы сәтті қарайлап тұрған Түгел батырдың жауынгер қолдары «Ұр! Жой!» деген қазақ ұрандарына, қалмақтардың «Ұраһ!» деген жан қоздырар қиқулары араласып, айқай-сүренді тағы да аспандатып әкетеді. Ақшам намазына дейін айқасқан екі жақтың тобынан жер қанға боялады. Құтпан намаз уақыты келгенде, қалмақтар қолы қаша ұрыс салып, жылыстап кетеді. Таң атқанымен, күн шыққан жоқ. Көкжиек қызыл-қоңыр шапағын жіп-жіңішке бишіктей ұзарта сыза біраз тұрды да, қап-қалың боп тұтастай түйдек жеткен қара бұлттың астында қалды. Алыстағы жарықтан әлсін-әлсін найзағай ойнайды. Әлгінде ғана таң нұрына бар бояуына бой жазған кең дала қазір бұлт төмендеп, дөңгелек аспанды түгел құрсаулап алғанда сұрықсыз, реңсіз бозғылт түске ауысып, себелей түскен көктемгі суық жауынның ырқына еріксіз көніп, бүрісе қалады. Өзендей ағып қызыл қанға боянған жер мен шөпті жуайыншы дегендей дүрілдетіп нөсер құяды. Майлықтарынан су өтіп, тоңазыған тұла бойларына мән бермеген жауынгерлер, ат үстінен аунай түсіп, сыз жерді құшақтай құласады да, көздеріне жас алып, қайта аттарына отырады. Ес білгеннен жылағандары осы. Бүрісіп, бүктеліп өксиді. Бір жаңбыр, бір жас аққан беттерінде құрғақ жер жоқ. «Жау, жауа түс! Жаудың найзасынан өлгенше, өз ажалымнан ұшып өлейін. Менің кегім боп, ашуым боп долдан, жауын! Менің ызам боп, намыс-налам боп бұрқан өзенім! Шула, аңыра да, еңіре, жел! Мен айта алмаған, азалай алмаған көп мұңлықтың жоқтауын сендер айтыңдар. Мүмкін сенің маған емес, ана жыртқыш жауларға атқан жасылың ба екен! Ат онда! Мені ұшады екен деме. Қатулана түс, қатая түс, дауыл! Көрсін, қазақ жерінің дауылы да қаһарлы күш екенін білсін!» деген оймен еңсесі түскен Естек батыр да

елінің амандығын осылай аңсаған сияқты. Найзалардың қыл құйрығы желкілдеп, шоқпарлары салбырап, ат бүйіріне тиіп, енді бірде ұршықтай ойнатқан жауынгерлер, қамшыларының сабын ерге тіреп, сүйеніп демеу қылады. Бірақ, неше түрлі шытырман ойларға шомылса да, жандарын өлкесі үшін азапқа салған жауынгерлер сонау ықылым заманнан бері «жау», «дос» аталып келген екі ұғым арпалысып, жүректері сыздап келеді. Жас өздігінен ағатындай, қан өздігінен төгілетіндей адам несібесі онсыз кемитіндей ойлары да бір-бірімен таласуда. Әлсіз – мықтының жемі. Ұшқан құс, жүгірген аң тіршілік үшін таласады. Кеудедегі шыбын жан пыр етіп ұшып кеткенше, ат үстінде тебінгіні терге шірітіп, көк найза, ақ алмасты ойнатып өткен бабаларымыз елін, жерін осылай сақтай білді [2, 42-43-б.].

Бүгінгі күні Қулықөл маңындағы «Қызыл оба» деп аталатын жер атауы сол қанды шайқасты аңғартса керек. Жасалуы: сын есім + зат есім (аналитикалық тәсіл арқылы).

Аудандағы топонимдер ерекшелігін қарастыруды тоқтатпау, ұрпақтан-ұрпаққа зерделеп жеткізу - әрбір адамның туған жер, еліне деген сүйіспеншілігі мол азаматтың міндеті.

Әдебиет:

1. Топоним және оның жіктелуі // География және табиғат. 2010. – 11 қазан. №6 саны.

2. Байрақты бай өлкем. – Қызылжар: Әрекет, 2008. – 298 бет.

3. Теке батыр // Кішкенекекөл таңы. 2015. – 2 шілде. №22 саны.

4. Ауылды аңсау немесе Ақбозат // Ереймен елі. 2008. – 17 мамыр. №10 саны.

5. Бекпаев Е. Бедерлі белес. – Астана: Профи Медиа, 2012. – 448 бет.

6. Бекпаев Е. Елді, жерді сүю-мақтаныш. – Астана: Fast print, 2014. – 47 бет.

Г.ТАШТЕКОВА,
Балқұдық жалпы орта мектебі.
Атырау облысы,
Құрманғазы ауданы,
Балқұдық ауылы

ӘДЕБИЕТ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Әдебиет - әр халықтың рухани мұражайы, ұлттық баға жетпес құндылықтарының бірі. Әдебиет пәні адамға рухани азық, психологиялық демеу беріп, адамның шығармашылық қабілетін арттырады. Ол адамның мәдениетті жеке тұлға ретінде қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Қай халық болмасын, өз елінің әдебиетін қастерлеп, құрмет тұтып, оны одан әрі дамытуға тырысқан. Қазақ халқының әдебиетке қосқан үлесі бар. Ұлы тұлғаларымыздың талай көрнекті туындылары шет тілдеріне аударылып, әлемдік әдебиеттің төрінде жүр. Әр пән өмір, болмыс сырын өзінше, тек өзіне ғана тән қасиет - ерекшелігін танытуымен маңызды. Орта мектепте оқытылатын әдебиет сабағының алатын орны ерекше.

«Әдебиет – тек асыл мұратпен, таза ар-намыспен кіруге болатын зәулім сарай», - деген ұлылар сөзі бар. Жалпы адамзаттың, әрбір жеке халықтың өмірлік тәжірибесі арқылы айқындалған қымбат құндылықтар, биік адамгершілік, азаматтық, кісілік, Абай әспеттеген толық адамдық қасиеттердің сырын ашып, бағасын беретін, рухани асқарға жетелейтін асыл мұра - әдебиет. Әдебиет адам болмысына, оның жан-дүниесінің қалыптасуына әсер ететін күдіретті күшке ие болғандықтан, оның жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру ісіндегі орны ерекше. Өйткені, ұлттың жаны - тіл, рухы - әдебиет. Әдебиет жасөспірімдерге әдебиеттануға, сөз маржандарының қыр-сырын игеруге жөн сілтеу ғана беріп қоймайды, ең бастысы, өмірдің ең қымбаттысы, асылы жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себеді. Әдебиет пәнінің әр

сабағын адам бойындағы асқақ арман, әдемі сенім, әсемдік пен сұлулыққа құштарлық тәрізді мөлдір сезімдер мен кісілік қасиеттер туралы сырласу сабағы десек те болады. Бұл пән арқылы оқушылардың рухани дүниесі байиды, туған тілін сүюден адамзатты құрметтеуге дейінгі сезімдері қалыптасады. Жасөспірімдер алдында еліміздің тарихы, оның ғасырлар қойнауында қалған сөз сандығы ашылады. Басты мақсат – оқушыларды сөз өнерінің қыр-сырымен таныстыру, халық даналығы, халық өсиеттерінен нәр алғызу, кітапқа деген ынтасын ояту, халықтың рухани байлығы - әдебиетін жан-жақты игеру, сол арқылы имандылыққа, инабаттылыққа, парасаттылыққа, сұлулыққа тәрбиелеу. Қазақ әдебиеті - әлемдегі аса бай, көркемдік деңгейі өте жоғары, мазмұны терең әдебиеттердің бірі. Бүгінгі Ш.Мұртаза, Ф.Оңғарсынова, кешегі М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, одан әріде А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов түрлеген сөздің түп-төркіні сонау Күлтегіннің жазбаларынан бастау алып, орта ғасыр ойшылдарының еңбектерімен сабақтасып жатыр. Әлемдік әдебиетке қол созған Шоқан, Ыбырай мұрасы, данышпан Абайдың ұлтына қалдырған ұлағатты сөзі рухани асыл мұра. Ғұламалар: «Әдебиет-халықтың санасы, оның рухани өмірінің бояуы мен жемісі», - деп бағалаған. Ұстаздың басты міндеті - баланың рухани әлемін қалыптастыру, адамгершілікке, ізгілікке, имандылыққа тәрбиелеу, ең бастысы, адам ретінде баулу. Басқа пәндерге қарағанда сезім, эмоция, әсер, шабыттану, қиялдау, армандау, еліктеу, әр түрлі психологиялық рең ерекше көрінеді.

Әдебиет пәнінің негізі-көркем шығарма. Көркем туындыда адамзаттың асыл арманы, ұшқыр қиялы, ел басынан өткерген қилы-қилы оқиғалар, сол жолдағы күрес-тартыстары, өмір белестері, ерлік, елдік дәстүрлері, халықтың тұрмыс-салты, ырым-жоралғылары, психологиясы, кең дала табиғаты бейнеленеді. Оқушы көркем әдебиеттен әрқайсысы өзіндік қайталанбас ұғым-наныммен, қуаныш-қызығымен, ерлік-ездігімен, жақсылық-жауыздығымен, сұмдық-қулығымен,

ақ ниет, адал пейілімен көрінген тағдырлармен танысады. Міне, әдебиет пәнінің тәрбиелік қуаты осында жатыр. Әдебиет пәні - эстетикалық пән. Ол оқушы бойында биік эстетикалық талғамды дамытады, өнер туындысындағы, табиғаттағы, адамдар қарым-қатынасындағы жарасымдылық пен әсемдікті тани да ұға білуге, дұрыс бағалауға, терең пайымдауға үйретеді. Сонымен бірге, әдебиет - өмір танудың ерекше құралы, көркем әдебиетке деген ынта-ықыласын оята отырып, оқырмандық мәдениетті қалыптастырып дамытады. Әдебиет - көркем образдар арқылы танылған әсемдік өмір сабағы, өнер сабағы, адамгершілік сабағы. Әдебиет сабағы арқылы адамның жан-дүниесі байып, асқақ армандарға жеткендей болады. Мұғалім әр оқушының жүрегіне, сезіміне әсер ете білуі керек. Міне, әдебиеттің ерекшелігі осында жатыр. Мұғалім әр сабағын саналы, сапалы меңгертуі тиіс. Оқушы сабаққа тек тыңдаушы ғана емес, еңбектенуші, өз ойын жеткізе білуші, өз бетімен білім алушы ретінде қатысып отыруы керек. Мұндай жағдай, әсіресе, көркем шығарманы оқытуда өте пайдалы. Көркем шығармада қилы-қилы замандар, адамдар басынан кешірген оқиғалар, кешегі мен бүгінгі өмірі суреттеледі. Көркем шығарманы талдауда сол шығарманың идеясына, мазмұнына, көркемдік ерекшелігіне, жазылу стиліне байланысты дауыс сазын құбылта отырып оқылып талданса, онда шығарма терең тұрғыдан меңгерілген болып есептеледі. Әдебиет сабағында көркем шығарманы өту кезінде оған жоспар құру керек. Жоспар құруда оқушылар өздеріне көркем шығарманың тақырыбын, мазмұнын, идеялық-көркемдік жақтарын ұғуға, оқиға желісін түсінуге жағдай жасайды. Абай Құнанбаев. «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңіне композициялық жоспар мынадай бо-
лмақ:

- 1.Өлеңнің экспозициясы: Аңшылық туралы.
- 2.Оқиғаның басталуы: Аңшының түлкінің ізін бағуы.
- 3.Оқиғаның байланысы: Қыранның түлкіні көргенде

аспандап ұшуы.

4.Оқиғаның дамуы: Түлкінің айласы, әрекеті.

5.Оқиғаның шарықтау шегі: Қыран мен түлкінің айқасы.

6.Оқиғаның шешілуі: Қыранның жеңісі.

7.Оқиғаның соңы: Аңшының көңіл-күйі.

Осылайша жоспар құру арқылы оқушы өз ойын еркін айта алады, талдай да алады, шығарма жазуға да үйренеді. Оқыту үрдісінде қазақ әдебиетін ұлттық құндылық ретінде таныта білу – мұғалімнің шеберлігі. Ұлттық құндылық дегеніміз – тұтас бір жүйе. Оған халықтың көркем мәдениеті немесе халық өнері, сондай-ақ халықтың әлеуметтік және мәдени қауымдастық ретінде пайда болуымен бірге туындаған әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, жол-жоралғылар, ұғым-түсініктер, дағды, көзқарастар жатады.

«Халықтан асқан ұлы ұстаз жоқ» дейтін болсақ, халық ауыз әдебиетіндегі мол мұралар балалардың рухани азығын жетілдіретін негізгі нәр болмақ. Халықтың асыл қазынасымен астасып жататын шешендік сөздер ойымызды дәлелдей түспек. Мысалы, «Жиренше шешеннің айтқандарындағы» шешендік сөздерді алайық.

- Бұл дүниеде кім жетім? – деген сұрақ қойыпты хан Жиреншеге.

- Ата қонысынан ауған ел жетім, серіксіз ер жетім, жаңбырсыз жер жетім, - деп жауап қайтарыпты Жиренше. Ғасырлар бойы халық тұрмысымен бірге қайнасып, ұлттық дәстүрді бойына сіңірген мақал-мәтелдер, халық өлеңдері, ертегілер, аңыз-әңгімелер, айтыстар өз Отанын шексіз сүйетін білімді, іскер, адамгершілігі мол, парасатты, мәдениетті, жан-жақты жетілген ұрпақ дайындауға негіз бола алады.

Әдебиет пәнін тиімді оқыту үшін белгілі мақсаттарды көздеп оқытсақ, төмендегідей нәтижеге жетеріміз сөзсіз:

- 1.Әдеби білім беруді саралауды жүзеге асыру;

2. Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын, сюжет пен композицияның шығармадағы мәнін айқындау.

3. Көркем шығармадағы кейіпкер тағдырына ортақтастыра білу;

4. Оқушылардың шығармашылық ізденісін дамытып отыру;

5. Оқушылардың көркем ойлау қабілетін арттыруға ықпал жасау;

6. Мұғалім мен оқушы арасында шығармашылық ынтымақтастық іс-әрекеттердің қалыптасуына кең жол ашу.

Лирикалық шығармаларды өткенде олардың ішкі жан сырларына тереңдеу керек. Өмір ақиқатының бейнеленуіне, ақын жүрегінің соғуына, оның жан лүпіліне шәкірт назарын аударту ұтымды. Шәкірт ақынмен бірге толғанып, бірге қайғырып, бірге кектенсе, сонда ғана шығарма терең меңгерілмек. Лирикалық шығармаларды оқытуда мына мәселелерге көңіл бөлу керек: а) лирика туралы әдеби-теориялық бастапқы ұғым беру, оны біріншіден, тереңдете беру, яғни сабақтың алғашқы кіріспесінде лирикалық шығармалар, олардың өздеріне тән негізгі қасиеттері туралы сөз ету; ә) өлеңді үйде алдын-ала оқып танысуға беру; б)

мұғалім өлеңнің поэтикалық көркем тіліне, құрылымына міндетті түрде назар аударуы, өзі талдамас бұрын оқушылармен жұмыс жүргізуі тиіс. Яғни олардан өздеріне ұнаған шумақтар, *әдемі*, *сұлу* деген бейнелі сөздер, ұтымды, шебер шыққан сөз тіркестерін сұрап білудің маңызы зор. Себебі лириканы оқытудың басты мақсаттарының бірі – оқушыларды поэзияны сүйуге баулу, оның кестелі тілін сезіне білуге, эстетикалық ләззат ала білуге, әдемі, көркем сөйлей білуге, ұлттық құндылықтың асыл қазына екенін терең сезінуге баулу болып табылады; в) өлеңді әуенмен, сазымен мәнерлеп оқуға, жатқа оқуға ерекше көңіл бөлу; г) өлеңдегі ақынның көңіл-күйін бағдарлату,

оқушылардың өз сезімі, өлеңнің әсеріне де назар аударту.

Әдебиетті оқыту көркем шығарманы оқытудан басталады.

Балаға көркем туындыны оқытпай әдебиеттен білім беру мүмкін нәрсе емес. Көркем туындыны жай оқып шығу емес, одан алған әсері, туынды оқушы жүрегіне, сезіміне әсер етті ме, соны білу – мұғалім үшін маңызды мәселе. Әр мұғалім шәкірті көркем туындыны оқыды ма, оқыса, одан қандай әсер алды, соны біліп отырғаны жөн. Ол үшін мынандай жұмыстар жүргізуге болады. Бақылау ретінде ауызша, жазбаша сұрақтар арқылы тексеру.

1. Өзіне ұнаған бір эпизодты қысқаша баяндату не қысқаша тезис жасау.

2. Негізгі кейіпкерлерді жинақтау. Бір кейіпкердің іс-әрекетін баяндап беру.

3. Көркем шығармадағы ұлттық құндылықты табу.

4. Жазбаша викторина жүргізу. Мұғалім ең негізгі деген жерлерден үзінді жазып, «Ол қай оқиғадан алынды, кімнің сөзі, қайда айтылған сөз, тәрбиелік мәнін ашып көрсет ?» деген сияқты сұрақтар қойып, жауап алады.

5. Сынақ үлгісіндегі ауызша сұрақ-жауап арқылы тексеру.

6. Бүкіл сыныпқа ортақ тапсырма: көркем туындыдан алған әсерін қысқаша баяндап беру.

Әдебиетті ұлттық құндылық ретінде оқыта білу барысында мұғалім әр шығарманың өзіндік ерекшелігін саралай отырып, оқушылардың көркем туындыға байланысты әсерлерін толықтыруына, көркем сөз құдіретін түсіне білуге, әр шығарма негізінде үлкен ой, үлкен мәселе жататынын аңғара білуге баулиды.

Әдебиеттер:

1. А. Көшімбаев. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. - А. Мектеп 1969

2. Қ. Бітібаева. Әдебиетті оқыту әдістемесі. А. Рауан. 1997.

3. Е. Жұматаева. Әдебиетті оқытудың кейбір мәселелері. 1999.

4. Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары (Мұғалімге арналған көмекші құрал). - А., 1990ж.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ

Дидактика саласындағы маңызды мәселелердің бірі – білім беруде ойын технологиясын пайдалану болып отыр. Адамзат ойынның білімдік құндылығын ертеден дәлелдеді. Оған балалық кезеңдегі ақыл-ойды дамыту ойындарынан бастап, мәдениетке, бизнеске және басқарудың барлық салаларына мамандар даярлауға байланысты бағдарламаларды игеру барысындағы ойындар жатады. Адамның ойын әрекеті негізгі үш түрлі даму деңгейлерінен тұрады: кәсіптік ойындар, әуестену ойындары, оқу-жаттығу ойындары. Ойын оқыту үрдісінде оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория бола алады. Оқытудың ойын формасын қолдануда екі жақты дидактика байқалады: біріншіден, ойнау үшін білу, үйренудің қажеттілігі, екіншіден, адамның ойнай отырып өзіндік білім алуы, өмір тәжірибесін жинақтаудың қажеттілігі. «Баланың ынтасын тарту үшін оқылатын нәрседі бір жаңалық болу керек», - деп жазады Ж.Аймауытов. Дидактикалық материалдағы ойындар оқушылардың меңгеруіне қиындық келтірген жағдайда мұғалім өз шығармашылығын пайдаланып, әр алуан ойындарды құрастырады. Оқу орыс тілінде жүретін мектепте қазақ тілі сабағында ойынды тиімді қолдану

оқушылардың сол тілде сөйлеуге жаттығуына мол мүмкіндік береді. Дайындық барысында мұғалім сабақта ойын элементін қолдану үшін мына мәселелерді ескеруі тиіс.

Ойынның мақсаты. Оқушылар сабақта қандай іскерлік пен дағдыны игереді, ойынның қандай тәрбиелік мақсаты көзделеді?

1. Ойынға қатысушылар саны.
2. Ойында қолданылатын материалдар, әдебиеттер.
3. Уақытты үнемдей отырып, ойын шартын қалай түсіндіруге болады?
4. Ойын қанша уақытқа созылады? Бұл ойын әсерлі, қызықты бола ма?
5. Оқушылардың ойынға қатысу белсенділігін қалай бақылауға болады?
6. Ойын бұрын өткен сабақта қолданылған ба? Қандай жағдайда қолданылған?
7. Ойын қорытындысын хабарлау.

Сабақта орынды қолданылған ойын элементтері оқушылардың ынтасын арттырып, білім дағдыларын игеріп, іскерліктерін шыңдауға өз септігін тигізеді. Ойын барысында қолданылатын дидактикалық материалдар оқушыларға ыңғайлы, түсінікті болса, ойын жақсы нәтиже береді.

Оқыту мақсатына қарай тілдік ойындар: лексикалық-фонетикалық, грамматикалық болып бөлінеді. Тілдік ойындардың бұлай бөлінуі шартты түрде ғана, себебі фонетикасыз, фонетиканы лексикасыз, лексиканы грамматикасыз қарастыру, меңгерту мүмкін емес.

Лексикалық-фонетикалық жаттығулардың негізгі мақсаты – оқушының сөзді дұрыс айтуын, дұрыс сөйлеуін қадағалау,

интонацияны дұрыс қалыптастыру. Бұл ойын сабақтың алдыңғы сатысында көп қолданылады. Сабақтың кейінгі сатысында оқушылардың меңгерген лексикалық материалын тәжірибеде қолдану, сөздерді бір-бірімен байланыстырып сөйлем құрау, оқушыны өз ойын жүйелі түрде жеткізуге машықтандыру үшін грамматикалық ойындар қолданылады.

Қазақ тілінің ерекше дыбыстарының анық айтылуын оқушыларға меңгерту үшін, мұғалім ойын үстінде тілдің орфоэпиялық, орфографиялық ережелерін де есепке алу керек. Мысалы, орфографиялық лотоны қолдану арқылы ілгерінді, кейінді ықпал заңын, ерекше дыбыстардың айтылуын оқушылардың берік меңгеруіне ықпал жасайды, оларды шығармашылық ізденіспен жұмыс істеуге үйретеді. Орфографиялық лото үлгісі: бүг..н, жұм..с, кіта..ы, тара..ы.

«Бұл қалай өзгерген?» ойыны қазақ тілінің ерекше дыбыстарының айтылуын және әріп түрінде жазылуын оқушыларға меңгерту үшін жүргізіледі. Ойын барысында сөз ішіндегі әріптердің дұрыс жазылуына, бір әріптің өзгеруінен сөздің басқа мағынаға ауысып кететіндігіне оқушылардың назарын аударуға болады. Қазақ тіліне тән дыбыстарды айтуға тілі келмейтін оқушылармен жұмыс жасағанда, халық ойындары жаңылтпаш, санамақтарды ұтымды пайдалануға болады. Алдымен олардың жеңіл түрін, кейін біртіндеп күрделендіріп берген өте тиімді.

«Топтай біл» ойынын алатын болсақ, бұл оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, заттарды белгілі бір тақырып бойынша топтастыруға дағдыландырады. Ойынға қатысушы оқушылар үшін қандай заттарды топтай білу керектігін көрсететін кесте және оған қажетті заттардың аттары

жазылған жеке сөздік карточкалары жасалады. Мысалы: «Үй жануарлары мен жабайы аңдар» тақырыбы бойынша

1-қалта: Үй жануарларын сатып аламыз.

(жылқы, сиыр, түйе, қой, ешкі)

2-қалта: Жабайы аңдарды сатып аламыз.

(жолбарыс, арыстан, барыс, қасқыр, түлкі, аю, қоян)

Екі кесте тақтаға ілінеді, ал оқушылар қолдарындағы жауап карточкаларын қажетті қалтаға орналастырады.

«Үнсіз қимыл» ойыны.

1 оқушы әр түрлі қимылдар көрсетеді сөздерді басқа оқушылар айтып отырады.

Мысалы: *отырды, тұрды, жүрді, тақтаны сұртті, қолын көтерді.*

«Ұшты-ұшты» ойыны.

Ұшты, ұшты, үкі ұшты (қол көтеріледі)

Ұшты, ұшты, түлкі ұшты (көтерілмейді)

Әр түрлі зерттеулердің нәтижелеріне сүйене отырып, бала тілінің дамуында сөйлеу қабілетін жетілдіріп, дүниетанымын кеңейтуде сөздік ойындардың атқарар рөлі ерекше екені дәлелденді. Сондықтан барлық сабақтарда сөздік ойындарын қолдануға болады. Сондай ойынның бірі – **«Керекті сөзді тауып айт»**. Басқарушы *көкөніс, жеміс, оқу құралдары, ойыншықтар*, т.б. сөздерді атаса, оқушылар сол топқа жататын заттарды атауы керек.

Сөздік ойын.

1. оценка – баға степь – туча – бұлт смех - күлкі
берег – город - нация - лиса -

2. Белгілі бір сөзден бірнеше сөз құрастыру. Мысалы: «камсыздандырылмағандықтан» - тамақ, нан, қант, сан, тас,

мақта, сағат, қас, қаз, лақ, ырыс..., т.б.

«Тізбек» ойыны.

Берілген сын есімнің соңғы дыбысынан басталатын басқа сын есімді тауып айту тапсырылады: таза – ақылды -

«Сын есім мен зат есім» ойыны.

Берілген сын есімге лайықты зат есім тіркеп айту керек. Бірінші бала тек сын есімдерді атайды: **өнімді, атақты, сымбатты**, т.б. Екінші бала оған лайықты зат есім тіркестіріп, тез-тез айтуы керек. Келесі екі бала берілген зат есім алдына сын есім тіркеп, кезектесіп айтып шығады. Мысалы: **тамақ – дәмді тамақ, анам - мейірімді анам.**

Қазақ тілі сабағына ойын элементтерін кіргізудің маңызы ерекше. Ол оқушының шығармашылық қабілетін, белсенділігін арттырады, қазақ тіліне деген қызығушылығын дамытады, білімін молайтуға әсер етеді. Мүмкіндігінше бастауыш сыныптарда ойын, сөзжұмбақ түрлерін қолданып, салт-дәстүр элементтерін кіргізуге тырысу керек. Ойын түрлерін қолдану – сабақты түрлендіру деген сөз.

Сабақ барысында алған білімдерін оқушылардың тәжірибеде қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін грамматикалық ойындардың орны ерекше. Сабақта тиімді қолданылған ойын оқушылардың грамматиканы толық меңгеріп, жазу тілін дамытуларына мол мүмкіндік береді. Оқушыларды өз беттерімен жұмыс істей білуге дағдыландырады. Сабақты «Сөйлеу минуты» ойынымен аяқтауға болады. Ойын сұрақ-жауап түрінде өтеді:

-Кеше қайда болдың?

-Теледидардан қандай кино көрдің?

-Кино не туралы?

Ойынның мақсаты – балаларға үйде не істегенін ауызша диалог түрінде айтқызып, әңгімелеп беруге үйрету.

Тренинг

Г.ТЕМІРҒАЛИЕВА,
К.Мендалиев атындағы орта жалпы
білім беретін мектеп.
Батыс Қазақстан облысы,
Казталов ауданы

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ОРТАҚ ҚАЗЫНА

Мақсаты: Топтық жұмыс арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту, бақылау мен тәжірибені ойлау мен талқылаудың нәтижесінде қорытынды жасауға үйрету. Топтық жұмысты ұйымдастыру арқылы ынтымақтаса жұмыс істеу ережесін құру. Мәселелерді бірлесіп шешуге, пікір алмасуға және қорғауға үйрету.

Тілдің қоғамдағы рөлі мен қызметі, жаһандану дәуірінде алған білімдерін өз қажетіне жарата алу дағдысын қалыптастыру, тілді құрметтеуге баулу.

Күтілетін нәтижесі:

- Жаңа әдіс - тәсілдерді сабақта қолдануға мүмкіндік алады.
- Мұғалімдер жаңа ойларымен алмасады.
- Белгілі бірлескен зерттеу топтары қалыптасады.
- Түйінді пікір: Жаңаша әдіс-тәсілдерді пайдаланудың тиімділігін меңгереді.

Әдіс-тәсілдері: «Ойлан. Бірік. Бөліс», «Сиқырлы қобдиша», «ПОПС».

Уақыты	Сабақтың кезеңдері	Бірінші деңгей мұғалімінің іс-әрекеті	Мұғалімдердің іс-әрекеттері	Қолданылатын ресурстар
3 мин.	Кіріспе Қызығушылықты ояту.	Психологиялық ахуал тудыру, топтастыру. «Туған тіл» тақырыбындағы сөздер бойынша топқа бөледі. Тіл туралы фразеологиялық тіркестердің мағынасын түсіндіру <i>Тілге жүзірік, тіл мен жағына сүйену, тілімнің ұшында тұр, тілін тістеп қалды, тіліңді тарт, тілім тасқа, тіл тию, тіл қатпау, тілі шығу.</i>	Тақырыпқа қатысты сөздер бойынша «Тіл- құдірет» тақырыбы I топ, ал «Тіл –байлық» тақырыбына қатысты сөздер II топ, «Тіл- өнер» III топ болады.	Қағаз қиындылары.

		Ішінде мақал-мәтелдер жазылған конверт таратады. Тіл – адам ойының айнасы. Халық тілі – қайнар бұлақ. Таза сөйлеу – биік мәдениеттілік. Тіл – халықтың жаны, сөні. Адамды мұратқа жеткізетін ана тілі мен ата дәстүрі. Елбасымыз Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үшін үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық тіл, ағылшын тілі – Жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі», - делінген. Тек қазақ жұрты ғана емес, барша қазақстандықтар осы үш тілді өзара ұштастырып, өз орнымен қолдана білулері қажет.	Мұғалімдер конверт ішіндегі сөздерден мақал құрастырады. Мағынасын ашады.	Түрлі-түсті қағаз, конверттер
10 мин.	Негізгі бөлім	Бейнебаян. Үш тіл білу – сәтті өмірге жолдама. «Ойлан, Бірік, Бөліс» әдісі арқылы мәтінін талқылау. Берілген мәтін бойынша өз ойларын, пікірін барынша көп жазды (Ойлан). Одан кейін өз ойларын әріптестерімен біріктіреді (Бірік) және соңында бүкіл ойларын талқылауды бастайды (Бөліс) «Үш тілді меңгеру – жарқын болашақтың кепілі» Үш тілді білім беруді жүзеге асыру шарттары.	Алдымен өз ойларын жеке жазды, одан кейін әріптесімен бөліседі соңында талқылап, ортақ бір пікірге келеді. Мәтін мазмұны тыңдалып, сыни ойлау арқылы ой жасалады, белгілі бір қортындыға келеді. Көбірек мағұлмат, пікір, түсінік, дәлелдер жиналуына мүмкіншілік береді	слайд
10 мин.		1. Мемлекеттік тілдің қазіргі таңдағы жағдайы қандай? 2. Мемлекеттік тілдің дамуын тежеп тұрған не? 3. Жаһанданудағы тілдің көрінісі, орны қандай болуы керек?	Әр сұрақтан кейін мұғалімдердің жауаптары, пікірлері тыңдалады.	
10 мин.	Сергіту сәті	«Түсін мені» I топқа: сағат, торт, автобус, сым, байпақ, есік, камшы, көрші, бүркіт, ту, парта, қайшы, көз. II топқа: талқан, ермексаз, шыбын, арба, құмырсқа, жол, сандық, ақша, шөп, су, ағаш, нан, жылқы. III топқа: көлеңке, сорпа, адам, гүл, бауырсақ, жылан, жапырақ, ұн, найзағай, тіл, тышқан, компьютер.	Топтан біреу шығып, берілген сөздерді айтпай, басқа сөздер арқылы түсіндіреді. Топ мүшелері жасырынған сөзді табады.	
3 мин.		Ассоциация тұғызу: ТІЛ (бай, көркем, құнарлы, ырғақты, мұра, парыз, ана тілі, мемлекеттік тіл, ата-баба, қорғау, құрметтеу, жағдай тұғызу, сақтау)		А4 парақшалары, флипчарт

3 мин. 5 мин.	Қорытынды	Өзара бағалау жетістік, кемшіліктеріне қарай жиынтық бағаны шығару, номинация беру, мадақтау, жүлде беру. Мұғалім сөзі: Жаһандану заманында ел арасын жақындастыратын, жүздескенде ізгі ниетті, жақсы ілтипатты жеткізетін тілдің орны бөлек. Көп тіл білген елдің көсегесі көгереді. Бұл – құлтарлық іс. Өз ұлтының, халқының, мемлекетінің тілін жетік біле отырып, өркениет көшінің алдыңғы сапында келе жатқан халықтың тілін де білу – заман талабы. Олай болса, заман көшінен кеш қалмайық! Нұсқау: Құрметті әріптестер, сабағымызды «Сықырлы қобдиша» жаттығуы арқылы бекітсек. Қатысушылар барлығымыз шеңбер құра тұрамыз. Ортада сықырлы қобдиша бар. Жаттығу шарты: Қобдишадан әр қатысушы кезекпен бір сыйлықты таңдап алып, ішінде жазылған сөзді лайықты деп санаған адамға сыйлайды. Сыйлықтар үлестірілгеннен кейін, шеңбер бойынша өзінің сыйлығын айтады, бұның бірлесіп жұмыс атқаруға нәліктен қажет екендігіне түсінік береді. (ол сыйлық қасиеттер мыналар: жауапкершілік, ізденімпаздық, креативтілік, еңбекқорлық) Нұсқау: Кері байланыс «ПОПС» әдісі бойынша жүргізіледі. Алдарыңыздағы парақшалардағы мына сөз тіркестерін толтырыңыздар. 1. Менің ойымша _____ 2. Мен мұны былай дәлелдеймін _____ 3. Мен бұған мынандай мысалдар келтіремін _____ 4. Мен мынандай қорытынды шешімге келдім _____ Өлең тыңдау.	Әр топ төрағасы қарсы топ пен өздерінің жетістіктері мен ұсыныстарын айтып формативті түрде баға береді. Мұғалімдер өзара бағалайды, қорытынды баға бірлесіп қойылды. Сабак соңында мұғалімдер табысына «Аукцион» өткізеді. Женімпаздар 5 номинация бойынша 1. «Ең дарынды» 2. «Ең білімді» 3. «Ең ақылды» 4. «Ең сауатты» 5. «Ең тапқыр» деп бағаланып, марапатталады. Шеңбер құрады, кеспе-қағаздар бойынша жұмыс істейді, түсініктеме жасайды.	Кеспе қағаздар А4 парақшалары
	Кері байланыс			

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» ПӘНІНЕН 6-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ДӘПТЕРІ

Қазіргі жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлекті, тұтастықты сақтау, ұлттық сананың сарқылмауы, тіл мен ділдің баянды болуы үшін әдебиеттің алар орны ерекше. Әдебиетті оқытудың өзекті мәселелерінің бірі – оқушылардың көркем шығарманы оқуға деген қызығушылығын ояту, тақырыптың идеялық мазмұнын терең ұғыну, шығармадағы көркем тілдің құдіретін түсіну.

Әдебиет пәні оқушыны өнер туындысын тануға үйретеді, оны ой көзімен пайымдау үшін қажетті біліммен қаруландырып, дағды қалыптастырады.

Бұл орайда шығарманы оқумен шектелмей, оны түсіне қабылдап, көркемдік деңгейін, сөз мәнін аңғара білуі тиіс. Алдымен оқушыда әдеби-теориялық білім болуы керек. Осы түсініктерді қалыптастыруда сатылай кешенді талдау әдісі тиімді нәтиже береді. Жұмыс дәптерінде берілген сюжетті шығармаларды талдау, көркемдегіш құралдарды пысықтау, өлең құрылысына талдау тапсырмалары осы мәселені шешуді көздейді.

6-сынып бағдарламасына сәйкес жасалған жұмыс дәптері оқушының шығармашылық, өз бетінше ізденушілік бағыттағы іс-әрекетін бағалауға арналған әр түрлі жаттығулар мен тапсырмалар қамтылып, өз пікірлерін әдеби тіл нормасына сәйкес дұрыс, көркем әсерлі жеткізе білу қабілеттерін

дамыту талаптары ескеріліп жасалды. Сонымен қатар оқушының өздік шығармашылық тұрғыда жұмыс жасауына мүмкіндік беретін және мәтінді талдауға бағытталатын қосалқы тапсырмалар енгізіліп, дәптерде көрнекіліктерді (сызбалар, кестелер, талдау үлгілері) қамту ескерілді.

Жұмыс дәптері оқушының қолындағы басты құрал болғандықтан, олардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес келуіне де көңіл бөлінді. Бұл жұмыс дәптерінің оқушыларға берер пайдасы аса зор.

Түсінік хат

Қазіргі таңда мемлекеттік тілде еркін сөйлей алатын, өз пікірін айтып жеткізе білетін, мемлекеттің тарихын, салт-дәстүрін, этномәдениетін, әдебиетін тани білетін саналы, білімді тұлғаны даярлауды қажет етіп отыр. Қазақ әдебиеті пәні бағдарламасында: «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінің міндеттері әдеби көркем туынды арқылы оқушының ұлттық танымын қалыптастырып, шығармашылық идеялық -тақырыптық мәнін меңгерту, әдеби-теориялық білімдерін тереңдетіп, көркем шығармаларды оқу мен талдау дағдыларын меңгерту, ауызша және жазбаша түрде сөздік қор мен сөз байлығын сауатты пайдалануға баулу» деп көрсетілген. Оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруда, ойлау, қабылдау, түйсіну әрекеттерін дамытып жетілдіруде жеке тапсырмалар беріп, өздігінен жұмыс істеуге баулудың маңызы ерекше. Өзіндік тапсырмаларды орындау

нәтижесінде оқушылар өздігінен бақылауды үйренеді, тапсырылған істі орындаудағы жауапкершілік сезім, еңбексүйгіштік, ұйымшылдық, бір-біріне жолдастық қарым-қатынас қалыптасады. Сабақ барысында оқушылардың көркем мәтінді талдап оқуы үшін белгілі бір көмекке әр түрлі сызба, кестелерді таблицаларды пайдалану оңды нәтиже берері сөзсіз. Бұл жұмыс дәптері 6-сыныптың «Әдебиеті» (К.Ісләмжанұлы, Б.Әрінова, Р.Баттал, Е.Арын, Алматы, «Атамұра») оқулығына негізделіп дайындалды. Дәптерде оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға және игерген білімдерін бекітуге арналған жұмыс түрлері мен тапсырмалар берілген. Сызба, кестелер педагогикалық технологиялар әдіс-тәсіліне сүйене отырып жасалған. Жұмыс дәптері тапсырмалары сабақты түсіндіру, пысықтау барысында және үйге тапсырма ретінде беріледі. Жұмыс дәптерінде алынған тапсырмалар оқушылардың өз бетінше шығармашылықпен жұмыс жасауын ұйымдастыруға көмектеседі.

Мақсаты:

-Оқушылардың білімдерін жинақтай отырып, сөйлеу мәдениетін шығармашылық, ойлау қабілетін дамыта отырып, игерген білімдерін тиімді пайдалана білуге баулу.
-Өз ойларын ауызша, жазбаша жеткізе білуді меңгерту.
-Әдеби шығармаларға талдау жасауға ықпал ету.

Міндеті:

-Берілген шығармашылық тапсырмаларды орындай білуі, сөз өнерінің ерекшелігін түсіне білуі.
-Образды ойлау, елестете алу қабілеттерін қалыптастыру, дамыту.

-Сөз мәдениетін сақтай отырып, өз ойын әдеби тілде жеткізе білуі.

-Шығарманы көркемдік тіл жағынан талдай білуін қалыптастыру, дамыту.

-Оқушының материалды меңгеру сапасын анықтау.

-Өз беттерімен тапсырма түрлерін орындай білуге дағдыландыру.

-Оқушылардың тілдік сауаттылығын арттыру.

Күтілетін нәтиже:

-Өз ойын көркем тілмен жеткізе алады.

-Шығармаға талдау жасай алатын, шығарманың тілін білетін, сөз құдіретін екендігін ұғатын тұлға қалыптасады.

- Білімділік дағдыларын қалыптастыра отырып ізденімпаз, шығармашыл оқушы қалыптасады.

- Әр түрлі кестелерді толтыру арқылы оқулықтан алған білімдерін молайтады.

-Күнделікті сабақтан алып отырған білімдерін жинақтап, талдау жасауға көмектеседі.

-Берілген тапсырмаларды орындау барысында оқушының ойлау қабілеті дамып, әдебиет пәніне деген қызығушылығы артады.

- Оқушыда дағдыға айналған іс-әрекет пайда болады.

Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

Шығармаларды оқу:

- Орфографиялық талаптарға сай оқу.

- Дыбысты, буынды, сөзді түсірмей анық айту.

Түсініп оқу:

- Сөз, сөйлем мәнін ұғынып оқу.

- Дауыс ырғағын сақтап оқу.

Мәнерлеп оқу:

- Әуезді сазды ерекшелігін сақтау.

- Сөз екпінін дұрыс қойып оқу.

- Ой екпінін дұрыс қойып оқу.

- Кейіпкердің көңіл-күйін сезіне оқу.

Берілетін білім:

- Ауыз әдебиеті үлгілерін білу.
- Қазақ балалар әдебиетінің поэзиялық және прозалық шығармаларын білу.
- Әлем балалар әдебиетінің көрнекті шығармаларын білу.
- Оқыған шығарманың авторын білу.
- Жанрлық ерекшелігін білу /өлең, мысал, әңгіме/
- Бастапқы әдеби түсінікті білу /пейзаж, сюжет, тақырып, негізгі ой, портрет, мінездеме, юмор, монолог, диалог)
- Әдеби тілдің бейнелегіш-көркемдегіш, құралдарын пайдалана білу.
- Кейіпкердің іс-әрекетін көрсете алу.
- Оқығанынан алған әсерін көрсете алу.
- Жоспар құра білу.
- Шығармадағы оқиғаны сақтап айта білу.
- Шағын шығарманы толықтырып құрастыра білу.
- Сынып бойынша белгіленген 4-5 үзінді, 6-9 өлеңді жатқа айта білу.

Халық ауыз әдебиеті

Батырлар жыры

Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан халық ауыз әдебиетінің күрделі бір саласы-батырлар жыры. Батырлар жыры ерлікті дәріптейді, халқымыздың басынан өткен тарихы мен тарихта болған адамдардың ерліктерін баяндайды.

Ерлік, батырлық туралы мақал-мәтелдерді жазыңдар.

.....
.....
.....
.....

Салыстыр.

Ертегілер
жыры

Батырлар

.....
.....

А.ҚАРЖАУОВА,
Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектеп,
Атырау облысы,
Құрманғазы ауданы,
Дәшін селосы.

ОҚУ ҮШІН БАҒАЛАУ — ОҚУШЫ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ЕҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ

Білім алу мен даму қашанда болса өзгеріс сатысында болмақ. Міне сондықтан да, біздер, білім беру жүйесіндегі баға берудегі өзгерістерді жетік білуге тиіспіз. Кез-келген дәстүрлі сабақтардағы бағалау – оқушы өтілген тақырыпты өзі түсінгені бойынша айтып береді немесе демонстрациялайды. Ал ХХІ ғасыр мектебіндегі бағалау мақсаты кең көлемді және әр түрлі болып келеді, нәтижесінде оқу сапасы артады.

Бағалау мақсаттары:

- оқушы қажеттілігін бағалау;
 - оқушылардың жеке және бірлесіп жұмыс жасауын марапаттау
 - оқу барысын бақылау;
 - қаншалықты түсінгенін тексеру және тақырып мазмұнын қаншалықты мағыналы түсінгеніне қарай марапаттау; (тек теориялық түрде ғана түсінгені жеткіліксіз);
 - түсінгенін демонстрациялау; (түсінгенін тәжірибеде қолдана білу).
 - Оқушылардың оқу жетістігінің нәтижесін көру, білім деңгейін анықтай алу, пәнге деген ынтасын, күш-жігерін қалыптастыру, өзіне деген сенімділігін арттыру.
- Бағалау әдістері:
- оқу тапсырмалары арқылы бағалау (пікірталастар, күнделіктер, оқытуды дамыту үшін қолданылатын барлық материалдар);

- топта, жұпта, сыныпта талқылау;
- өзін-өзі және бірін-бірі бағалау;
- оқушы портфолиосы (оқушы жинаған бағалар, марапаттар, жетістіктер, т.б.)

«Бағалау» термині жақын отыру дегенді білдіретін латын сөзінен шыққандығы кездейсоқ емес, себебі бағалаудың негізгі сипаты бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін-өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін немесе тәртібін мұқият бақылауы болып табылады. Бағалауды өткізу үшін оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын, сонымен қатар олар қандай қиындықтармен кездесуі мүмкін екендігін анықтау қажет.

Оқытудың жаңа тәсілдері: топпен жұмыс, бірлескен жұмыстың арқасында аз уақытта біз бірталай жетістікке жеттік. Оқушылар дайын білімді алушы оқушыдан дербес, сыни ойлайтын оқушыға айнала бастады. Дербес оқудың нәтижесі, оқығанын немесе алған білімін кез келген уақытта пайдалана алу дағдысы әр сабақта көрініс таба бастады. Сол арқылы оқушыларды оқудың басқы нүктесіне, оның алдында білгендеріне кері жетелеп отырдым. Бұл не үшін қажет? Оқушылардың бұрынғысы мен жаңа білімнің арасын байланыстыру үшін керек. Әр деңгейлі тапсырмалар тобын орындауда балалар ойларын жинақтап, менің білгім келген сұрақтардың жауабын дәл тауып, жауап бергенімен қоймай, әр топ басқа екі топтың жауаптарын мұқият тыңдап, түзетулер енгізді. Оқушылардың бойында өзінің жұмысына баға беру, басқа құрбысын әділ бағалау қасиеттерін әрі қарай дамыту үшін мен келесі қадамдарды белгіледім:

- Әр баланың кемістігін тапқаннан көрі, олардың жетістіктерін атау;
- Нұсқауды мәлімдеу — балаға нені оқыту керектігі мен қалай оқыту керектігін анықтау;
- Ата-аналар мен мұғалімдер, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы бірлескен, белсенді қарым-қатынасты

қамтамасыз етуі тиіс;

- Оқушылардың тиімді білім алуына және табысқа жетуіне ықпал етуі керек.

Мен оқушыларды бағалау жұмысы үш түрлі жолмен іске асатынына көзім жетті, яғни бақылау кезінде, оқушылармен қарым-қатынас жасағанда және оқушылардың әрекеттеріне талдау жасаған кезде бағалай алатынымды түсіндім.

Оқу үшін бағалау әдісін қолдану педагог пен баланың арасындағы кері байланыс, бұл – оқушының білім деңгейінің көтерілуіне ықпал етеді. Оқушы өзін бақылап, өзінің әрекет-тәсілдерін таңдайды, нәтижелерін өзі бағалайды, оны мұғалім жалғастырады. Осылайша бала мақсат қоя білу, күтілетін нәтижені жоспарлау, оны бағалау тәжірибесін жинақтау арқылы өзінің түйінді құзыреттіліктерін қалыптастырады. ОҰБ-дың маңызды компоненттерінің тағы бір түрі – өзін-өзі бағалау және өзара бағалау. Өзін – өзі бағалау – өзіне – өзі баға қою деген сөз емес, бірақ бағалау қызметімен байланысты бағалау әрекетінің бір түрі.

Оның алгоритмі мынадай:

- 1) Тапсырманы орындауда нені жасау қажет?
- 2) Тапсырманың барлығын дұрыс орындады ма, әлде қателіктер жіберді ме?
- 3) Оқушы тапсырманы толығымен жеке орындады ма, әлде біреудің көмегіне сүйенді ме?
- 4) Тапсырманы орындау барысында қандай біліктіліктер дамыды?

ОҰБ-ды өз тәжірибеме енгізуде, ең алдымен «Екі жұлдыз, бір тілек» стратегиясы арқылы бағалаудан бастадым. Мұндағы мақсатым – өзгені бағалау арқылы өзінде жоқты табу немесе өзгенің жетістігі арқылы өз кемшілігін тауып, оны түзетуге бағыттау.

«Блум таксономиясы» бойынша бағалау. Қазіргі мектеп тәжірибесінде американдық ғалым Б.Блум таксономиясы қолданылып жүр. Ол – білім және білікті меңгеру деңгейін

сипаттайтын белгілер жіктеуі. Бұл таксономия оқушының танымдық және сезімдік өрісін бағалауға бағытталған. Оқушыларға кері байланыс беруге көмектеседі, яғни бір-бірінен білім алуға және қолдау көрсетуге, бір-бірімен талқылауға, әңгімелесуге, түсіндіруге және бірін-бірі сынауға мүмкіндік береді.

Баға оқушының кемшіліктерін табу үшін емес, әрі қарай дамуына ықпал ету үшін қойылады. Өзін-өзі бағалау өзін-өзі реттеуге жетелейді. Оқушылар сұрақтарын қалдырады.

Мысалы:

- Жаңа тақырыпты оқыған кезде не туралы білгіңіз келеді?
- Білімді бағалау үшін мұғалімнен немесе басқа оқушылардан сұрау.
- Алдағы уақытта біліміңізді жақсартқыңыз келетін білім/түсінбеу саласын көрсету. Қабілеттері шамалы оқушыларды «Не» сұрау есімдігін пайдаланып сұрақ қоюға, ал қабілеттері барынша дамыған оқушыларды «Егер де ..., не болады?» деген үлгіде сұрақ қоюға ынталандыру.

«Басбармақ» әдісі. Оқушылардың басбармақтарын көрсету арқылы біз олардың ұғу деңгейін тексереміз.

Басбармақ жоғарыға қарай = Мен түсінемін.

Басбармақ көлденең = Мен түсінгендеймін.

Басбармақ төмен қарай = Мен түсінбедім.

«Бағдаршам» әдісі. Түсінгендікті көрсету үшін бағдаршамның түстерін көрнекі құрал ретінде пайдаланыңыз немесе шығармашылық тапсырма ретінде пайдаланыңыз.

Мысалы:

- Оқушыларда қызыл, жасыл және сары түсті парақшалар бар, оны олар өз парталарына қояды немесе жоғары көтереді (қызыл = түсінбеймін, жасыл = барлығы түсінікті немесе қызыл жеңіл тапсырма, жасыл шығармашылық тапсырма).
- Оқушылар бағдаршамның түстерін пайдалана отырып, өздерін бағалайды. Мұғалімге көрсетілген бағалауды

оқушылардың күнделіктеріне жазуына болады.

• Сыныптастары бағдаршам түстерінің көмегімен таныстырылымдар жасайды және т.б. бағалайды.

Басында балалардың барлығы жасыл түстіні көрсетуі мүмкін. Содан кейін өз қателерін тауып, дұрысын дәлелдей алмағандар сары немесе қызыл түсті көтеріп жатады. Бағалаудың өзіндік қиындықтары да байқалып жатады. Басында балалар өздеріне жоғары баға береді. Ол жағдайда оқушыларға бағаның шын болу керектігін айта отырып, яғни шын баға өзінің қаншалықты түсінгенін көрсететінін айтып өткен жөн.

«Бір минуттық эссе» әдісі – тақырып бойынша пысықтаудың бір жүйесі. Эссе жазу үшін мұғалім бірнеше сауал қояды.

- Бүгінгі білгеніңнің ең маңыздысы не?

- Қай сұрақтар сен үшін түсініксіз?

«Сөздік бағалау» бағалау түрінің ең көп тараған түрі: Мұғалім оқушыны жаттығуларды жақсы орындағаны үшін мақтады, осылайша ауызша кері байланыс орнатты. Осыған орай оқушылардың берілген материалды немесе мағлұматты сәтті ұққандарын білуге болады. Мұғалім оқушыға жаттығуды орындағандағы қателерін көрсетеді. Ол оның жұмысына ешқандай белгі қоймайды, бірақ оны ауызша бағалайды. Нәтижесінде оқушылар жетістік көрсетуі үшін одан әрі биік нәтижелерге жетуіміз керек деп ұйғарады.

Сабақтың соңғы әдісі ретінде «Не білдім? Не білемін? Не білгім келеді?» рефлексиясын жүргіземін. Оқушылардың бүгінгі сабақ бойынша түсінгендерін, түйген ойларын рефлексия парағының «Не білдім?» бөліміне және сабақ бойынша сұрақтарын «Нені білгім келеді?» бөліміне стикерге жазып, жапсырды.

ОҰБ-дың дәстүрлі бағалау жүйесінің артықшылығына сын көзбен қарайтын болсақ:

- Оқушының жетістік деңгейін нақты сипаттайды;

- Білімге деген ынтасын арттырады;

- Баланың өзіне деген сенімділігі артып, жауапкершілікті сезінеді;

- Оқушының өзін-өзі бағалауы дамып, оны тек сабақ барысында ғана емес, кез келген өмірдегі болып жатқан қайшылықтарға өзіндік бағалау жүргізе алатындай тұлға етіп қалыптастырады.

Формативті бағалау әр сабақта және күнде жүргізіліп тұрады. Бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар және олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру үдерісі.

Білім ордасы оқушыларға тек қана білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оқушылардың білімін бағалау, оқушыларды алға ұмтылуға ынталандыру орталығы болып табылады. Менің көзқарасым бойынша, ОуБ әдісін сабақта қолдану оқушылардың ойлау белсенділігін арттыруға, олардың танымдық қызығушылықтарын дамытуға ықпал етеді. Демек, менің таңдаған тақырыбым біздің мектеп үшін маңызы зор. Жаңарған мектептің ұстазы тұлғаның дамуы үшін тек жағдай жасап қана қоймай, бұл үрдісті басқара отырып, бір ізге салуы қажет. Бірақ бұның бәріне оқушылардың өздерін үйрете беруіміз керек. Сонда ғана ол өмірдің кез келген тұстарында қиындыққа төтеп бере алатын тұлға болып қалыптасады.

Әдебиеттер:

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Бірінші (ілгері) деңгей. Екінші басылым.
2. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М., Педагогика. - Алматы. 2004, 3-басылымы.
3. Назарбаев Н. «Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына». Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінде оқылған лекция. - Астана, 2006.
4. Ж.Ш.Адамова, Д.А.Сүртібаева, «12 жылдық мектептегі білім берудің құрылымдық-мазмұндық ерекшеліктері», МББҚБА және ҚД институты, 2007.
5. Мұғалімнің өз тәжірибесі.

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Қ.ШӘРІП,
«Жаңа Ғасыр» № 175 гимназиясы.
Алматы қаласы

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ. **«ӘСЕМПАЗ БОЛМА ӘРНЕГЕ»**

Мақсаты: білімділік - оқушылардың қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы туралы алған білімдерін нақтылау, кеңейту, қазақ поэзиясының асқар биігі Абайға, оның шығармашылығына құрметпен қарау, сезімдерін туғызу; дамытушылық - оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру, сөйлеу мәдениетін жетілдіру, көркем сөз оқуын дамыту, өлең құрылысына талдау жасауын дамыту; тәрбиелік: - адамгершілікті, өнер-білімді меңгеруге, өлеңді мәнерлеп оқуға тәрбиелеу.

Түрі: жаңа білімді меңгерту сабағы.

Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, мәнерлеп оқу, талдау, жинақтау.

Көрнекілігі: интерактивті такта, ақын шығармалары, Абайдың «қара сөздері».

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен амандасу, сабаққа қатысын, оқу куралын тексеру, сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.

10 минуттық тест тапсырмасын беру.

Әр қатарға бағалау парақшаларын тарату.

Кіріспе. Мұғалімнің кіріспе әңгімесі.

Асыл сөзді іздесең,

Абайды оқы, ерінбе.

Адамдықты көздесең,

Жаттап, тоқы көңілге, - деп С.Торайғыров айтқандай, Абайдың әр сөзін терең бойға сіңіріп, үңіле отырып сезіну, тек әдебиет айдынында ғана емес, сонымен қатар нұрын, сырын көре білер, көкірегі ояу әрбір шәкірттің парызы.

Қызығушылықты ояту.

INSERT стратегиясы:

“V” – білемін, маған таныс ақпарат	“+” – мен үшін жаңа ақпарат	“-” – мен үшін түсініксіз ақпарат	“?” - мені таң қалдырады

Мағынаны тану.

III. Жаңа сабақ.

- Оқушылар, біз бүгін Абайдың «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңімен танысамыз. Бұл өлеңде ақын өнерге, білімге, биік адамгершілік

қасиеттерге баулиды. Адам баласына қайрат пен ақыл, әділет пен мейірім қатар керек қасиеттер екенін жырына арқау етеді. Әділет пен мейірім болмаса, адам баласының алды-жалын, арты-мұз болады. Пайда іздеп, мақтанға салынбай, қызғаншақтық қасиеттен аулақ жүру керектігін айтады.

IV. Оқулықпен жұмыс

«Әсемпаз болма әрнеге» өлеңін мәнерлеп оқу. Өлең мазмұны бойынша оқушылардың ой-пікірін тыңдау.

1. Әсемпаз болма әрнеге, Өнерпаз болсаң арқалан дегенді қалай түсінесіздер?

2. Ақын қандай жақсы қасиеттер туралы айтады?

3. «Алдың-жалын, артың-мұз» деген өлең жолдарын қалай түсінесіздер?

4. «Пайда, мақтан, мініп ұрлап, бәйге, жасыру» сөздерінің мағынасын ашыңыздар.

5. Осы өлеңде нақылға айналып кеткен қандай өлең жолдары бар?

V. Дәптермен жұмыс. *Пайда, мақтан, бәйге, жасыру* сөздерінің синонимын табу.

Ақынның нақылға айналып кеткен өлең жолдарын дәптерге жазып алу.

Өлең құрылысына талдау жасау.

Ә-сем-паз / бол-ма әр-не-ге а)

Ө-нер-паз бол-саң ар-қалан. б)

Сен-де бір кір-піш дү-ние-ге а)

Ке-ті-гін тап-ға бар қа-лан. б)

Өлең 6 шумақтан, 8 буыннан тұрады. Шалыс ұйқаспен жазылған.

Оқушылар өздерінің қалаған өлеңдеріне талдау жасайды.

VI. Сөздікпен жұмыс.

Шапқат (шапағат) – мейірім, жәрдем, көмек.

Ез (езбе) – мезі етуші, мыжыма.

VII. Сергіту сәті. Абай – сазгер.

Олай болса, Абайдың бір әнін айтып көңілімізді көтерейік.

Ән: “Желсіз түнде жарық ай”.

Ойтолғаныс. «Сен де бір кірпіш дүниеге».

- Болашақта кім боласыңдар?

Осы тақырыпқа шағын ойтолғау жазу, оқыту, талдау.

VIII. Үйге тапсырма.

1. Өлеңді жаттау.

2. «Абай – ұлт мақтаншы» тақырыбына эссе жазу.

Оқушы білімін бағалау.

Рефлексия кезеңі:

Сабақтан алған әсерлері туралы ой бөлісу.

Сабақ бойынша ойынды білдір		
Қандай жаңа білім алдың?	Алған білімді қолдана аласың ба?	Саған қиындық тудырған түсініктер

АХМЕТ ЙҮГІНЕКИ- ХІҒ. АҚЫНЫ

Жалпы мақсаты. Сабақтың түрі: іздену-зерттеу сабағы. Сабақтың көрнекілігі:	1. Түркі еліне мәшһүр ғұлама ғалым ақын А. Йүгінекидің өмірі мен шығармашылығымен таныстыру дастанның идеясы мен көркемдік ерекшелігіне талдау жасау. Басқа ақындармен үндестігіне тоқталу. 2. Рухани байлығын ізгілендіру. Адамгершілік қасиетін қалыптастыру. Білімге деген күштарлығын ояту. 3. Өз бетімен ізденуге, өзіндік көзқарасын қалыптастыруға баулу. деректер, слайдтар, дидактикалық материалдар. Сабақтың әдісі: баяндау, іздендіру, талдау, салыстыру, топтастыру. Ахмед Әдиф – атым, үлгі – сөзім, Қалады мұнда сөзім, кетем өзім. Күз келер, жаз да кетер, өмір де өтер, Сонымен жұмылар да екі көзім. тарих, география, өзін-өзі тану. Сабақтың эпиграфы: «Бір күндік сәулені көре алмадым-ау!»
Пәнаралық байланыс:	
Оқыту нәтижесі	Ақынның өлеңдерін жатқа мәнерлеп айтуды, өзіндік қорытынды жасай білуді үйренеді. Ислам дәуірі әдебиеті туралы білімдерін бекітеді. Өлеңнің тақырыбы мен идеясын талдап, көркемдік ерекшелігін ажырата біледі. Өз ойын толық жеткізеді.
Негізгі идеялары	Топпен жұмыс істеуге, берілген тапсырмаларды түсініп орындауға, өз жұмысына баға бере білуге үйрету.

МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ МЕН ӨМІР ЖОЛЫ

Тапсыр-малар	Мұғалім тарапынан берілетін тапсырмалар: 1. А.Йүгінеки –ислам дәуір әдебиетінің өкілі. 2. Автор қандай ғибрат сөз айтады? 3. Кітаптың жазылу себебі. (Әскербасыға тарту еткен.) 4. «Ақиқат сыйы» – даналық ойларға толы құнды мұра.	Оқушыдан күтілетін іс-әрекет, нәтиже.
Ұйымдас-тыру кезеңі. Үй тапсыр-масын тексеру.	I топ-Білім. «Білімнің пайдасы мене надандықтың зияны туралы» айту. II топ – Тіл. (әдепті сөйлемеген адам көңілге қаяу салып, жүрекке жара салатынын ескертеді) III топ-Адамгершілік. (адамның мінезін жақсарту арқылы заманды да жақсартуға болады деп үміттенеді)	Әр топ сұрақтарға жауап береді.
I. Қызығу-шылығын ояту.	Әр топқа конверттер таратылады. Ішіндегі тапсырмаларды орындайды.	
II. Мағы-наны тану.	-Қорытынды: Ертедегі данышпан бабамыздың мұхиттай мол мұрасы шашыранды болса да, бүкіл адамзат оны ардақтай білуі қажет.Бағалай білсек, келешекке даңғыл жол болып, мәңгі жасай бермек.	
III. Кубизм страте-гиясы.	Өтілген сабақтың нәтижесі туралы сұрақтар қойылады. 1. Зерттеңіз. Тарихшы, әдебиеттанушы, ізденушілер тақырып бойынша пікірлерін айтады. 2. Салыстырыңыз. Кімдердің шығармаларына ұқсайды? 3. Талқылаңыз. Өлеңдерін мәнерлеп оқып, талдау жасайды. 4. Қолданыңыз (Дарынды оқушымен жұмыс). Ойшылдың пікіріне қосар ойларың бар ма? Ақынға хат жаз,«Білімнің күні жарық» тақырыбына ойтолғау жаз. Тұсаукесер жаса. Ғылыми жұмыс жаз. А.Йүгінекидің афоризмі. 5. «Еркін сөз» айдары (Әр оқушы өтілген сабақ жайлы түйін жасайды) - Алланы тануды, ақиқатты тануды ұғындым.	А. Йүгінекидің тіл, білім, тәрбие туралы айтқанын білдім. -Ол туралы әлі ізденуім керек. Оның ұлағатты сөзін әрдайым есімде сақтаймын. -Жаңа сабақты түсіндім. -Бүгінгі сабақ маған ұнады. -Зағип жанның өмірге құштарлығы таңдандырды. -Дидактикалық сарында жазылған түркі халықтарына ортақ мұра екенін білдім.
Үйге тапсырма беру	Өлеңдерін жаттау	Оқушылар қойылған сұрақтар бойынша өз ойларымен бөліседі.

Сабақтың танымдық мақсаты	М.Әуезовтің сан қырлы ғылыми еңбектерінен мағлұмат бере отырып, халқы үшін істеген еңбектерін мақтан ету.
Сілтеме	Т.Жұмажанова, С.Қалиев, С.Дүйсебаев. 9-сынып мектеп оқулығы. «Мектеп» баспасы. Алматы. 2013.
Дереккөздер мен жабдықтар	Блум таксономиясы, Миға шабуыл, Ой қозғау, АКТ, Бағдаршам суреті, стикер, постер, маркер, бояулар, документальды фильм, INSERT стратегиясы, семантикалық карта, Венн диаграммасы.
Күтілетін нәтиже	•Әуезовтің шығармашылығымен танысады; •қазақ әдебиетінде алатын орнын анықтайды; •ізденушілік қабілеттерін шыңдайды.

Кезеңдері	Уақыты	Тапсырмалар	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау
		Ұйымдастыру. Жаңа сабақ Блум таксономиясы бойынша жүзеге асырылады.	Жаңа сабақтың тақырыбы, мақсаты, күтілетін нәтижелерімен таныстыру.		
Мотива-циялық кезең	7 мин.	1-кезең. Білу. Өткен білімдерін тексеру тапсырмасы: сөзжұмбақ.	Кілт сөздері «Жастар», «Ақшам», «Күлагер», «Күйші» атты І.Жансүгіровтің шығармалары болатын сөзжұмбақтарды шештіру.	Өткен білімдерін еске түсіре отырып, сөзжұмбақ-ты топтасып орындайды.	«Бас бармақ» ойыны арқылы форма-тивті бағалау.

СҮЙІНБАЙ АРОНҰЛЫ. «ЖАҚСЫ МЕН ЖАМАН АДАМНЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ»

Операция-лық кезең	20 мин.	2-кезең. Түсіну. «Автор орындығы» әдісі	Алдын-ала ізденіс жұмыстары берілген оқушылар ортаға шақырылады.	Берілген тапсырмалары бойынша өздерінің жұмыстарын қорғайды.	Тындарман оқушылар қай «автор орындығында» болған оқушының ізденіс жұмысына қарай смайликтер табыстау арқылы бағалайды.
	5 мин.	3-кезең. Қолдану. Жеке жұмыс «семантикалық карта» толтыру	Оқулықпен жұмыс жасау арқылы білімдерін толықтыру.	Оқулықпен жұмыс жасайды.	Берілген дұрыс жауап бойынша паргалас жұп бір-бірінің жұмыстарына қарай смайликтер ұсынып бағалайды.
	5 мин.	4-кезең. Жинақтау. Жұптық жұмыс 1. Венн диаграммасы «Ілияс және Мұхтар» 2. INSERT стратегиясы	Жұмыс парақшаларын ұсынады.	Өткен білімдері мен жаңа білімдерін ұштастыра отырып алған білімдерін толықтырады	
Бағалау. Үй тапсырмасы.	5 мин.		Бағалау: формативті бағалау, оқушылар смайликтер көмегімен бір-бірін бағалайды. Рефлексия: Сабақ бойынша 1. Осы сабаққа дейінгі көңіл-күйім. 2. Топтық жұмыстың әсері. 3. Тапсырманы орындаудағы көңілім. 4. Жаңа тақырыпты меңгергеніме өз бағам. Үйге тапсырма: «Заманның заңғар жазушысы» тақырыбына ой толғау жазу.		
Сабақтан кейінгі рефлексия		Не сәтті өтті? Неліктен?	Не сәтсіз өтті? Неліктен?	Сабақта кездескен қиындықтарды шешу үшін не істеймін?	

Сабақ негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)	Ақын өмірінен толық мағлұмат алады. Өлеңнің мазмұнын ашу, бүгінгі өмірмен байланыстыру.
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар: Ақын өмірбаянынан хабардар болады, өлеңді мәнерлеп оқиды, түсініктерін айта алады. Оқушылардың басым бөлігі: Түсінеді, сұрақтарға жауап береді. Кейбір оқушылар: Өлең құрылысына талдау жасайды, сөздіктермен жұмыс жасай алады, өлең құрап, эссе жаза алады.
Тілдік мақсат	Оқушылар: диалогқа қатысады. Сөздікпен, постермен жұмыс жасай алады. Негізгі сөздер мен тіркестер: Жаман адам балтаның ұңғысындай. Жаманның көкірегі – көр, көзі соқыр. Жаманның кеудесі үлкен, сөзі кесек. Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер: Сөздік қорын дамыту, сөздікпен жұмыс.
	Талқылауға арналған тармақтар: Қандай кезде жақсы сөздерді қолданасындар? Жақсы сөз естігенде қандай сезімде боласындар? Жаман, дөрекі сөз естігенде қандай сезімде боласындар? Жақын адамдарыңа қандай сөз айтқыларың келеді?
	Сіз неліктен екенін айта аласыз ба? Қалай ойлайсындар, адамның жақсы мен жаман қасиеттерін ақын неге салыстырып тұр? (мақал-мәтелге мысал келтір)
	Жазылым бойынша ұсыныстар: «Жақсы болу өзінен, жаман болу өзінен»
Алдыңғы тақырып	Дулат Бабағайұлы. «О, Ақтан жас, Ақтан жас...»
Жоспар	

Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар	Ресурстар
Басталуы	1. Үй тап. «Таудың ұшар басына шығу» 1. Қалай ойлайсындар Дулат Бабатайұлының өлеңдерінің негізгі түйіні не болды? 2. Не себепті Дулатты зар заман ақыны деп атады? 3. Ақтандай досың болса не істер едің? 2. Топты мазаика әдісі арқылы бөлу. 3. Аудиожазба, Слайдшоу.	1. Оқушылар сұрақтарға жауап береді. 2. Оқушылар 3 топқа бөлінеді. 3. Слайд бойынша ой қозғау.
Ортасы	4. Топтық жұмыс. «Балық қаңқасы». 5. Жұптық жұмыс «Ойлан, жұптас, бөліс». Өлеңді құрылысына талдау, теңеу сөздерді табу. Сергіту сәті. «Мен кімін?» 6. Жеке жұмыс «Қара, оқы, жаз, тексер», «Жаманның көкірегі – көр, көзі – соқыр» сөзінің мағынасын аштыру.	4. Оқушылар берілген тапсырмалар бойынша мәселелік сұрақты талқылайды.
Аяқталуы	7. Кері байланыс. «Бүгін мен не білдім», «Даналық ағашы». 8. Үй тапсырмасы “Жақсылық пен жамандық” тақырыбына эссе жазу.	7. Рефлексия.
Қосымша ақпарат	Интернет материалдары, әдеби оқулықтар	
Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?	Бағалау – Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Пәнаралық байланыс. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері. АКТ-мен байланыс.

Рефлексия Сабақ/оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды?	Шынайы. Ақын туралы мағлұмат алды. «Адамның жақсы мен жаман қасиеттері» өлеңінің мазмұнын меңгерді, теңеу теориясы туралы білді. Көңіл-күйлері жақсы. Бізді тағы қандай тапсырмалар күтіп тұр деген қуанышты оймен отыр. Бүгінгі сабақта «Балық қаңқасы» әдісі, аудио тыңдату, «Топтастыру» стратегиясы, «Жақсы болу өзіңнен, жаман болу өзіңнен» тақырыбына постер қорғау. Ойларын жинақы, нақты жеткізді. Ия. Тапсырмаларды азайттым. Уақыт үнемделді. Сергіту сәтінде «Мен кімін?» әдісін кіргіздім.
Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма?	
Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе?	
Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?	
Қорытынды бағамдау Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1. Аудиожазба тыңдау. 2. «Балық қаңқасы» әдісі. Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз) ? 1. Постер қорғау. 2. Пікірлерін ортаға сала отырып, өмірмен байланыстру. Сабақ барысында менің келесі сабағымды жетілдіруге не көмектесетінін білдім. «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісін ауқымдандыра түсу.	

Р.СЕЙЛОВА,
Т. Ізтілеуов атындағы №29 мектеп.
 Қызылорда облысы,
 Қармақшы ауданы

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ. «ЕСКЕНДІР» ДАСТАНЫ

Мақсаты	Топпен, жұппен жұмыс жасау арқылы тақырыптың мағанасын ашады, дағдылары қалыптасады, тақырыпты толығымен түсінеді	
Жалпы мақсат	Тақырыпты түсініп оқи білуге баулу. Тілін, сөздік қорларын дамыту арқылы сабаққа деген қызығушылығын арттыру.	
Күтілетін нәтиже	Тақырыпты түсіне отырып тапсырмалармен жұмыс істеуде негізгі анықтамаларды біледі, түсінеді және тәжірибеде пайдаланады.	
7 модульдің қолданылуы	АКТ”, “Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер”, “Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау”, “Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету”, “Оқытуды басқару және көшбасшылық”.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	«Зымыран сұрақтар», «Мәтін бөліктері», «Ақылдың алты қалпағы», «Ортадағы қаламсап», «5-5-1»	
Қолданылатын ресурстар	Интерактивті тақта, смайликтер, стикерлер, бағалау парағы, 6 түсті қалпақ, қаламсап.	
Сабақ барысы	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі	Оқушыларды «Мозаика» әдісімен топқа бөлу.	Оқушылар топқа бөлініп, өз топ басшыларын сайлайды.
Тренинг	Алтын ереже құру қажеттігі туралы айту. Әр топқа бағалау парағын таратып беру. Формативті бағалау үшін смайликтер мен бағдаршамдар таратып беру. «Айна» тәсілімен психологиялық ахуалды жақсарту	Бағалау парағы арқылы топ мүшелерін бағалап отырады. Смайликтер мен бағдаршамдар арқылы топтар бағаланады. Әр топ өздеріне берілген сандарды дене мүшелерімен, қимылымен бейнелейді.
Білу «Зымыран сұрақтар» тәсілімен сұрау	Интерактивті тақтадан әр түрлі деңгейдегі сұрақтар беріледі. Сұрақтарға оқушылардың кезекпен жауап беруі сұралады.	Оқушылар интерактивті тақтадан кез-келген ұяшықты тандайды да, топ мүшелері кезектесіп жауап береді. Оқушылар тапсырманы талдайды.

Түсіну. Тақырыпты «Мәтін бөліктері» тәсілімен оқыту	Оқушылар көлемді мәтінді әрқайсысы жеке-жеке топ ішінде оқып шығып топпен талқылайды, сосын топтар құрамы өзгертіліп, құрамында әр бастапқы топтан бір белсенді оқушы бар жаңа (сарапшылар тобы) топтар құрылды. Құрылған сарапшы топ берілген тапсырмаларды біріге талқылап орындайды. Осыдан кейін олар өз топтарына қайта оралып, өздерінің бұрынғы топтағы достарына кезекпен өз топтарында түсініген материалдарын тиынақты түрде жеткізіп, үйретуі керек.	Оқушылардың мұндағы мақсаты берілген тапсырманы өздері талқылап, өз ой-пікірлерімен санаса білу. Топпен жұмыс жасау.
Қолдану. «Ақылдың алты қалпағы» тәсілімен оқыта үйрету.	«Ескендір» дастанына «Алты қалпақ» тәсілі арқылы талдау жасайды. Ақ қалпақ-ақпарат береді, қара қалпақ-жағымсыз тұстарын ағайды, сары қалпақ-жағымды тұстар, жасыл-идеясы, қызыл қалпақ-өз әсерін білдіреді, көк қалпақ бақылаушы топ	Оқушылар берілген тапсырманы топпен орындап, өз ой-пікірлерін жеткізеді. Топпен жұмыс жасайды.
Талдау. «Ортадағы қаламсап» тәсілімен талдай оқыту	Қаламсап арқылы бір-біріне сұрақ қойып, жауап береді	Оқушылар қаламсаппен сұрақ-диалог орнату арқылы тақырыпты талдап түсінеді.
Жинақтау. «5-5-1» тәсілімен жинақтай оқыту.		Топтар өзара ойларын ортаға салады, тақырыпты жинақтайды.
Бағалау	Әр топқа бағалау парақтарын тарату	Әр топ бағалау парақшасы арқылы өзін-өзіне бағалау жасайды
Рефлексия	«Екі жұлдыз, бір тілек». Стикерлерді толтыру. Оқушылар бүгінгі сабаққа деген ойын стикерге жазып, тақтаға іледі	Оқушылар кері байланыс арқылы өздерінің сабақтан алған әсерлерін, ұсыныс, тілектерін жазады.
Үйге тапсырма	Абай Құнанбайұлының «Ескендір» дастанын оқу, сұрақтар әзірлеу.	Дастанды оқиды, сұрақтар әзірлейді.

ЕРТЕГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сабақ негізделген оқу мақсаты	Ертегінің жанрлық ерекшеліктерін біледі, ертегі түрлерін ажырата алады.	
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар: ертегі түрлерін ажырата алады.	
	Оқушылардың басым бөлігі: ертегінің жанрлық ерекшеліктерін біледі.	
	Кейбір оқушылар: өз қиялынан ертегі жазады, қазақ және әлем әдебиетіндегі ертегі кейіпкерлерін біледі.	
Тілдік мақсат	Жанр	
Алдыңғы оқу	Халық ауыз әдебиеті	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар	Ресурстар
Басталуы. Ұйымдастыру кезеңі.	<p>1.Ынтымақтастық атмосферасын құру, назарын сабаққа аудару. «Қарлы кесек» Қар кесектерін бір-біріне лақтырып жылдам қимылдайды. «Ерте-ерте, ертеде, ешкі құйрығы келтеде...»</p> <p>2.–Балалар, бұл сөздерді ауыз әдебиетінің қай түрінде кездестіреміз? Қарлы кесек парақшалары</p> <p>Ортасы</p> <p>Жанр (французша genre, латынша generis — түр, тек) — өнердің барлық түрлерінде қалыптасқан. Мысалы, музыкадағы “ән”, “күй”, “романс”, “симфония”, т.б. бейнелеу өнерінде “натюрморт”, “пейзаж”, “портрет” сияқты жанрлар болса, әдебиетте “эпос”, “лирика”, “драма” болып бөлінеді. Шығармаларды мазмұнына, құрылысы мен түріне қарай жіктейді.</p> <p>1.«Әткеншек» әдісі.</p> <p>1-топ Ертегінің түрлері мен ерекшеліктері</p> <p>2-топ. Қиял ғажайып ертегі.</p> <p>3-топ. Хайуанаттар туралы ертегі.</p>	<p>Постер, түрлі түсті қағаздар, маркер</p> <p>Графикалық органайзер</p> <p>Интерактивті тақта «Жақсылық қылсаң - өзіңе» ертегісі.</p> <p>Қазақ әліпбиі</p>

	<p>4-топ.Шыншыл ертегі.</p> <p>5-топ. Ертегінің зерттелуі.</p> <p>ә/ Оқушылар басқа топтардың жұмысымен танысады, бағалайды спикер өз тобының жұмысын түсіндіреді;</p> <p>2.«Асыл арна» телеарнасындағы «Кел, ертегі тыңдайық» бағдарламасынан 5 минуттық ертегі көрсету.</p> <p>3.Әліпбидегі кейіпкерлер» Қазақ әліпбиінің ретімен қазақ және әлем әдебиеті ертегілерінің кейіпкерлерінің атын жазып шығады. Мысалы: А – Алладин, Ә – Әли баба, Б – Буратина</p> <p>4.Шығармашылық тапсырма: ертегіні аяқта. <i>Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде, асау теңіз астында су иесі – Сүлеймен патша өмір сүріпті. Оның керемет тастардан жасалған жүзігі болыпты...</i></p>	
Аяқталуы	<p>Балалар ертегі кейіпкерлерінің суреттерін алып, бір-біріне ертегі кейіпкерлері атынан тілектер айтады: «Мен -бауырсақпын, сендердің бір-біріңе ыстық ықылас танытып, құрметтей жүрулеріңе тілектеспін.....Мен-Қар ханшайымымын, сендерге қайырымды, сыпайы болуды тілеймін...» т.с.с.</p> <p>Ертегі туралы не білдің?</p> <p>Қай тапсырмаға қызығып қатыстың?</p> <p>Қай тапсырма қиын болды?</p> <p>Нені білгің келеді?</p>	<p>Тілек ағашы</p> <p>Кері байланыс парағы</p>

А.АЛЬХАНОВА,
Ә.Бөкейханов атындағы мектеп-лицейі.
 Қарағанды облысы,
 Шахтинск қаласы

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН. "НАУРЫЗ"

Мақсаты: Наурыз-жыл басы, ұлт мейрамы екендігін, тарихи маңызын түсіндіру, ата-бабамыздан ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан ұлттық тәрбие жайлы әңгімелесу; ойын толық жеткізе білу шеберлігін дамыту, танымдық ықыласын молайту, қызығушылығын, белсенділігін арттыру; қазақ халқының салт-дәстүрін, тілін, әдет-ғұрпын сақтауға, қастерлеуге тәрбиелеу.
 Қолданылған модульдер: «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер», «Сын тұрғыдан ойлауға үйрету», «Оқыту мен оқуда АКТ-ны қолдану», «Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау», «Талантты және дарынды балаларды оқыту».

Сабақ кезеңдері, уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Оқыту үшін бағалау	Негізгі дереккөздер
Кіріспе 5минут	1. Оқушылармен сәлемдесу, шеңбер бойына тұрғызып, «Шаттық шеңбер» стратегиясын өткізу. «Автор орындығы» арқылы үй тапсырмасын тексеру. 2. Оқушыларды суреттерді таңдау арқылы үш топқа бөлу. 1-топ – наурыз, 2-топ – сәуір, 3-топ – мамыр.	1. Оқушылар бір-біріне алақандарын тигізіп тұрып, сәттілік тілейді. 2. Топтың алтын ережесін қабылдайды. 3. Оқушылар ай аттары арқылы топтасады.		Ай аттары туралы суреттер
Тұсаукесер 8минут	Нақты тақырыпты меңгерту үшін ақпарат көзін пайдалана отырып, оқушылардың түсінік алуына бағыт беру. Слайдтан көктем айларының суреттерін көрсету. -Көктем айларына қандай айлар жағады екен? -Табиғатта қандай өзгерістер болады? -Көктемде қандай өзгерістер болады екен?	1.Интербелсенді тактадан көктем айларының суреттерімен жұмыс жасайды. Сұрақтарға жауап береді.	Бағалау парақшасы	Интербелсенді такта
Негізгі бөлім 22минут	-Мына суреттен не көріп отырсындар? Естеріңе не түсті соны алдарыңдағы дәптерге түсіріңдер. Мағынаны тану. 1Тірек-сызба арқылы Сәкен Сейфуллин туралы мәлімет беру.	Оқушылар интербелсенді тактадан берілген тапсырмаларды орындайды.		Интербелсенді такта А4 парақтар Маркерлер Плакат

	<p>Ақын, жазушы, қоғам қайраткері. 2. Оқулықпен жұмыс. - Өлеңді таспадан тыңдату. - Оқушылардың шумақтап оқуы I топқа өлеңге сүйеніп, эссе жазады. II топ наурыз сөзіне Бес жолды өлең құрастырады. III топ әр шумақты жеке-жеке оқып екі өлеңнің ұқсастығын табады.</p> <p>Венн диаграммасы</p> <table border="1" style="margin-left: auto; margin-right: auto;"> <tr> <td>С.Сейфуллин. «Наурыз»</td> <td>М.Дулатұлы. «Наурыз»</td> </tr> <tr> <td>Адам да, мал да жадырап жүр Келіпті жылдың қусы Жаз шығып, кеткен қысы</td> <td>Мал мен жануар қуанып жүр Жазбен келген құстар жүр Жаз болды міне</td> </tr> </table> <p>Сергіту сәті</p>	С.Сейфуллин. «Наурыз»	М.Дулатұлы. «Наурыз»	Адам да, мал да жадырап жүр Келіпті жылдың қусы Жаз шығып, кеткен қысы	Мал мен жануар қуанып жүр Жазбен келген құстар жүр Жаз болды міне	Оқушылар шумақтап оқу стратегиясын қолданып, тақырыптың мазмұнын ашады, түсінеді.		Оқулық
С.Сейфуллин. «Наурыз»	М.Дулатұлы. «Наурыз»							
Адам да, мал да жадырап жүр Келіпті жылдың қусы Жаз шығып, кеткен қысы	Мал мен жануар қуанып жүр Жазбен келген құстар жүр Жаз болды міне							
Қорытынды. 10 минут	<p>Қорытынды баға. Топ басшыларының бағалау парағына сүйене отырып оқушыларды бағалауы.</p> <p>Рефлексия. Бүгінгі сабақ несімен ұнады? Ойынды толық жеткізіп, сабаққа қатыса алдың ба? Кімнің сабаққа қатысуы қатты ұнады?</p>	Топ басшысы бағалайды.	Бағалау парақшасы, стикерлер.	А4 парақтар Маркерлер Плакат Смайликтер				

ДИМАШЕВА,
Дарынды балаларға арналған
мамандандырылған
С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық
қазақ мектеп-
интернат кешені.
Орал облысы

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ.

«ЕҢЛІК - КЕБЕК» ДАСТАНЫ

Мақсаты	Шәкәрімнің «Еңлік - Кебек» дастанындағы заман бейнесін, орын алған трагедияның себебін қоғамдық-әлеуметтік жағдайдан іздейтіндігін оқушыларға ұғындыра, таза махаббатты өлімнен биік қоя білген дастандағы қос мұңлық Еңлік пен Кебектің бейнелерін ашуда өзіндік тұжырым жасату, сыни ойлау қабілеттерін шыңдау;			
Міндеттері	<ul style="list-style-type: none"> •Еңлік, Кебек бейнелерін аша отырып, сол замандағы заман шындығы, орын алған трагедияның себебін қоғамдық-әлеуметтік жағдайдан іздеген ақын ойын айқындау; •Логикалық ойлау қабілеттерін, шығармашылық белсенділіктерін шыңдау, өзіндік тұжырым жасауға баулу; •Кейіпкер тағдырына ортақтастыра білу, қауымдасып жұмыс істеуге, бір-бірінің пікірін дамыта отырып, өзара сыйластыққа үйрету. 			
Күтілетін нәтиже	<ul style="list-style-type: none"> •топтық жұмыс арқылы оқушылар өзіндік ізденіске бағытталады, шығармашылықпен жұмыс істеу дағдылары артады; •шығарманы талдау арқылы еркін ойлау, өз көзқарасын жеткізе, дәлелдей білу, өзгені тыңдай, тұжырым жасай білу қабілеттері жетіледі; •әр оқушы кейіпкерлерге өз бағасын береді, өзіндік пайымын жасайды, тәрбиелік, тағылымдық мәнін ұғынады. 			
Түйінді түсініктер	<ul style="list-style-type: none"> •Тарихи шындықтың әдебиеттегі көркемдік шешімі; •Дастандағы қазақ халқының өмірінің суреттелуі; •Дастанның трагедиямен аяқталуы, өзіндік түйіндер іздеу. 			
Сабак кезеңдері, модуль	Мұғалімнің әрекеті	Тапсырма мазмұны	Оқушының әрекеті	Ресурстар

I. Кіріспе.	Оқушылармен амандасу, түгелдеу, сабаққа қатысын қадағалау. Оқушыларды топқа бөлу. Әр топқа бағалау парағын тарату.	«Ойлан тап!..» (дастаннан келтірілген үзінділерден оқушылардың кімнің сөзі екенін табуы арқылы топқа бөлемін. Алдын-ала бағалау парақтары ұсынылады. Оқушылар өзара бағалау әдісімен жұмыстанады.	Сабаққа даярланады, жинақталады, жаңа сабаққа ден қояды. Топқа бөлінеді, топ ережелерін бекітеді.	Оқу құралдары «Еңлік-Кебек» дастаны, Шәкәрім жинақтары «Еңлік-Кебек» пьесасынан үзінді Р.Рымбаева «Еңлік-Кебек» әні, Электронды оқулық Бағалау парағы Pptзі арқылы жасалған слайд материалы. Флипчарттар, маркерлер, түрлі-түсті қағаздар, желім, т.б.
II. Тұсаукесер.	<p>Әр топқа Блум өлшемдерінің әр деңгейіне сай келетін сұрақтар дайындап келемін.</p> <p>Жұпқа, топқа бөлу арқылы оқушыларға тапсырмалар беру, талдау, жинақтау.</p>	<p>Блум өлшемдері негізінде жұптық жұмыстар Сұрақтар:</p> <p>1. Шәкәрім кім? Ол туралы не білесіңдер? Шәкәрім қандай өлең, дастандар жазған? /білу/</p> <p>2. «Еңлік-Кебек» поэмасы кімнің ақыл-кеңесімен жазылған? Абайдың Шәкәрім шығармашылығына тигізген әсері жайлы баянда. /</p> <p>түсіну/</p> <p>3. «Еңлік - Кебек» поэмасының оқиға желісі қандай? Ақынның кіріспе сөзінде берілген тарихи оқиғалар қандай? /қолдану/</p> <p>4. Бұл поэманы қандай жанға жатқызуға болады? Өлең құрылысы жайлы баянда. /</p> <p>талдау/</p> <p>5. Шәкәрімнің «Еңлік-Кебек» поэмасында қандай мәселе көтерілген? /жинақтау/</p> <p>6. Еңлік пен Кебектің өліміне кім кінәлі? Ақынның түйінді ойы. /</p> <p>бағалау/</p>	<p>Өзара бағалау өлшемдерімен танысады.</p> <p>Жұптасып жұмыс істейді, әр оқушы өз ойларын қосалды, бірігіп атқарған жұмыс нәтижесін бір оқушы көрсетеді.</p>	

ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ. «ӘНШІ»

<p>III. Негізгі сабақ.</p>	<p>Дәптерлеріне жаңа тақырыпты жазғызу, тақырып туралы қысқаша мәлімет беру, назарларын кітапқа, тақырыпқа аудару. Оқушыларды шығармашылықпен жұмыс істеуге баулу. Оқушылардың жұмыстарын қадағалау, жетекшілік жасау.</p>	<p>«Бәріміз бірге» кезеңі, шығармадағы Еңлік-Кебек бейнелері. Топтық жұмыс, шығарма арқауы бойынша: I топ: Кейіпкер орындығы Еңлік, Кебек, Кенгірбай образдары. Еңлік пен Кебектің іс-әрекетімен келісетін және келіспейтін үш мәселе II топ: Еңлік - сұлу, намысшыл, қайсар, өз теңін іздеуші, антына адал, ақылды қыз. (Дастандағы Еңлік бейнесі) III топ: Кебек - батыр, сөзге берік, ержүрек, адал жігіт. (Дастандағы Кебек бейнесі) 2-тапсырма Шығармаға сатылай кешенді талдау жасау: Авторы Тақырып Әдеби жанр Эпикалық жанр түрі Шығарманың негізгі идеясы Шығарманың композициялық құрылысы Кейіпкерлері Әдеби-теориялық ұғымдар 3-тапсырма Кестені толтыр:</p> <table border="1" data-bbox="374 802 595 916"> <tr> <td>Кімнің портреті?</td> <td>Портрет беру шеберлігі</td> <td>Қол алдына қандай аламын келді?</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>	Кімнің портреті?	Портрет беру шеберлігі	Қол алдына қандай аламын келді?				<p>Дәптерлеріне жаңа тақырыпты жазады. Тапсырма бойынша жұмыстанады. Топтық жұмысқа даярланады. Әр топ өздеріне берілген тапсырмалармен жұмыстанады, флип-чарттарды толтырады, ой-пікірлерін бір арнаға тоғыстырады, бірігіп атқарған жұмыс нәтижесін бір оқушы көрсетеді.</p>	<p>Prezi арқылы жасалған слайд материалы Р. Рымбаеваның орындауында «Еңлік-Кебек» әні тыңдалады. Флипчарттар, маркерлер, түрлі-түсті қағаздар, желім, т.б. Оқу құралдары: Интернет мүмкіндіктері</p>
Кімнің портреті?	Портрет беру шеберлігі	Қол алдына қандай аламын келді?								
<p>IV. Сабақты қорытындылау.</p>	<p>Бүгінгі сабақты қорытындылау, оқушыларды бағалау, үйге тапсырма беріледі.</p>	<p>Әр топ оқушыларын өзара бағалау парағы арқылы бағалау. (қалыптастырушы баға) Үйге тапсырма: «Туған елім – асқар бейім» шағын шығарма жазу.</p>								
<p>Оқу құралдары. Кері байланыс оқушылар рефлексиясы</p>	<p>Рефлексия. «Мен бүгінгі сабақта...» Блоб ағашы Бүгін мен не үйрендім? Маған не ұнады/ұнамады? Жаңа сабақ бойынша сұрақ немесе пікірің...</p>									

<p>Сабаққа қойылған мақсат</p>	<p>Оқушы ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы мағұлмат алады. «Әнші» өлеңінің тақырыбы мен идеясын түсінеді</p>	
<p>Табыс өлшемдері</p>	<p>Барлық оқушылар:</p>	
	<p>I Жансүгіровтің өмір жолымен танысады. Өлеңдегі ақынның айтайын деген ойын түсінеді.</p>	
	<p>Көпшілік оқушылар:</p>	
	<p>Өлең бойынша сұрақтарға жауап бере алады. Өсеттің бейнесін сомдауда қолданған көркем образды сөздерді жинақтай алады</p>	
	<p>Жекелеген оқушылар: 100-150 сөзден «Ел іші-өнер кеніші» деген тақырыпқа эссе жаза алады.</p>	
<p>Оқушылардың жалпы оқу икемділіктері мен дағдылары</p>	<p>Өлеңді түсініп, ақынның айтайын деген негізгі ойын ашып айтады; Оқу-логикалық жалпы икемділігі мен дағдылары Өлең бойынша сұрақтарға жауап бере алады; Оқу-коммуникативтік жалпы икемділігі мен дағдылары Білгендерімен топта ой бөлісіп, талқылау жасай алады; бірлескен қызметті ұйымдастыру;</p>	
<p>Сілтеме</p>	<p>Оқу бағдарламасы, «Әдебиет» оқулығы (86-89-б.), дәптер.</p>	
<p>Оқыту әдістері:</p>	<p>Түсіндіру, салыстыру, сұрақ-жауап әдісі, мәнерлеп оқу, әңгімелеу, сергіту сәті, «Ыстық орындық» ойыны, «Топтастыру» стратегиясы</p>	
<p>Дерек көздері:</p>	<p>дидактикалық материалдар, дыбыс- бейне материалдары</p>	
<p>Жоспарланған уақыт</p>	<p>Тапсырма</p>	<p>Мұғалімнің іс – әрекеті</p>
<p>Сабақтың басы</p>	<p>Оқушыларға психологиялық ахуал туғызу</p>	<p>Үй тапсырмасын тексеру: С. Сейфуллин «Біздің жақта» өлеңі. Қызығушылықты ояту. Халқымыздың қуанышты бұлбұлымын, Жұртымның жүйрігінің дүлддімін, Көтеріп көптің көңілін күнде шауып, Жүлде алар жұма сайын туды күнім. (I. Жансүгіров)</p>

		<p>«Бәйтерек» суреті арқылы тренинг ұйымдастыру. Осы алып ағаш суретінен не көресіңдер, бұл сурет не үшін ілінді? Оқушылар өз қиялдарындағы суретті айтады. (Алып ағаш өте мықты. Ол оңайшылықпен сынбайды. Тамырын тереңге жайған, өскен, өрбіген қазағымыз сияқты. Қатты жел мен дауыл құлата алмаған алып бәйтерек біздің алып ағаларымыз Сәкен, Ілияс, Бейімбеттер іспеттес.)</p> <p>«Ыстық орындық» ойыны арқылы үш бәйтерегіміздің бірі С.Сейфуллин өміріне шолу жасау. Жүйрік тұлпардың суреті тактаға ілінеді. Бұл суреттің іліну себебін сұраймын. Оқушыға сұрақ қою арқылы поэзия тұлпары І.Жансүгіров өміріне тоқталып, «Әнші» өлеңін өтетіндігімізді айтамын.</p> <p>Мұғалім жүйрік тұлпардың суреті арқылы берілген астарлы ой табылған соң бүгінгі сабақтың мақсатымен таныстырады.</p>
Сабақтың ортасы	<p>3 минут</p> <p>7 минут</p> <p>3-4 минут</p> <p>5-6 минут</p>	<p>Бейнефильм көрсету арқылы ақынның өміріне шолу жасау</p> <p>А) Топпен жұмыс</p> <p>Ақынның өмірі мен шығармашылығы жайлы мәтіндер әр топқа таратылады. Оқушылар оқып, топта талқылап, топ басшысы қорғайды.</p> <p>1-топ Ақын өміріне байланысты топтастыру стратегиясын пайдаланып, қорғайды.</p> <p>2-топ. «Жылдар сөйлейді» хронологиялық кесте бойынша әңгімелейді.</p> <p>3-топ. Ақынның қандай шығармалары бар? Қысқаша ақпарат береді. «Әнші» деген өлеңі бар екенін айтады.</p>

		<p>Ә) Ән, әнші деген сөзге мән берейікші</p> <p>«Әнші» өлеңін эл.оқулықтан тыңдайды.</p> <p>Сөздікпен жұмыс. Түсініксіз сөздер алдын ала тактаға ілінеді. Мысалы:</p> <p>Жүрдек-күші мығым, сал жүріске арналған аттар.</p> <p>Жүрдек аттардың жүрісі жайлы болады. Жүрдек мал алыс сапарларға шығуға қолайлы.</p> <p>Делебе-көңілі алып ұшты, желікті.</p> <p>Дәсерле –шаттану, масаттану.</p> <p>1-топ 1, 2 шумақты мәнерлеп оқиды, талдайды. Бейнелі сөздерді табады.</p> <p>(Әсетті ақын көкке даусы дамылдаған бұлбұлға балайды. Оның дауысы құдіретті, ерекше жаратылған дауыс. Ол ән салғанда көмейінен меруерт пен маржан төгіледі. Тыңдаған адамның алпыс екі тамырын иітеді.Өзін топтан озған тұлпарға, жүйрікке, жорғаға балайды)</p> <p>Бұлбұлмын, тұлпармын, жорғамын. Метафора сөз мәнін өңдендіре, өзгерте айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай түсу үшін, өзіне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау.</p> <p>Үйректей, қаздай. Тенеу дегеніміз бір затты өзіне ұқсас екінші затқа теңестіріп, -дай, -дей, жұрнақтары арқылы жасалған теориялық ұғым.</p> <p>Меніреу шөл, күміс көл. Заттың айырықша сипаты эпитет деп аталады</p> <p>2-топ. 3-шумақты мәнерлеп оқиды, талдайды. Бейнелі сөздерді табады.</p> <p>3-топ. 4-шумақты мәнерлеп оқиды, талдайды, түсінгенін айтады. Бейнелі сөздерді табады</p>
		<p>1-топ. Өлеңнің тақырыбы: Ән, әннің құдіреті</p> <p>Өлеңнің идеясы: Ән салудың ерекшелігі, ән мен әншіге қойылатын талап.</p> <p>2-топ. Өлеңді құрылысына талдау:</p> <p>Ән салсан /Әсеттей сал/ әсемдетіп</p> <p>Коздырып, делебені /дәсерлетіп</p> <p>Шырқатып, шығындатып/ шалықтатып</p> <p>Шаптырып, шүмектетіп, нөсерлетіп</p> <p>11 буынды, қара өлең ұйқасы</p> <p>3-топ. Әсет кім? Тағы қандай сал- серілерді білесің? «Топтастыру» стратегиясын пайдаланып қорғауға болады.</p>
Сабақтың соңы	Ойтолғаныс 7 минут	«Ел іші-өнер кенші.» деген тақырыпқа 50-100 сөзден тұратын шағын ой толғау жазу. Жазба жұмысында өнер, ән туралы мақал-мәтел, қанатты сөздер болуы шарт.
	Бекіту 2 минут Бағалау	<p>Білемін. Білгім келеді. Білдім. Сиқырлы қобдиша бар. Қобдишада (айнадан балалар өздерін көреді) бір адам бар, сол адам бүгінгі сабақта нені үйренгенін төмендегі критерий бойынша айтады.</p> <p>Төмендегі критерий бойынша сұрақтарға жауап бер.</p> <p>1. Ілиястың өмірі туралы жаңа ақпарат алды ма?</p> <p>2. «Әнші» өлеңіндегі ақынның айтайын деген ойын түсінді ме?</p> <p>3. Әсет Найманбайұлының кім екенін білді ме?</p>
	Үйге тапсырма	Өлеңнің ұнаған шумағын жаттау. Ілияс пен Әсеттің өмірі туралы терең ізденіп, жаңа ақпарат әкелу.

С.ТОРАЙҒЫРОВ. «ШІЛДЕ»

Сабақ негізделген оқу мақсаты	С.Торайғыров туралы түсінік беру, мазмұнын ашу.	
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар: С.Торайғыров туралы мәлімет алады, өлеңнің мағынасын түсінеді.	
	Оқушылардың басым бөлігі: суретпен, сөздікпен жұмыс жасайды, өлеңнің мағынасын түсінеді.	
	Кейбір оқушылар: мәнерлеп оқи алады.	
Тілдік мақсат	Кейіптеу туралы түсінеді.	
Алдыңғы оқу	Абай Құнанбайұлы кім?	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар. I Ұйымдастыру кезеңі. а) Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу. ә) Оқушылардың назарын сабаққа аудару. КӨҢІЛДІ ҚУАНЫШТЫ, ҚЫЗЫҚТЫ, КҮН-деп оқушыларды 4 топқа бөлу.	Ресурстар
Басталуы Ұйымдастыру кезеңі Ұй тапсырмасы 7 минут	Үй тапсырмасын сұрау Iт. Өлеңдегі 5 асыл істі жатқа сұрау. IIт. Өлеңдегі 5 дұшпанды жатқа сұрау. IIIт. «Қанағат» сөзінің синонимі? IVт. Қуану, шаттану сөзінің синонимі? Электронды оқудың «Шілде» өлеңін тыңдату. /Ақын туралы мәліметті/ Iт. Өлеңді мәнерлеп оқиды, қарасөзге айналдырады. II т. Визуалдандыру. Өлеңді оқыған кезде қандай бейне елестейді?	
Ортасы. 30 минут	Сол бейнені ақ паракка салу. III т. Сөздікпен жұмыс IVт. «Шілде» өлеңіндегі кейіптеулерді тап.	Бейнеролик
Аяқталуы 4 минут	Бүгін қай ақынның шығармашылығымен таныстық? Бүгінгі өткен өлеңіміз қалай аталады? Өлеңнің негізгі идеясы қандай? (Шілде айының құбылысына арналады). Шілде айы жылдың қай мезгіліне жатады?(Жаз) Бүгінгі сабақ туралы ойларын?(Стикерлерге жазу)	
Қосымша ақпарат		
Саралау. Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?		Пәнаралық байланыс АКТ-мен байланыс Құндылықтардағы байланыс Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері

М.ӘУЕЗОВТИҢ «АҚЫН ҚОНАҚТАР» ӘНГІМЕСІНДЕГІ КЕЙІПКЕРЛЕР ӘЛЕМІ

Мақсаты: Әңгіме мазмұнын терең игеруде оқушылардың белсенділігін арттыра отырып, алған білімдерін қорыту, жинақтау.

Міндеттері:

1. М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы туралы білімдерін кеңейте отырып, Абай туралы және шығармадағы кейіпкерлер туралы мағлұмат бере отырып, кейіпкерлер бейнесін ашу, кейіпкерлер арасындағы ізгілік қарым-қатынасты түсіну.

2. Оқушыларға мәселелік жағдаяттар тудыру барысында олардың ойларын еркін айтуға, әр кейіпкердің іс-әрекетіне орай өз бағасын беріп, өзіндік тұжырым жасауын қалыптастыру, сөз өнерінің ерекшеліктерін түсініп тану және жазушының тіл шеберлігіне назар аударту.

3. Оқушылардың шығармашылық, танымдық қабілеттерін дамыту, журналистік және сахналық өнерге қызығушылықтарын ояту.

Сабақтың түрі: Сұхбат-сабақ.

Қолданылатын құрал-жабдықтар: интерактивті тақта, М.Әуезовтің шығармалар жинағы, 5-сыныптың оқулығы, Бағалау парақтары, «Оқудан оралу» оқушылар дайындаған

бейнебаяннан үзінді, микрофон, таратпа материалдар «Семантикалық карта», «Тұжырым» кестесі.

I. Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу, сабаққа сәттілік тілеу.

II. Үй тапсырмасын пысықтау: «Топтастыру» стратегиясы.

1. Абай кім?

2. М.Әуезов кім?

3. «Зымыран сұрақтар» ойыны.

Сұрақтар:

Әңгіме қалай басталады?

-Абайдың мінез-машығы қандай екен?

-Әжесі әңгімесін қалай бастайды?Қандай ертегілер айтқан еді?

-Әжесінің жаңадан тапқан әңгімелері қандай?

-Ұлжан ананың әңгіме айту ерекшелігі қандай еді?

-Байкөкше жырлаған жыр қандай?

-Барлас жырлаған жыр қандай?

-Абай шешелеріне қандай жыр оқып берді?

-Барлас Абайға разы болып не деп өлең шығарды?

Ұлжан қонақтарды қалай шығарып салды?

III. Қызығушылықты ояту: Оқушылардың қатысуымен әзірленген «Оқудан оралу» бейне баянын интерактивті тақтадан көрсету.

«Ой тастау» стратегиясы

«Журналистер» тобындағы оқушылар сұрақтар әзірлеп, өз сауалдарын қояды.

«Әдебиетшілер» тобындағы оқушылар рөлдерде ойнаған оқушылар туралы пікірлерін білдіреді.

«Ойланту» стратегиясы: Білу

Өздік жұмыс. «Журналистер» тобы «Тұжырым» кестесін толтырады.

«Әдебиетшілер» тобы «Семантикалық карта» толтырады.

Әңгіме иесі	Айтқан әңгімелері

р/с	Кейіпкер сөзі	Зере	Ұлжан	Байкөкше	Барлас

III. Жаңа тақырып:

Түсіну: Тақырып: «Ақын қонақтар» әңгімесіндегі кейіпкерлер бейнесі.

Мұғалім сөзі: -Міне ,балалар, Абай аталарың айтқандай:

Болмасаң да ұқсап бақ,

Бір ғалымды көрсеңіз.

Ондай болмақ қайда деп,

Айтпа ғылым сүйсеңіз» демекші, жаңағы кейіпкер бейнесіне ұқсап өнер көрсетіп жатқан оқушыларға рахмет! Бұл өнерге деген талпыныс. Өнердің екі түрінде адам портреті бейнеленеді. Бейнелеу өнерінде портретті сурет салу арқылы көрсететін болсақ, әдебиетте адам бейнесін сөз арқылы жеткіземіз. Алдарыңда тұрған портрет суретші Әбілхан Қастеевтің салған Абайдың портреті болса, ал мәтіндегі Абай портреті –Мұхтар Әуезовтің Абайға берген портреті. Портрет дегеніміз не?

(Портрет дегеніміз-көркем әдебиетте адамның сырт бітімін, кескін –кейпін, жүріс-тұрысын сипаттау)

«Ойлау» стратегиясы.

- Ендеше, әңгімеде Абай портреті қалай суреттелген?

Ұлжан бейнесі, Барлас бейнесі ше?

I топ. «Әдебиетшілер».

Тапсырма: Абай бейнесі (кластер әдісі)

Қол-аяғы өскен

Бет бейнесі іріленген

Реңі солғын

Жасы он үште

Мұрны ұзарған

Бойшаң

Денесі бір аралық

II топ. «Журналистер».

Тапсырма: Ұлжан, Барлас бейнелері

Екі топ та өз жазғандарын оқиды.

Қолдану.

Ой толғаныс: «Менің досымның портреті»

Жинақтау: Әңгімеде қандай салт –дәстүрлер көрініс берген?

1.Қонақ күту.

2.Бата беру.

3.Сый-сияпат беру.

«Журналистер» тобы сұхбат әзірлейді.

Қонақ деген кім?

Қонақтың қандай түрлері бар?

Бата деген не?

Әңгімеде Барластың батасы Абай үшін қабыл болды ма?

Батаның қандай түрлері бар?(Бір адамға бата бергізсе)

«Әдебиетшілер» тобы жауап айтады.

Бағалау: Әр топтың топ басшысы бағалау парағына қойған бағаға түсініктеме береді.

Үйге тапсырма: Ойтолғау «Менің анам»

Кері байланыс: Стикерге сабақ туралы пікірлерін жазады.

3-4 оқушы оқиды.«Екі жұлдыз, бір тілек» тақтасына іледі.

А.ИСАЕВА,
Онды орта мектебі.
Маңғыстау облысы,
Маңғыстау ауданы

ҚҰЛАГЕР-ПОЭЗИЯНЫҢ СҰЛУ САЗЫ

Мақсаты: білімділік-шығарманың мазмұнын меңгерту, тарихи фактілерге назар аудару, Ақан мен Құлагердің құдіреттілігіне көз жеткізу, тәрбиелік-өнерге, еліне, тарихына, табиғатына, тілге деген патриоттық сезімін ояту, ұлттық дәстүрді қалыптастыру; дамытушылық-оқушылардың іздемпаздығын, байқампаздық қасиеттерін ояту, тапқырлыққа баулу, тіл байлығын тереңдету, өз ойларын айта білдіруге дағдыландыру.


Оқыту әдістері: топтастыру, салыстыру, әдеби-теориялық талдау.

Көрнекілігі: Ілияс Жансүгіров суреттері, кітаптар, плакаттар, карта.

Пәнаралық байланыс: тарих, география, бейнелеу өнері, музыка.

Сабақтың барысы: «Сөздер сөйлейді»стратегиясы бойынша тақтаға шығамыз.

Үй тапсырмасын сұрау



-Ақынды сал, сері, сазгер дейміз. Осы қасиеттеріне сай тағы қандай мінездеме бере аласыздар?(поэмадан үзіндіні жатқа айту)

-Ақан әлеуметтік теңсіздікті қалай суреттеген? Үстем тап өкілдері кімдер?

Ілияс Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасы. Поэтикалық әлемі. Композициялық компоненттері. «Құлагер»-поэмаының сұлу сазы. Ақын шығармашылығының биік шыңы.

Мұхаметжан Қаратаев.

Интерактивті тақтамен жұмыс

Көркем мәтінге әдеби-теориялық талдау.

Теңеу сөз	Эпитет	Метафора


Д.ҚОЖАҒАЛИЕВА,
Тасшағыл орта мектебі.
 Атырау облысы,
 Қызылқоға ауданы,
 Тасшағыл ауылы

Салыстыру стратегиясы

Айырмашылығы

Айырмашылығы	Ұқсастығы	Айырмашылығы
«Құлагер» фильмі		«Ақырғы бәйге»
Көкдауыл	Ақанның өмірі мен	Көктұйғын
Ыбан	Құлагер туралы	Мөңке Шашубай

Күреңбайдың Құлагерге берген сипаттамасын мәтіннен тауып оқу, топтастыру.



Бекіту. Мәтінді қорытындылай келе, Батыраш, Қотыраштарға «Ұрпақ үкімі» атты айыптау соты ұйымдастырылады.

1. Ақынның сұм заманнан соққы жеп, серігі Құлагерден айырылуының себебі не?

2. Батыраш, Қотыраштарға ауыл ақсақалдары өз үкімдерін берді.

Ал сендер қандай үкім берер едіңдер?

Ойтолғау. «Құлагер-омыртқамның ішіндегі жұлыным -ай!»

Бағалау.

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ. «ҚЫС»

Мақсаты: білімділігі - Абай өміріне мәлімет бере отырып, «Қыс» өлеңінің мазмұны мен идеясын ашу. Абай өлеңдерін терең меңгерту, өлеңді талдау машығын жетілдіру; дамытушылығы-оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал ету. Сөздік қорын, ойын көз алдына елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту; тәрбиелілігі - қоршаған ортаның тылсым сырларына қызықтыру арқылы туған елінің табиғатын сүйе білуге баулу. Эстетикалық, экологиялық тәрбие беру.

Түрі: жаңа сабақ.

Әдісі: сұрақ-жауап, шығармашылық жұмыс, түсіндіру, топпен жұмыс, ой қозғау, жеке жұмыс.

Көрнекілігі: слайдтар, қима қағаздар, конфеттер, топтастыру, Абай шығармалары.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру.

Сынып оқушыларының сабаққа қатысын тексере отырып, сабаққа назарын аударту.

II. Топқа бөлу. («Снежок» кәмпиттері арқылы топқа бөлу)

III. Үй тапсырмасын сұрау.

Үй тапсырмасын «Бір тілек, бір сұрақ» стратегиясы бойынша қорытындылау.

IV. Қызығушылықты ояту.

-Жыл мезгілі нешеге бөлінеді?

-Қыс айларын ата?

-Кімге қай жыл мезгілі ұнайды?

-Қыс дегенде көз алдымызға не елестейді?

V. Жаңа сабақ.

Олай болса бүгінгі тақырыбымыз қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының «Қыс» өлеңі. Абай-ақын, дана, ағартушы, аудармашы, сыншы, сазгер, философ. Ол Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы Шыңғыс тауының баурайында дүниеге келген. Әжесі Зеренің бауырында өскен. Өте ақылды, зерек бала болған. Кейін ол Семей қаласында үш жылдық медресе тәрбиесін алады. Абайдың көптеген шығармалары бар.

VI. Мағынаны ашу.

«Қыс» өлеңінің шығу тарихын кім біледі?

Мұғалім: - 1884 жылы Семей өңірінде қыс қатты болып, ел жұтаған, мал қырылған екен. Қыста жауған қар сәуір айында бір-ақ еріген. Бұл өлең сол кезеңде жазылған. Сондықтан ақын қысты «Ақ киімді, денелі, ақ сақалды» зор тұлғалы адам ретінде сипаттаған.

Абайдың «Қыс» өлеңін бейнежазбада тыңдату.

VII. Кітаппен жұмыс.

Оқушыларға «Қыс» өлеңін мәнерлетіп оқыту.

VIII. Әдебиет теориясы.

Абай өз өлеңдері арқылы әдебиетке көптеген жаңалықтар алып келді. Сондай жаңалықтардың бірі-кейіптеу. Табиғат құбылыстарын жандандырып, тірі адам кейіпінде суреттеуді кейіптеу дейді. Оны қазір «Қыс» өлеңінен табамыз. Оқушыларға «Қыс» өлеңінен кейіптеуді тапқызу.

IX. Сөздікпен жұмыс.

Соқыр, мылқау- ештеңені көрмейді, естімейді.

Ұшпа- жеке, шоқ бұлт.

Шидем-кой жүнінен тоқылған сыртқы киім.

Домбығу-үсік шалу.

Қондыбай, Қанай- адам аттары.

X. Сергіту сәті.

Еркін ұста дененді,

Тарсылдатпай еденді.

Орнымызда тұрып ап,

Жүгірейік бір уақ.

Бір, екі, үш.

Один, два, три.

One, two, three.

XI. Шығармашылық жұмыс.

«Айналма парак» әдісі бойынша бір-біріңнің пікіріңді толықтырып, сол тақырып көлемінде әдемі мәтін шығару керек.

XII. Топтық жұмыс.

I топ. «Қабырғадағы рөл» әдісі.

II топ. «Қос шеңбер» әдісі бойынша қыс пен күзді салыстыру.

XIII. Жеке оқушымен жұмыс.

Халықтық педагогика.

Ертеде ата-бабаларымыз ауа-райын жануарлар мен өсімдіктерге қарап болжай білген. Өздерің білетін бірнеше болжам жазыңдар.

Қорытындылау.

«Өрмекшінің өрмегі» әдісі арқылы қорытындылау.

Үйге тапсырма: Абайдың «Қыс» өлеңін жаттау. Қыс туралы сурет салу.

Бағалау.

А.НҰҒМАНОВА,
Алма Оразбаева атындағы
орта жалпы білім беретін мектебі.
Батыс Қазақстан облысы,
Казталов ауданы,
Казталов ауылы

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН. **"АҚҚУДЫҢ АЙРЫЛУЫ"**

Мақсаты: а) ақын өміріне қысқаша шолу, шығармасына талдау жасай отырып, поэмасының идеясын, мақсатын ұғындыру; ә) оқушы білімін жинақтай отырып, талдауға, өз ойын еркін айтуға, дәйексөзбен дәлелдеуге дағдыландыру, сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту;

б) кейіпкер тағдырына ортақтастыра білу, мейірімді, бауырмал болуға тәрбиелеу; сұлулық пен махаббатты тануға, өз көзқарасын қалыптастыруға баулу;

Түрі: пікірсайыс, жарыс сабақ.

Типі: бекіту.

Әдісі: ой қозғау, топтастыру, дебат, эссе, автор орындығы.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, үлестірме топшамалар.

Пәнаралық байланыс: Орыс әдебиеті, музыка, салт-дәстүр.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру

а) сәлемдесу;

ә) тексеру;

б) зейінін сабаққа аудару.

В) «Серуенге шығу» арқылы топқа бөлеміз (лидер – рюкзак- отын-тамақ пісіруші- ыдыс жуушы)

1) Қызығушылықты ояту.

а) Ой қозғау. - Балалар, біз Сәкен туралы не білеміз?

- Оның қандай шығармаларын білесіз?

- Біз танысқан шығармасы қандай еді?

Поэманың негізгі кейіпкерлері кімдер? (сұр мерген, аққу)

Енді мына жоспар арқылы поэзия мазмұнын еске түсіріп көрейікші.

•1. Арқада бір жер бар еді,

•Жібек самал саясы:

•Саяда бір көл бар еді,

•Сырлы кесе аясы.

•2. Айна көлді мекен еткен,

•Бір екі аққу бар еді,

•Мақсұтына бірге жеткен,


•Екі ғашық жар еді.

•3. Еш күнәсіз шашақ терген

- Екі ғашықты айырды
- 4...Күйіктінің зары
- 5... Өлімді де шіркін ғашық,
- Сүйгенімен бір көрді
- (Поэмаға шолу жасалған соң топтастырамыз.)

II. Мағынаны тану.


ә) Топтастыру.



Жалпы қазақ халқы ырым, наным-сенімге сенетін халық. Сол себепті олар аққуды киелі санайды. Аққуды ежелден қастерлеп, бақыттың бастамасы, жақсылықтың жаршысы, пәктіктің, сұлулықтың белгісі деп ұғады әрі оған ешқашан оқ атпаған. Аққу турасында ел аузында аңыз-әңгімелер көп, тіпті ақын-жазушыларымыз, әнші-сазгерлеріміз де қарап қалмаған. Мәселен, М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда», Қорқыт баба, Ықылас Дүкенұлының, Н.Тілендиевтің «Аққу» күйлері, Б.Аюхановтың «Аққу биі» халқымыздың аққуға деген сүйіспеншілігі мен құрметінің дәлелі. Мына бір аңызға сүйенсек: «Ертеде бір адам аққудың киелі екенін білмей оқ атады. Сонда аққудың сыңары өз қосағынсыз өмір сүре алмайтынын дәлелдеп, өзінің басын тасқа ұрып, өзін-өзі өлтіреді. Ал оқ атқан адам арада қанша жыл өтсе де отбасын құра алмай, еш перзентсіз дүниеден жалғыз өтіпті» дейді. «Аққу -құстың төресі, жалғыз жатып оттамас» деген нақыл сөзден аққу сыңарынсыз өмір сүре алмайтынын көреміз. Бұл аңызды айтқанда, есімізге еріксіз Қыз Жібек пен Төлегеннің махаббаты түседі. Қыз Жібек те аққу тәрізді, Төлегенсіз өмір сүре алмай, құздан құлап өледі. Аққуды тек қазақ халқы емес, басқа халықтар да дәріптеген. Мысалы: П.И.Чайковскийдің «Аққу көлі» атты шығармасы, сол сияқты Шекспирдің «Венеция көпесі» атты пьесасында аққу сұңқылдап ән салады. Тіпті аспан әлеміндегі шоқжұлдыздардың бірі «Аққу жұлдызы» деп аталады. Салт-дәстүрімізде «Аққу мойын» деп аталатын өрнек те бар. Аққуды

атқан адам жамандыққа ұшырайды, өлген аққу жалғаспаған ұрпақты білдіреді.\

«ХИКАЯ КАРТАСЫ» арқылы өтілген тақырыпты пысықтау.



Дебат. «Аңшы әрекеті дұрыс па?»

- Иә;
- Жоқ.

Жауаптарына қарай оқушылар топтасып, пікір таластырады.

III. Толғаныс.

в) 5 минуттық эссе.

«Егер сіз автор болсаңыз шығарманы қалай аяқтар едіңіз?»

IV. Үй тапсырмасы.

- 1) Аққудың киесі;
- 2) Мерген қатыгездігі;
- 3) Аққу-табиғат тақырыптарының біріне шағын шығарма жазу.

**Ж.НҰҒМАНОВА,
Шөптікөл ЖОББМБ.
Батыс Қазақстан облысы,
Қаратөбе ауданы**

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ. «ЕКІ ШЫБЫН»

Мақсаты	Оқушылар «Екі шыбын» өлеңінің мазмұнын меңгереді, мән-мағынасын ашады. Өздігінен жұмыс істеу арқылы ой-өрісін дамытады, өз ойын еркін айтуға дағдыланады. Еңбексүйгіштікке, жаман әдеттен аулақ болуға тәрбиеленеді.Өзін-өзі бағалау түсініктері кеңейеді.	
Күтілетін нәтиже	Оқып-үйренуде жана тәсілдерді пайдалана отырып жеткені көрінеді. Ойын еркін жеткізе алатын болады. Берілген тапсырмаларды орындау барысында оқу белсенділіктері артады.Дарынды балалар анықталады. Өзін-өзі бағалай отырып, сыныптастарын бағалап үйренеді.	
Түйінді идеялар:	Оқушылардың өмірдегі ұстанымын, болашағын анықтауына жаңа тәсілдер арқылы ықпал ете отырып, адамның қайталанбас тұлға екендігін түсіндіру. Сыни ойлауын дамыту.	
Керекті жабдықтар	Интербелсенді такта; Тұсаукесер, Үлестірме парақтар, қорапша, фасоль салынған кобдиша.	
Сабақ барысы		
Сабақ кезеңдері	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Кіріспе	Тренингке қатысып тұрған оқушы сол жағында тұрған оқушыға қолын беріп, «сенімен қарым-қатынаста болғаным өте қуаныштымын» деп қолынан ұстайды, ол оқушы қасында тұрған келесі оқушыға осы сөзді айтып әрі қарай жалғаса береді де бүкіл оқушылар қол ұстасып шеңбер құрады, содан соң бәрі де бір дауыспен «бір-бірімізбен қарым-қатынаста болуға өте қуаныштымыз» деп айтады. Топқа бөлу үш түсті қағаз қиындысын құрастыру арқылы /3 топқа бөлінеді/. Топ ережесі: Уақытты тиімді пайдалану, Тыныштық сақтау , Сөзді бөлмеу, кезектесіп сөйлеу , т.б. топ басшысы сайланады; Үй жұмысын тексеру /Қорапшадағы сұрақтар / 1. Ұлы ақын А.Құнанбайұлының тікелей мұрагері, дарынды шәкірті кім? 2. Ахметтің әкесі Байтұрсын қандай адам болған? 3. Ақын жастарды адам мінезіндегі қандай кемшіліктерден аулақ болуға шақырады? 4. «Ахмет- ақын» деген ұғымға тағы да қандай қасиеттерді енгізер едіңдер? 5. 1912-1922 жылдар аралығында Ахметтің жинақтары қай қалаларда басылып шыққан еді? 6. «Ақын ініме» деген өлеңінде ақын адам мінезіндегі қандай қасиеттерді сынаиды? 7. Абайдың неше кара сөзі бар, олар қандай мәселелер жөнінде ой қозғайды? 8. «Жастарға» деген өлең кімнің туындысы, онда автор жастарды кімнен үлгі алуға шақырады?	Оқушылар амандасады, топқа бөлінеді. Үй тапсырмаларын орындайды, сұрақтарға жауап береді.

Тұсаукесер	Қызығушылықты ояту. «Бес арыс» деп кімдерді айтамыз?	Топтар қойылған сұрақтар бойынша топта жұмыстанады. Сабақтың тақырыбын, мақсатын айтады.				
Негізгі бөлім	1. (I топқа): А.Байтұрсынұлының шығармашылығы жөнінде 4 сұрақтан тұратын сұхбаттасудың үлгісін көрсету (мәнді, ұтымды сұрақтар мен толық, дұрыс жауаптар бағаланады) 2. (II топқа): берілген өлеңді оқып, бір- біріне түсіндіреді, түсінігі бойынша негізгі тақырыбын ашып айтады, берілген өлең мәтіні бойынша рөлге бөлініп, қойылым көрсетеді.(басқа топ мүшелері бағалап, тақырыбын айтады) 3. (III топқа): Ғаламтордан орыстың мысалшы ақыны И.А.Крылов туралы мәліметтер табу. Мысал өлеңдер дегеніміз не? Мысал келтіре отырып түсіндіру (постерда қорғау).	1. Әр оқушы өзіне берілген тапсырма бойынша жауап береді; 2. Топта оқушылар рөлдерде ойнайды; Нәтижесін басқа топ түйіндеп айтады. Топта көшбасшыны, белсенді оқушыны, ұсынысты дайындап барлық оқушылар алдында айта отырып формативті бағаларын береді;				
Бекіту	«Фасоль салынған қорапшадағы» сұрақтар: 1. «Екі шыбын» өлеңінде өгіз қайдан келе жатты? 2. Шыбынға кім кездесті? 3. Ахмет Байтұрсынұлының мысалдары оның қай кітабына енгізілген? 4. Оның қандай мысалын оқыдық? 5. Мысалда қандай мінезді адамдар сыналады? 6. Өмірден қандай мысал келтіруге болады? 7.Мысалдан қандай әсер алдыңдар? 8. Мысалдағы шыбынның әрекетіне өгіздің көзімен пікір айтып көр. 9. Қара шыбын неге шаршап келді? 10. Мысалдағы өзекті ойдың мәнісі қандай? 11. Мысал мазмұны қандай мінезді мензейді? 12. - Мысал орысша қалай аталады? Кестемен жұмыс. <table border="1" style="margin-left: auto; margin-right: auto;"> <tr> <td>1 - шыбын қандай?</td> <td>2 - шыбын қандай?</td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> </tr> </table>	1 - шыбын қандай?	2 - шыбын қандай?			Тау мен бұлт табиғатында болатын өзгерістерді адам бойындағы қасиеттермен, өмірмен байланыстыра айтқызу.
1 - шыбын қандай?	2 - шыбын қандай?					
Қорытынды	Кері байланыс «Қазақты оянсын деп сөзбен шаққан» тақырыбы бойынша бүгінгі сабақтан алған мәліметті пайдаланып әссе жазу (2-3 балаға оқыту)Бағалау. Сабақты пысықтау үшін, топтар бірін-бірі формативті түрде қол белгілері арқылы бағалайды, марапаттайды. Үй жұмысы. Автордың «Екі шыбын» мысалын жаттау.	топ басшысы бағалау парағына қорытынды бағасын қойып, таныстырып өтеді.				

Б.СЫНДАРОВА,
Мұхаметқұл Исламқұлов атындағы жалпы орта мектеп.
 Оңтүстік Қазақстан облысы,
 Ордабасы ауданы,
 Шұбарсу елді мекені

БАҒАЛАУ ҮДЕРІСІ-ОҚЫТУ МЕН ОҚУДЫҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ

Максаты:	Мұғалімдер жоспарлауда тиімді оқыту идеяларын қолдану арқылы оқу үшін бағалау және оқыту үшін бағалаудың мәні және оны оқыту тәжірибесінде қолдану әдістемесі туралы білімдерін көрсетеді.		
Күтілетін нәтиже:	Мұғалімдер бағалау түрлерінің әдістерін қолданып, сабақ жоспарын әзірлейді және оқу үдерісін жетілдіру үшін маңызы ерекше екенін ұғынады.		
Түйінді пікірлер	Бағалау үдерісінің оқыту мен оқудың ажырамас бөлігі екенін түсіну мұғалімдердің түйсігінде үлкен өзгерістердің жүзеге асырылуын талап етеді, себебі олар бағалауды оқу үдерісін аяқтайтын үдеріс ретінде дәстүрлі түрде қабылдауға үйреніп алған.		
Сабақта қолданылатын материалдар:	Маркерлер, түрлі-түсті стикерлер, слайдтар, бағалау парақтары, ноутбук, видеопроектор, т.б.		
Дерек көздері:	МАН, газет-журналдар, портал материалдары.		
Сабақтың кезеңдері. Уақыты	Жатықтырушының іс-әрекеті	Қатысушылардың іс-әрекеті	Бағалау
Кіріспе бөлім. Психологиялық ахуал туғызу. 5 мин.	Сергіту сәті. «Күн нұрын шашады» қимыл қозғалысқа бағытталған сергіту сәтін жасату.	Күн нұрын шашады, көйлек кигендер ауысады. Күн нұрын шашады, көзілдірік кигендер ауысады. Күн нұрын шашады, ақ көйлек кигендер ауысады. Күн нұрын шашады, юбка кигендер ауысады. Күн нұрын шашады, костюм кигендер ауысады, т.с.с.	
Ұйымдастыру кезеңі. 5 мин.	Топқа бөлу. Мұғалімдерді <i>Мен-ақылдымын</i> <i>Мен-еңбекқормын</i> <i>Мен-мейірімдімін</i> сөздерімен топтастыру.	Мұғалімдер Мен-..... жазылған қағазды таңдап алады, топқа бөліне бастайды.	Бірін-бірі бағалау
Ой қозғау. 10 мин.	Тақырыпты ашу үшін: Мұғалімдерге өздерін «Даму ағашы» бойынша бағалау ұсынылады.Өздеріне тиісті деңгейді маркермен бояу керек екені тапсырылады.	Мұғалімдер «Даму ағашындағы» өз деңгейлерін маркермен бояп, өздерін бағалауға тапсырылады.	Өзін-өзі бағалау
Диалогтік әңгіме. 15 мин.	Коуч мұғалімдерге бағалау туралы мынадай сұрақтар қояды. -Бағалау дегеніміз не? - Бағалаудың маңыздылығы неде деп ойлайсыздар? -Оқушының оқуға қызығушылығын арттыру үшін қалай бағалау керек деп ойлайсыздар?	Қойылған сұраққа жауап береді, мысалдар келтіріп дәлелдейді.	«Басбармақ» әдісімен бағалау

	-Бағалаудың қандай түрлерін білесіздер және өз тәжірибеңізде қайсыларын қолданасыздар? - Жаңаша бағалау білім сапасын көтеруге кепіл бола ала ма?		
Теориялық мәлімет. 10 мин.	«Бағалау және оның түрлері» таныстырылымы 15_ТОО_ЗаЗк_«ОуБ құралдары» таныстырылымы.pdf Оқыту үшін және оқу үшін бағалау.ppt	Мұғалімдер таныстырылыммен танысады және теориялық білім алады.	
Бейнеролик көрсету. 15 мин.	Мұғалімдердің теориялық біліктілік деңгейін бақылау үшін 1.«Песенка мышонка» мультфильмінен үзінді көрсетіп, сұрақ қояды. -Тышқанның қолынан келмейтін нәрсені үйренуіне не көмектесті? 2.«На задней парте» мультфильмінен үзінді көрсетеді. - Осы екі мультфильм үзінділерінің қайсысында формативтік (қалыптастырушы) бағалау, ал қайсысында суммативтік (жиынтық) бағалау қолданылды деп ойлайсыздар?	Мұғалімдер: -«Тышқанның үйренуіне қоян мен кірпі қолдау көрсетіп, мақтап, еңбегін бағалағаны көмектесті.» деп жауап берді. Бірінші мультфильмде –формативті бағалау, екінші мультфильмде-суммативті бағалау қолданылды деп жауап береді.	«Бағдаршам» әдісімен бағалау.
Топтық жұмыс. 20 мин.	Мұғалімдерге «Гүлдегі көбелек» композициясын жасауды ұсыну.Жасап болған соң әр топ бір-бірінің жасаған композицияларын өлшемдер бойынша бағалайды.	Топтар бір-бірінің жасаған композицияларын өлшемдер бойынша бағалайды. Өлшемдерді топтардың өздері құрастырады. Әр бағалаудың арасындағы айырмашылықты біледі.	Өлшемдер бойынша бағалау.
Кері байланыс. 10 мин.	«Маусымдық бағалау» әдісі арқылы кері байланыс жасату. Жыл мезгілдеріне сәйкестендіріп, «Көктем» -позитив жақтарын, «Жаз» - эмоциялы жақтарын, «Күз»- шығармашылық жақтарын, «Қыс» -негатив жақтарын көрсетулері керек.	Мұғалімдер өтілген коучинг жайлы кері байланыс жасайды.	«Маусымдық бағалау» әдісі.

А.НАУРЫЗОВА,
Жәңгір хан атындағы жалпы
білім беретін орта мектеп.
 Батыс Қазақстан облысы,
 Бөкей Ордасы ауданы

МЕНИҢ РЕСПУБЛИКАМ

Мақсаты: білімділік-лирикалық кейіпкер туралы ұғымды қалыптастыру, өлеңнің негізгі идеясы мен тақырыбын, көркемдік ерекшелігін таныту; Оқушыларды ақын өлеңі арқылы туған жерін, Отанды сүйуге, қастерлеуге тәрбиелеу; Оқушылардың ауызша-жазбаша тіл байлықтарын, шығармашылық дағдыларын дамыту.

Түрі: жаңа материалды түсіндіру сабағы.

Әдісі: түсіндіру, сұрақ-жауап.

Көрнекілігі: Қазақстан картасы, Қазақстан табиғатының суреттері, тірек сызбалар., Әнұран, автордың портреті.

Қосымша материалдар: Ақынның шығармалар жинағы.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

Жұбан Молдағалиев “Ар-ұят туралы” өлеңінен үзінді жаттау.

“Адам ол өледі, ұятынан айырылған сағатта” тақырыбына ойтолғаныс жазу.





Үй тапсырмасын бекіту.



III. Жаңа сабақ.


С.Мәуленов өмірі, шығармашылығы туралы түсінік беру.

Шығармалары:



IV. Мәнерлеп оқу. Электронды оқулықтан өлеңді мәнерлеп оқуды тыңдата отырып, өздеріне мәнерлетіп оқыту.

V. Лирикалық кейіпкер туралы түсінік беру.



Есте сақта!
 Лирикалық кейіпкер - поэзиялық шығармалардан көрінетін ақынның бейнесі. Өлең жырларда ақын өз атынан сөйлейді, өзінің ішкі сезімін көрсетеді.

VI. Ақын өлеңінің поэтикалық тілі.

Көркемдегіш құрал	Өлеңнен үзінді
Теңеу Эпитет Метафора Кейіптеу	<i>Көлді көрсең секілді бір түскі аспан Қызыл бұлттай көрсең қырдың гүлдерін</i> <i>Байтақ республикам, мөлдіреген сол аспан, түскі аспан, ашық Алатау, ұлан-байтақ Республикам</i> <i>Менің көгім – мөлдіреген сол аспан</i> <i>Менің көлім теңізбен қол ұстасқан.</i>

VII. Салыстыру жұмысы (Қазақстан Республикасының Әнұраны мен «Менің Республикам» өлеңін салыстыру, айырмашылығы мен ұқсастығын табу).

«Менің Республикам»	Ұқсастығы	Әнұран
Қазақстан Республикасының тауын, өзен, көлін, Алатауының асқар биіктігін жырлайды, 11 буынды, қара өлең ұйқасы	Екі өлеңде де елдің кең байтақ өлке екені, Отанымыз - Қазақстан елі екені жырланады.	Намысқой қазақ халқы, кең даладағы алтын дән, тәуелсіз ел ертеңі жырланады, 6-7 буынды шалыс ұйқас.

VIII. Сабақты бекіту.

Автор шығармасы арқылы өзінің қандай сезімін жеткізген?

Өлеңнің идеясы не?

–Өлеңдегі ақынның жоғары өршіл рухы қалай көрінеді?

IX Үйге тапсырма.

1. Өлеңді жаттау.

2. “Ұлан-байтақ Республикам бұл менің” тақырыбына ойтолғанис жазу.

3. Бағалау.

КҮШЕЙТПЕЛІ ШЫРАЙ

Жалпы мақсаты	Күшейтпелі шырайға тән белгілер мен жасалуын меңгерту			
Күтілетін нәтиже	-Күшейтпелі шырайдың жасалу жолын біледі; -Теориялық ақпаратпен танысағын болады; - Жаттығуларды өз бетінше орындай біледі.			
Өткізу кезеңдері	Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Ресурстар
Сәлемдесу, сыныпта жағымды психологиялық ахуал тудыру.	2 мин.	Амандасу, түгелдеу. Шаттық шеңберге тұрғызу. «Бояулар сыры» тренингі арқылы балалар түрлі-түсті қағаздардан өздеріне ұнайтын түсті көрсетеді. Таңдаған түстеріне байланысты мінездеме айтады.	Амандасады. Таңдаған түстерін көтереді.	
Топтарға бөлу	2 мин	Түрлі-түсті қағаздардың сәйкестігіне байланысты топтарға бөлінетінін айтамын.	1 топ - қызыл, 2 топ - жасыл, 3 топ - сары	Топ атаулары

Үй тапсырмасын сұрау. «Жуан-жіңішке сұрақтар»	5 мин.	Оқушыларға доп беру арқылы үй жұмысын сұраймын. Жуан-жіңішке сұрақтар. 1.Сөз таптарын ата. 2.Сын есімнің шырайлары. 3. Сын есімнің сұрақтары бар ма? 4.Өнімді,өнімсіз жұрнақ сапалық сын есімдердің бәріне тән бе?	Оқушылар допты алып үй жұмысын айтады. Мысалдарды дәлелдермен қорғайды. Мұғалім мен оқушы,оқушы мен оқушы арасында диалог жүреді.	доп																								
Жаңа сабақтың тақырыбын ашу. «Кім жылдам?»	2 мин.	«Кім жылдам?» ойыны арқылы бүгінгі сабақтың тақырыбын белгілеп аламын. Шешуі кілті: 12,10,15,7,6,14,18,7,5,20,15,24,21,28,6	Оқушылар «Кім жылдам?» ойынын топ болып ойлана отырып, сабақтың тақырыбы «Күшейтпелі шырай» екендігін айқындайды, дәптерлеріне тақырыпты жазады.	кесте																								
		<table border="1"> <tr> <td></td> <td>1</td> <td>2</td> <td>3</td> <td>4</td> </tr> <tr> <td>5</td> <td>л</td> <td>ү</td> <td>ш</td> <td>і</td> </tr> <tr> <td>6</td> <td>й</td> <td>к</td> <td>п</td> <td>ы</td> </tr> <tr> <td>7</td> <td>е</td> <td>т</td> <td>р</td> <td>а</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>		1	2	3	4	5	л	ү	ш	і	6	й	к	п	ы	7	е	т	р	а						
	1	2	3	4																								
5	л	ү	ш	і																								
6	й	к	п	ы																								
7	е	т	р	а																								
Негізгі бөлім. II.Мағынаны тану.	3 мин	Мұғалім жазбасы Күшейтпелі шырайдың жасалу жолдары. 1. Күшейтелі шырай сапалық сын есімдердің алдына күшейткіш буындардың қосарлануы арқылы жасалады. Мысалы: қап-қара 2.Күшейтпелі шырай сапалық сын есімдерге тым, өте, аса, ең, орасан т.б сөздердің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: өте ұсақ	Топ болып оқиды, мысалдарды жалғастырады.	Слайд, қосымша ресурстар																								

Топтық жұмыс	2 мин.	Сынып ішінде күшейтпелі шырайларға мысалдар бар ма? Сатылай кешенді талдау жасату	Сөмкелер (жеп-жеңіл, ап-ауыр, өте әдемі) , бөлме жап-жарық, гүл өте әдемі және тым биік, жіп-жіңішке. Мысалдарға (математикалық мінездеме, фонологиялық, морфологиялық талдау) жасайды.	A4 форматқа жазылған өлеңдер.									
Авторлық шеберлікті шыңдау	4мин.	М.Мақатаевтың өлеңдерін топтарға таратып беремін. 1.Сап-сары жапырақтар. 2.Күрең күз. 3. Қап-қара, ғажап, сиқырлы. Аталған өлеңдерді 1 - топ-күліп, 2 - топ- жылап, 3 - топ – ашуланып оқуға тапсырма беремін.	Оқушылар топ болып жұмыс жасайды.Өлең ішінен күшейтпелі шырайларды табады. Әр топтан 1 оқушыдан оқиды.										
Жұптық жұмыс	4 мин.	Семантикалық картамен жұмыс	Топта отырған оқушылар бір-бірімен жұптасып, дидарласа отырып орындайды.	Қосымша қорсеттік-антикалық карта.									
		<table border="1"> <tr> <td>Мысалдар</td> <td>Салыстырмалы</td> <td>Күшейтпелі</td> </tr> <tr> <td>Ақшыл Бойшаңырақ Тап-таза Ең әдемі Сарылау Оп-оңай Тіп-тік Бозғылт Аппак Аса терең Ең жақсы Ап - аласа</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>	Мысалдар	Салыстырмалы	Күшейтпелі	Ақшыл Бойшаңырақ Тап-таза Ең әдемі Сарылау Оп-оңай Тіп-тік Бозғылт Аппак Аса терең Ең жақсы Ап - аласа							
Мысалдар	Салыстырмалы	Күшейтпелі											
Ақшыл Бойшаңырақ Тап-таза Ең әдемі Сарылау Оп-оңай Тіп-тік Бозғылт Аппак Аса терең Ең жақсы Ап - аласа													

БІЗДІҢ МҰҒАЛІМ

Кітаппен жұмыс.	3 мин.	53-жаттығу. Күшейтпелі шырайды қатыстырып сөз тіркесін құраңдар.	Күшейтпелі шырайды қатыстырып сөз тіркесін құрайды.	
Жеке оқушымен жұмыс	3 мин.	54-жаттығу. Тапсырма «Кім көп біледі?» Төмендегі күшейткіш буындар арқылы құралған қос сөздерді кім көп тауып жазса, сол озып шығады.	Тап- (5 сөз) (таза, тар тамаша, тақыр, тұйнақтай) Ап - (6 сөз) (арық, аппақ, аз, аласа, алыс, ашық) Жап- (7 сөз) (жарық, жасыл жаңа, жақын, жаман, жақсы, жайлы) Сөйлем құрастырады, сөйлемдерге морфологиялық талдау жасайды.	
	6 мин.	55-жаттығу. Сөз тіркестерінен сөйлем құрастырыңдар.		
Тақта. III Білімді бекіту.	5 мин.	Оқушыларға тақырыпты бекіту тапсырмаларын береді. «Күшейтпелі шырай» сөзінен бірнеше сөздер тізбегін жасау. «Өте зейінді оқушы» тақырыбына шағын шығарма жазу.	Жеке жұмыс «Өте зейінді оқушы» тақырыбына шағын шығарма жазарды.	
Жеке жұмыс.				
Үйге тапсырма	1 мин.	Күнделікті енді ашайық, Тапсырманы жазып алайық. Күшейтпелі шырайдан алған білімді Ұмытпай еске салайық! 52-жаттығу	Күнделіктеріне жазып алады.	
Рефлексия	2 мин.	-Бұл сабақ қаншалықты қиын болды? -Саған сабақ ұнады ма? -Бүгінгі сабақтың ерекшелігі неде? Оқушыларды бағалаймын.	Оқушылар рефлексияны нақты, сауатты жазады, тақтаға іледі. Күнделіктеріне қойдырады.	Стикер
Бағалау	1 мин.			

Мақсаты	Топтық жұмыс арқылы ынтымақтастыққа үйренеді, сын тұрғысынан ойлауға үйренеді, өз ойын толық жеткізіп, сөйлем құрай білуге дағдыланады, мәтіннен нақты ойды белгілейтін сөйлемдерді таба алады.
Міндеттері	Оқылым: оқу мәтіндеріндегі тірек сөздерді ажыратады. Дыбыстық талдауды оқып үйренеді. Айтылым: тақырып бойынша өз ойын айтып, сөйлеуге үйренеді. Жазылым: Фишбоун әдісі арқылы сұрақтарға жауап жазады, дыбыстық талдауды жазады; Тілдесім: ұсынылған тақырып бойынша сөйлеседі. Берілген тірек сөздер арқылы сөйлесуге үйренеді.
Күтілетін нәтижелер	Топтық, диалогтік жұмыс арқылы білім алмасып, оқушылар бір-бірінен үлгі алады, нені қалай оқу керектігіне қызығушылықтары артады, диалогтік қарым-қатынаста тыңдау және сөйлеу әдебіне көңіл аударады, дарынды оқушыны үлгі етеді, қазақ тілінде сөйлеуге, меңгеруге құмарлығы артады, сыни көзқарасын білдіру арқылы сөз байлығы молаяды.
Көрнекі құралдар	карточкалар, оқулық, фломастерлер, А4 қағаздар, стикерлер, дискі, «сөзжұмбақ» жазылған плакат, аудиокұралдар, тұсаукесер, слайд, суреттер
Сабақтың барысы:	
Мұғалімнің іс-әрекеті. Психологиялық ахуал Ұйымдастыру кезеңі Мұғалім балалармен сәлемдесіп, жаттығу ұйымдастырады. Психологиялық ахуал туғызу (1 мин.)	Оқушылардың іс-әрекеті Оқушылар мұғаліммен амандасып, орындарында сергіту жаттығуын орындайды. Кезекші сабақта жоқ оқушыны атайды, себебін айтады\ егер болса\ Оқушылар ішкі және сыртқы шеңбер болып бетпе-бет тұрып «Біздің сынып» үй тапсырмасын айтып шығады. Сыртқы шеңбер оқушысы сұрақ береді ішкі шеңбер жауап береді. Оқушылар сөзжұмбақты шешіп сабақтың тақырыбын шығарады. Сұраққа жауап береді.

<p>Сергіту сәті. «Көңілді күн» әнімен билеп көңіл-күйлерін көтереді.</p> <p>Сабакқа қатыспаған оқушыларды белгілеу.</p> <p>Үй тапсырмасын тексеру.(8мин.)</p> <p>Бүгінгі сабақтың тақырыбы шығу үшін сөзжұмбақты шешейік. (5мин).</p> <p>Қазақ тіліне аударындар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Учитель. 2.Рисунок. 3.Школа. 4.Звонок. 5.Море. <p>Сабақтың тақырыбы: Біздің мұғалім. Сабақтың мақсаты айтылады. (2мин.)</p> <p>Топқа бөлу (3мин.)</p> <p>Сынып оқушыларын суреттер бойынша топқа бөлу.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1-топ- «мектеп» 2-топ – «сынып» 3-топ – «оқу құралдары» <p>Сұраққа жауап беріңдер:</p> <p>-Ұстаз дегеніміз кім?</p> <p>-Педагог - оқушыға білім, тәрбие беретін адам.</p> <p>-Топ басшысына стикер беремін. Бағалау парақтарын беремін.</p> <p>Тыңдалым (6 мин.): дискіден 5 тапсырманы тыңдату: мәтін тыңдайды, түсінгендерін айтып береді.</p> <p>(10 минут) 8 мәтін қабырғаларға алдын- ала жапсырылады.</p>	<p>Сөздікпен жұмыс (3мин). Жаңа сөздер:</p> <p>Мұғалім, ұстаз-учитель-teacher Мейірімді-добрый-kind Ақылды-умный-clever Көңілді-веселый-merry Әдемі- красивый-beautiful</p> <p>Жаңа сөздермен сөйлемдер, сөз тіркестерін құрастырады.</p> <p>Тыңдалым: түсінген оқушылар мәтінді мазмұндап береді. Топ басшылары бағалап отырады.</p> <p>6 оқушы ішкі шеңбердегі оқушылар бастарында сұрақтар жазылған қалпақтарды киіп сыртқы шеңберге бетпе-бет тұрып «Біздің мұғалім» мәтінін айтып шығады. Сыртқы шеңбер оқушысы сұрақ береді, ішкі шеңбер жауап береді.</p> <p>«Фишбоун» әдісі арқылы 3 топ оқушылары флипчартқа «Біздің мұғалім» тақырыбына постер жасайды.</p> <p>Топпен қорғайды. Топ басшылары бағалап отырады.</p> <p>«Екі жұлдыз, бір тілек» стратегиясы. Топ басшылары топ мүшелерінің бағаларын айтады, мұғалімнің, оқушылардың пікірлерін тыңдайды. Топ басшысы бағалайды.</p>
---	--

<p>Сол мәтіндерді оқушыларға жұппен шығып оқып шығуларын сұраймын.</p> <p>Ішкі шеңбер мен сыртқы шеңбер арқылы тексеріледі.</p> <p>Ішкі шеңбердегі оқушылардың басындағы қалпақтарындағы сұрақтар: Кім? Не? Қандай? Неліктен? Нені үйретеді? Қайтеміз?</p> <p>Ішкі шеңбер мен сыртқы шеңбердің оқушылары ауысып тұрады.</p> <p>Мұғалім: - Енді, балалар, мәтінге 5 минут қарап шығындар, дұрыс жауап бердіңдер ме?</p> <p>Мұғалім: - Өздерің қандай мәлімет алдыңдар?</p> <p>Кімнің сұрағы ұнады?</p> <p>3 топ: «Біздің мұғалім» тақырыбына постер орындайды. (15 мин.)</p> <p>Топтық жұмысты қорғайды (4мин.)</p> <p>Рефлексия (Ой қорыту)(1мин.)</p> <p>Нені білдім? Нені білемін? Нені білгім келеді?</p> <p>Үйге тапсырма беру.</p>	
---	--

СИНОНИМДЕР

Мақсаты: білімділік - оқушылардың синонимдер туралы лингвистикалық білімдерін кеңейту, қосымша тапсырмалар мен жаттығу жұмыстары арқылы бекіту; тәрбиелік- оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке баулу, ана тілді сүйуге, Отанды қорғауға тәрбиелеу; дамытушылық- оқушылардың лингвистикалық дүниетанымдарын кеңейту, көркем әрі сауатты жазуға дағдыландыру.

Түрі: дәстүрлі сабақ.

Әдіс-тәсілі: түсіндіру, сұрақ-жауап, жаттығу, өзіндік ой қорыту.

Көрнекіліктері: кесте, сызба, карточкалар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Оқушылармен сәлемдесу.
2. Оқушылардың зейіндерін сабаққа аудару.
3. Оқушылардың сабаққа қатысын тексеру.

Үй тапсырмасын тексеру: 1. «Джокер картасы» бойынша ереже сұрау. 2. 65-жаттығу.



Жаңа сабаққа дайындық.

1. Сабақ тақырыбын тақтаға жазу.
2. Сабақ мақсатын түсіндіру.

I. Ой қозғау:

Жаңа сабақ: Синонимдер.

(Оқушылар кітапты ашып, ережені іштей оқып шығады, сызбаға омонимдер туралы білгендерін жазып, толықтырады, 1 оқушы сызбамен таныстырып шығады.)



Берілген сөздерге синоним болатындай мысал жазу

I қатарға: *тез*

II қатарға: *жай*

III қатарға: *серп*

IV. Жаңа сабаққа дайындық.

1. Сабақ тақырыбын тақтаға жазу.

2. Сабақ мақсатын түсіндіру

V. Жаңа тақырыпты түсіндіру:

Мағыналары бір-біріне жақын, бірақ әр түрлі дыбысталып айтылатын сөздер тобы синонимдер деп аталады.

1) Сөздің дыбысталуында өзгешелік болуы керек;

2) Сөздер бір ғана ұғымды білдіруі керек;

3) Сөздер бір ғана сөз табына қатысты болуы керек.

Бұған қосымша синонимдер мәтінде бірін бірі алмастырған жағдайда бір ғана сөйлем мүшесінің қызметін атқарады.

Мысалы: *ас, тағам, дәм, ауқат* дегендер бір ғана синонимдес

сөздер. Дыбысталуды әр басқа болғанымен, беретін ұғымы- адам баласының жейтін қоректік заты.

Қазақ тілі – синонимге өте бай тіл. Синонимдік қатарлар әр сөз табының құрамында кездеседі. Мысалы:

-зат есімдерден болған синонимдер: *өң, түр, түс, келбет, пішін, ажар, көрік, әлпет, кескін, рең, дидар, шырай.*

-сын есімдерден болған синонимдер: *салмақты, сабырлы, байыпты, ұстамды;*

-етістіктерден болған синонимдер: *амандасу, сәлемдесу, есендесу;*

-үстеулерден болған синонимдер: *тез, жылдам, шатиан, лезде.*

VI. Жаңа тақырып бойынша түсінік тексеру:

2. Үлестірме қағаздармен жұмыс.

1. Сөйлемдегі синоним сөздерді тап.

Сенің топырағыңда қаншама дүр-дүр батыр, дүл-дүл ақын, майталман талант иелері туылмады дейсің.

2. *Азар да безер болды.*

Ат тонын ала қашты.

Көз ілмеді, көрер таңды көзімен атқызды.

Берілген тіркестердің мағынасын ашып, түсіндір, олар өзара синоним бола ала ма?

1. Синоним болатындай тіркестер құрап жаз.

Қырғи қабақ. Қас пен көздің арасында. Бетінен оты шықты. Тас жүрек.

1. Төмендегі мәтіннен синоним болатын сөздерді тап және сол сөздерге сөйлем құра.

Адамның асқан сұлулығы – оның сезгіштігі, қарапайымдылығы, тілектестігі, ниеттестігі.

VII. Жаңа сабақты бекіту:

1. Оқулықпен жұмыс.

70 -жаттығу.

Төмендегі синонимдік қатардағы сөздерді басқа сөздермен тіркестіріп, олардың қанша сөзбен тіркесе алатындығын анықтандар.

71 жаттығу.

гажап, шақ, қараулық, уәде, айла, жан сөздерінің синонимдерін тауып, олардың орнын ауыстырып қолданыңдар.

2. Ар-намыс туралы білетін қанатты сөздерді, мақал-мәтелдерді жазу.

VIII. Сабақты қорыту:

Бағалау

Үйге тапсырма беру. Синоним туралы түсінік /ереже/ 73-жаттығу

А.САБЫРЖАНОВА,
М.Әуезов атындағы
№5 жалпы орта мектеп.
Қостанай облысы,
Арқалық қаласы

МЕНИҢ ОТБАСЫМ

Мақсаты: білімділік - «Менің отбасым» тақырыбы арқылы өзінің отбасы жайлы тапсырмаларға дұрыс жауап беруге үйрету. Сурет бойынша сөйлем құрастыра отырып, сөздік қорын арттыру; дамытушылық - сөздік қорын молайту; тәрбиелік - дос болуға тәрбиелеу.

Әдісі: жұптық жұмыс, сұрақ-жауап, ауызша суреттеу.

Көрнекілігі: тақырыптық суреттер, мультимедиялық проектор.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

-Бүгін ауа-райы қандай?

-Аптаның қай күні?

-Кім кезекші? т.б.

Сынып үш топқа бөлінеді.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

«Қызығушылықты ояту»

Қала, өзен, Отан сөздерінің аудармасы.

I тапсырма.

1. Қазақстанда қандай таулар бар? (Алатау, Қаратау, Орал тауы, Ұлытау, Оқжетпес, Алтай тауы)

2. Қазақстанның үлкен қалалары?

3. *Жайық, Нұра, Сырдария, Есіл* сөздерін буынға бөліп айт.

II тапсырма. Жұмбақ.

Қағаз қарбыз бетіне

Жердің жүзі сыйып тұр. (карта)

III. Жаңа сабақ.

Мұғалімнің кіріспе сөзі. Сабақтың мақсатымен таныстыру.

Оқушылар постерге жазып, қорғайды.

I топ	II топ	III топ
Қазақстанның қалалары	Қазақстанның өзендері мен таулары	Қазақстанның көлдері мен теңіздері
Астана, Қостанай, Өскемен, Шымкент, Ақтөбе, Ақтау, Семей, Атырау, Алматы, Арқалық, Павлодар, Қызылорда.	Талас, Жайық, Сырдария, Ұлытау, Орал тауы, Қаратау, Алатау.	Каспий теңізі, Арал теңізі, Алакөл, Зайсан көлі, Есік көлі, Балқаш көлі, Сасықкөл, Марқакөл

IV. Оқулықпен жұмыс.

I-тапсырма. Біліп ал.

Қазақстан - Еуразиядағы ежелгі өркениетті жер. Көп ғасырлар бойы Қазақстан жерінде ұлы хандықтар мен мемлекеттер құрылып күйреген. Ата-бабаларымыздың тарихы дүниежүзіндегі өркениетте маңызды орынға ие. Қазақ даласы тарихи сүргін майданына айналған. Этнос, көшпелі-сақ (скиф), ғұн, түрік, түркеш, қарлұқ, оғыз, қимақ тайпаларының қатысуымен, өзіндік ерекшеліктерімен қалыптаса бастады. Бұл тайпалар Еуразия жерінің кең аймағын қамтыды. Жер бетінен жойылып кетпес үшін, Қазақ Хандығы ұлы Ресей мемлекетімен саяси одақ құруға мәжбүр болды. Күшпен ұжымдастыру қазақ халқының көшпелі әдет-ғұрпын бұзды. Қазақ даласын ашаршылық кезеңі қамтыды. Осы жылдары Қазақстан бір жарым миллионнан үш миллионға дейін халқын жоғалтты.

3 топ бір-біріне сұрақ қояды.

V. Дәптермен жұмыс.

Терме диктант

Алтай тауы, Қарағанды, Жетісу, Алатау, Каспий теңізі, Арал теңізі, Ертіс өзені, Есіл өзені, Қостанай, Петропавл, Талас, Жайық, Алакөл, Сырдария, Сасықкөл, Ұлытау.

VI. Қорытынды.

Не білдім?	Нені білемін?	Не білгім келеді?

VII. Үйге тапсырма. Қазақстан жайында 3сөйлем құрап келу.

VIII. Бағалау.

Г.МУСАИПОВА,
Тақыр жалпы негізгі білім беру мектебі.
Павлодар облысы,
Лебяжі ауданы,
Тақыр ауылы

ТУЫНДЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ЕЛІКТЕУ СӨЗДЕР

Мақсаты: Еліктеу сөздің туынды және негізгі түрлерін меңгерту, туынды еліктеуіштердің жасалу жолын мысалдар арқылы түсіндіру. Өмірде еліктеу сөздерді қолдана алуға үйрету. Еліктеу сөздердің қолданысын ауызша, жазбаша тілде Абай өлеңдерін оқи отырып, мәнерлі сөйлеу дағдыларын дамыту.

Оқушылардың тіл тазалығына мән беру, табиғат құбылыстарының қасиеттерін түсінуге тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақты меңгеру.

Құрал-жабдықтар: кима қағаздар, маркер, түрлі – түсті кубиктер, Әдіс-тәсілдер: «Стикерлер тобы», «үшіншісі артық», «кір жаятын жіп», «ыстық орындық», «тақырыптық әдіс-тәсілдер түйінді сөздер» әдісі.

Нәтиже: Туынды және негізгі еліктеулерді ажырата алу. Туынды еліктеулердің жасалу жолын анықтай алу.

Уақыт	Жұмыс кезеңдері	Мұғалім іс-әрекеті	Оқушы іс-әрекеті	Ұйымдастыру түрі	Бағалау	Қолданылатын модуль
2 мин.	Психологиялық ахуал	Психологиялық дайындық. «Шеңбер бойынша сөз тізбегі» ойынның ережесімен таныстырамын: Қандай да бір қарапайым сөйлем таңдап, қатысушылар сол сөйлемді түрлі дауыс ырғағымен жалғастырулары қажет. Мысалы «Менің қолымнан бәрі келеді» Енді оң жақтағы ойыншыдан бастап сөйлемді кезекпен жаңа дауыс ырғағымен айтады. Ойынның әр қатысушысы сөйлемді жаңа екіпмен айтуы тиіс. (сыраулы, қуанышты, таңқалушы, неқұрайлы және т.б)	«Шеңбер бойынша сөз тізбегі» "Менің қолымнан бәрі келеді!" деген сөйлемді оң жақтағы ойыншыдан бастап сөйлемді кезекпен жаңа дауыс ырғағымен айтады. (сыраулы, қуанышты, таңдана, неқұрайлы)			

1 мин.	Топка бөлу	Кубиктер арқылы топка бөлінеді.	Кубиктер түсі бойынша топка бөлінеді.	Топка бөлінеді		
5 мин.	Операциялық жұмыс кезеңі	<p>Стикерлер тобы</p> <p>1. Әрбір топқа жұмыс парағын беремін. Тапсырма/ тақырыпты оқып, жауап ретінде стикерге деректерді қосу қажет (2 минут ішінде).</p> <p>2. Уақыт аяқталар шақта, парақ сағат тілінің бағыты бойынша келесі топқа беріледі, оның қатысушылары оған өзінің стикерлерін іледі.</p> <p>Бағалау дескрипторы:</p> <p>1. Негізгі және туынды еліктеулердің ережесін білу, ажырата алу.</p> <p>2. Туынды еліктеу мен негізгі еліктеуді ажырата алу.</p> <p>3. Туынды еліктеу сөздің жасын анықтай алу.</p> <p>Бағалау: «Бағдаршам» түсінген түсінбегендерін Қызыл – түсінбедім Сары – жартылай түсіндім Жасыл – барлығы түсінікті.</p>	<p>Стикерлер тобы</p> <p>1. Әрбір топқа жұмыс парағы беріледі. Сұрақ/ тақырыпты оқып, жауап ретінде стикерге деректерді қосады. (2 минут ішінде).</p> <p>2. Уақыт аяқталар шақта, парақ келесі топқа беріледі, оның қатысушылары оған өзінің стикерлерін іледі.</p> <p>«Бағдаршам» арқылы түсінген түсінбегендерін бағалайды: Қызыл – түсінбедім. Сары – жартылай түсіндім. Жасыл – барлығы түсінікті.</p>	«Стикерлер тобы» әдісі	«Бағдаршам» арқылы бағалау	ООЖТ, СТО

7 мин.	Білу	Берілген сөйлемдерден туынды негізгі еліктеулерді анықтап жазыңдар.	Туынды және негізгі еліктеулерді анықтайды. Бұл тапсырманы жекелей орындайды.			
3 мин.	Түсіну	<p>«Кір жаятын жіп» Тақтада киім үлгісінде қылған киімдер беріледі. Артында тапсырмалар беріледі. Оқушылар сол тапсырмаларды орындап керектісін жіпте қалдырады. Тапсырма мына түрде беріледі.</p> <p>1.-аң,-ең,-ың,-ің,-н жұрнақтарын жалғап туынды еліктеу сөздер жасандыр.</p> <p>2.Берілген еліктеу сөздерді туынды еліктеу сөздерге айналдырыңдар.</p> <p>3.киса-н, домала-н, жылт-ың туынды еліктеу сөздерді қимылмен көрсет.</p> <p>4.Берілген сөздерге еліктеу сөздің жұрнағын жалғап туынды етістікке айналдыр.</p> <p>Желб, салб, бұран</p> <p>5.ыл, -іл, -л, -ғыр, -гір жұрнақтарын жалғап туынды зат есімді ұсын.</p> <p>Тақтада киім үлгісінде берілген тапсырмаларды оқушылар таңдап, артындағы тапсырмаларды орындайды. Тапсырма мына түрде беріледі.</p> <p>1.-аң,-ең,-ың,-ің,-н жұрнақтарын жалғап туынды еліктеу сөздер жасандыр.</p> <p>2.Берілген еліктеу сөздерді туынды еліктеу сөздерге айналдырыңдар.</p> <p>3.киса-н, домала-н, жылт-ың туынды еліктеу сөздерді қимылмен көрсет.</p> <p>4.Берілген сөздерге еліктеу сөздің жұрнағын жалғап туынды етістікке айналдыр.</p> <p>Желб, салб, бұран</p> <p>-ыл, -іл, -л, -ғыр, -гір жұрнақтарын жалғап туынды зат есімді ұсын.</p>	<p>Тақтада киім үлгісінде берілген тапсырмаларды оқушылар таңдап, артындағы тапсырмаларды орындайды. Тапсырма мына түрде беріледі.</p> <p>1.-аң,-ең,-ың,-ің,-н жұрнақтарын жалғап туынды еліктеу сөздер жасандыр.</p> <p>2.Берілген еліктеу сөздерді туынды еліктеу сөздерге айналдырыңдар.</p> <p>3.киса-н, домала-н, жылт-ың туынды еліктеу сөздерді қимылмен көрсет.</p> <p>4.Берілген сөздерге еліктеу сөздің жұрнағын жалғап туынды етістікке айналдыр.</p> <p>Желб, салб, бұран</p> <p>-ыл, -іл, -л, -ғыр, -гір жұрнақтарын жалғап туынды зат есімді ұсын.</p>	«Кір жаятын жіп» әдісі	Өлшемді бағалау	ООЖТ ОуБж Об СТО
10 мин.	Қолдану	<p>«Үшіншісі артық» әдісі бойынша тізбектелген еліктеулерді қатарлап іліп қоямын. Тек тақырыпқа байланысты емес сөздерді алып неге артық екенін түсіндіреді.</p> <p>I топқа Еліктеу сөздерге қатысты жоқ сөзді таңда. <i>Ағараң, иірең, елпең, морт, гүрс, құржаң – құржаң, астана балпаң – балпаң.</i></p> <p>II топқа <i>Елпең, домалаң, жылтмын, селк, жалт, сарт- сұрт, бұрқ – сарқ, ұзақ.</i> Бұл сөз артық себебі...</p>	<p>Тізбектелген сөздерден тақырыпқа байланысты емес сөзді тауып, неге артық екенін түсіндіреді.</p> <p>I топқа Еліктеу сөздерге қатысты жоқ сөзді таңда. <i>Ағараң, иірең, елпең, морт, гүрс, құржаң – құржаң, астана балпаң – балпаң.</i></p> <p>II топқа <i>Елпең, домалаң, жылтмын, селк, жалт, сарт- сұрт, бұрқ – сарқ, ұзақ.</i></p> <p>Бұл сөз артық себебі...</p>	«Үшіншісі артық» әдісі	Өлшемді бағалау	ООЖТ ОуБж Обжк

10 мин.	Талдау	Топтарға жыл мезгілдеріне байланысты өлеңдер беріледі. I топқа "Жаз", "Жазғытұры" өлеңдерінен көңілді көтеретін, қуанышты өмір күйін, адамдардың қимыл-қозғалысын білдіретін сөздерді топтастырындар. II топқа "Күз" өлеңінен адамдардың көңілсіз, жүдеу, жабырқау күйлерін суреттейтін, суықтың түсіп келе жатқанын білдіретін сөздерді топтастырындар.	Топтарға жыл мезгілдеріне байланысты өлеңдер беріледі. I топқа "Жаз", "Жазғытұры" өлеңдерінен көңілді көтеретін, қуанышты өмір күйін, адамдардың қимыл-қозғалысын білдіретін сөздерді топтастырады. II топқа "Күз" өлеңінен адамдардың көңілсіз, жүдеу, жабырқау күйлерін суреттейтін, суықтың түсіп келе жатқанын білдіретін сөздерді топтастырады.		Жест арқылы бағалау	СТО, ТжДБО
3 мин.	Синтез	«Ыстық орындық» әдісі арқылы ортаға бір оқушы отырады. Топтағы оқушылар негізгі еліктеулерді айтып отырады, ортадағы оқушы туынды еліктеулерге айналдырып айтады.	«Ыстық орындық» әдісі арқылы ортаға бір оқушы отырады. Топтағы оқушылар негізгі еліктеулерді айтып отырады, ортадағы оқушы туынды еліктеулерге айналдырады.	«Ыстық орындық»	«Екі жұлдыз, бір тілек»	ООЖТ СТО, ОБЖК
3 мин.	Бағалау	«Тақырыптық түйінді сөздер» әдісі бойынша тақырыпқа қатысы бар және қатысы жоқ сөздерді араластырып орналастырамын екінші шеңберге негізгі сөздерді жазды. Берілген сөздерден тақырыпқа қатысты сөздерді екінші шеңберге шоғырландырамын. Берілетін сөздер: морт, астана, күрс, әсем, селк, ағараң, қызараң, кетті, иірең, елпең, жүгірді, қисаң, домалаң, жайқаң, жылтын, ыржың, кіржің.	«Тақырыптық түйінді сөздер» әдісі бойынша тақырыпқа қатысы бар және қатысы жоқ сөздерді араластырамын. Берілетін сөздер: морт, астана, күрс, әсем, селк, ағараң, қызараң, кетті, иірең, елпең, жүгірді, қисаң, домалаң, жайқаң, жылтын, ыржың, кіржің.	«Тақырыптық түйінді сөздер» әдісі	Өлшемді бағалау	ООЖТСТО ОуБОО
1 мин.	Бағалау	Жиынтық бағаны шығару	Топ басшылары топ мүшелерінің жиынтық бағасын шығарады.			
1 мин.	Үй жұмысын беру кезеңі	Жұмбақтар жазып келу.	Жұмбақтар жазып, еліктеулерді анықтап келеді.			

Әдеби кеш.

Г.МҰХАМБЕТЖАНОВА,
Оян ЖОББМ.
Батыс Қазақстан облысы,
Тасқала ауданы

ЖАЙЫҚТЫҢ ҚОҢЫР ҮНДІ ҚОҢЫРАУЫ

(Жерлес ақын Айтқали Нәріковтің шығармашылығына арналған жыр кеші)

1-жүргізуші: - Армысыздар, сөз өнерін құрметтеуші, жыр сүйер қауым!

2-жүргізуші: - Армысыздар, қымбатты қонақтар!

1-жүргізуші: -Жайық өңірі – қазаққа Исатай мен Махамбетті, Құрманғазы мен Динаны, Мәншүк пен Әлияны, Роза Жаманова мен Қадиша Бөкееваны, атақты суретші Сәкен Ғұмарды, ақындарымыз Қадыр, Тайыр, Сағынғали, Ақұштап Бақтыгерееваны, Жұбан Молдағалиевті сыйлаған қасиетті өлке.

2-жүргізуші: Жайық – жай ғана өзен емес, ел тарихының ажырамас бір бөлшегі, дүбірлі қызығының, ел- жер үшін қанды шайқастар дың куәгері.Жайық кейде: “Менің жағамда кім болмады, менің ақ айдынымнан кім сусынын қандырмады, кім маған арнап жыр жазбады”, - деп лықси толқындайтындай.

1-жүргізуші: Иә, жанға жайлы қоныс іздеп Асан Қайғы, “қайран елім” деп Қазтуған аталарымыз, тотыдай сұлу Жібек, жігіттің нағыз жайсаң жампозы Төлеген осы Жайық суының дәмін татты.

2-жүргізуші: *Ешкімнен жасыра алмас уайымым бұл,
Бетіме бассаң да осы «айыбымды»
Кешірет мейірімі мол кәрі Атырау,*

Сағынып жүрсем қазір Жайығымды,- деп

Жайық өңірін, туған өлкесін жырға қосқан ардақты ағамыз,

Жайықтың қоңыр үнді қоңырауы Айтқали Нәріков аға бүгін ортамызда!

Құттықтау сөз мектеп директорына беріледі.

1-жүргізуші: Мерейтойыңыз құтты болсын, ақын аға! Сіздің құрметіңізге арналған мектебіміздің биші қыздарының «Ақжайық арулары» биін қабыл алыңыз.

2-жүргізуші: ... *Мүмкіндік пен мақсат тапса келісім,
Қанаттының қонар жері – төрі шың.
Күдігімді сенім жеңіп келеді,*

Тарылмайды өлеңдегі өрісім!-деп Айтқали аға жырлағандай, өлең – өмір, өлең – өнер. Бұл мәңгілік категория. Сол мәңгіліктің өресіне үңілсеңіз, адам санасына қуат дарытар, күш сыйлар күдірет поэзияда ғана ерекше екпін алатын сыңайлы.

1-жүргізуші: ... *Соғып тұрса жұдырықтай жүрегім,*

Жолдар мені жетелейді ілгері! – деп жырлаған Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Бірінші республикалық жастар поэзиясы фестивалінің Дипломанты» (1972) ақын және журналист жерлесіміз Айтқали Нәріковтің өлеңдері өзінің атамекеніндегі Оян орта мектебінде оқып жүрген кезінен-ақ мерзімді баспасөз беттерінде жариялана бастаған болатын.

2-жүргізуші: - Ақын аға осы мектептің тұңғыш түлегі болған. Ол өз сөзінде:

«Ауылымызда орта мектеп ашылғанда біз қатты қуандық. Себебі, аудандағы бірқатар орта мектептер жанындағы интернатта жатып оқыдық. Бірақ сол кездегі ауыр жағдай оқуды жалғастыруға мүмкіндік бермеді. Тауымыз шағылып, «бізге енді оқу болмас, ұжымшарда жұмыс істеп, тамақ асырайық» деп шештік. Көбіміз егін салу, мал бағу, пішен дайындау жұмыстарына кірісіп кеттік. Осылайша орта мектептің есігін кешігіп ашқан едік. Алдымыздың жасымыз жиырмадан асқанда Оян орта мектебін бітірген болатынбыз» деген болатын («Орал өңірі» 14 маусым, 2000 жылы жарық көрген) «Ұшқан ұя» мақаласында .

1-жүргізуші: - Міне, өзіміздің Оян орта мектебінен бастау алған ақын жырларын кейінірек оның өлеңдегі тұсауын қазақтың классик ақыны Қадыр Мырза Әли кесіп, республика оқырмандарына таныстырды. Содан бері өткен жылдар ішінде ақын ағаның бірнеше кітабы жарық көрді.

2-жүргізуші: - Айтқали аға қырық жылға жуық уақыт бойы баспасөзде, теледидарда, жазушылар Одағы жүйесінде жауапты жұмыстар атқарды. Көптеген жас талапкер ақындар мен журналистерді тәрбиелеп шығарды. Олар қазір республикалық, облыстық деңгейде лауазымды қызметтер атқарып жүр.

1-жүргізуші: 2005 жылы қаламгердің Абай туралы «Ойшылдың өскен ортасы», Ұлы Жеңістің 60 жылдығына орай «Жайықтың жарық жұлдыздары» атты очерк кітаптары жарық көрді. Қаламгер тынымсыз еңбек үстінде. Баспасөз беттерінде жазбалары үздіксіз жариялануда.

2-жүргізуші: - Айтқали Нәріков туралы Серікқали Шарабасов ағамыз «Зиялы ақындық» мақаласында: «Айтқали – зиялы ақын, кітаби ақын. Ол алғашқыда «Арамқуырдақ» елді-мекенінде кітапхана меңгерушісі болған. Жадысы өте тұтқыр. Классиканы шағудай шағады. Сібірде үш жыл армияда болғасын ба, орысшасы әжептәуір. Есенин, Блокты, шет елден – Роберт Бернсті, Джордж Байронды таласып оқитынбыз... Сол кездегі ұстазымыз Ғ.Әбуханов «Әй, Нәріков, өлеңіңді жаз, мұғалім боласың ғой, ақындық қиын өнер. Мұқалма, жаз!» деп нығырлап отыратын деген екен.»

1-жүргізуші: - Айтқали ақын зиялы ақындықты өзінен бұрынғы «алдыңғы толқын ағалардан» үйренген екен. Жанғали, Хамит, Жұбан ағалардың жетегіне ілескен. Берқайыр, Фариза, Мұқағали ақындармен өрісі бір болып, кемелдік қалыптастырыпты. Қасиет жұқтырып, өлең түзген.

2-жүргізуші: Ол – көкіреккөзді ақын. Ол оқиғаны кеудесіне пісірмей, кесте төкпейді. Тақырып пен идеяны егіз өріп, жақсы өлеңдер шығарды. Өзі өсіп-өнген, қадірі мен қасиетіне бас иетін туған өлкеге жетер не бар бұл дүниеде?

*Болсын деп ойың да аман, қырың да аман,
Жүгірем жүрек емі жырымды ала.
Қыраның болмағанмен құрыш қанат*

Мен сенің бір торғайың шырылдаған,- деген жыр жолдарының өзінен-ақ ақынның туған жерге деген сезімі анық төгіліп тұр емес пе?!

1-жүргізуші: - Келесі сөзді ақынның туған жерге арнаған өлеңдеріне берсек

1. «Оян-өскен ауылым» Оқитын Қ.Ғаниматова
2. «Түсінікті...» Оқитын: Э.Ажбаева
3. «Даланы аңсау» Оқитын Ә.Кереева
4. «Туған жерге» Оқитын С.Хаменов
5. «Өлкеме» Оқитын Р.Әділханов

2-жүргізуші: - Бұл өлеңдер нағыз ақынның туған ауылға деген сүйіспеншілігінен туған жырлар. Ендеше келесі құттықтау сөз ауылымыздың ардагер ұстазы, ағамыздың замандасына беріледі.

1-жүргізуші: - Шынында да туған өлкесін әрбір өнер иесі өзінше толғанып шығармашылық еңбегіне арқау еткен. «Ауылым – алтын бесігім, мәртебелі еңселі есігім» дегендей, ауылын аңсап келген ақынға ән шашу ретінде «Туған жер» әнін тарту етеміз. Қабыл алыңыз!

2-жүргізуші: - Өмір – тіршілік тұтқасы. Тіршілік – пенде мекені. Өмірдің өзін өлең деп ұққан асыл сөз иесі – шығармашылығын, сөз жоқ, өмір категориясына тіреді. Өмір жыры ақын ағаның қайталанбас бітісімен, өзіндік болмыс қырымен көз тартады.

1-жүргізуші: *Жылдар-жылдар шарқайрақтай зырлаған,
Күш-қуатты бірте-бірте «ұрлаған»,
Алыстатып жастық шақтың ауылын,
Кәрілікке жақындатқан бір қадам.
Сұрауы бар өтіп жатқан күн-айдың,
Талқысына тағдырымның шыдаймын.
Жинағаным ұрпағымның үлесі,
Ал шыбын жан аманаты құдайдың,-* деп ақын өзі жырлағандай ендігі кезекті ақынның өмір туралы

тоғаныстарына береміз.

- 1.«Өмір деген...» Оқитын: Г.Асантаева.
- 2.«Біргемін» Оқитын: А.Әділханова.

2-жүргізуші: - Иә, ақын лирикасының негізі – адам жанының нәзік сезімі.

Бүгінгі күні Айтқали ағамыздың өлеңдері – жыр сүйер қауымның көз қуанышына, рухани кәдесіне айналды. Ендігі құттықтау сөзді аудан әкімінің орынбасарына береміз.

1-жүргізуші: - Айтқали Нәріковтің ақындық қырын аша түсетін өлеңдерінің бірі – арнау өлеңдері. Ақын арнау өлеңдерінде белгілі бір адамға, достарына, білім алған мектебіне, ұстазына ізет-құрметін білдіріп жыр жолдарын арнайды.

1. «Ұшқан ұям». Оқитын: А.Қажбалинова.
- 2.«Ұстазыма». Оқитын: А.Жумина.
- 3.«Абухан Хайровка арнау». Оқитын: А.Ғаниматова.
- 4.«Жұмағаным Рахимоваға арнау». Оқитын: Г.Ғаппарова.
- 5.«Өмірім». Оқитын: А.Мухамбетқалиева.

2-жүргізуші: - Иә, бұл арнау өлеңдер - белгілі бір адамның бейнесін, мінез-сипатын суреттеу мақсатымен жазылған дербес поэзиялық тундылары.

1-жүргізуші: *Мазаласа сағыныш жыры келіп,*

Сөйлейді екен жылдар да сыры берік.

Орал.Шаған көшесі.Оныншы үйде,

Үш жас жігіт пәтерде тұрып едік...-дей

келе ақын «Балаларға ұласқанда» өлеңін әрі қарай былай деп өрбітеді:

Сағынышым жүрген жоқ кеміп бойда,

Жеңдіремін еңсемді ерікті ойға.

Бір көйлекті киетін кезектесіп,

*Сол кездегі Мұқадес, Серік қайда?-*деп Серік

ағаны жоқтаса керек. Ендеше келесі сөзді досы Серікқали Шарабасов ағаға береміз. (ол кезде ақын тірі болатын)

2-жүргізуші: - Серік ағаның құрметіне тамаша мына әнді арнаймыз.

Ән. «Жан досым».

1-жүргізуші: -Қаламгердің туындыларына кезінде Қадыр Мырза Әли, Сағи

Жиенбаев, Жанғали Набиуллин, Темірхан Медетбек, Серікқали Шарабасов, Ғайса-Ғали Сейтақ сияқты сөз серкелері жоғары баға беріп, баспасөз, кітап беттерінде мақалалар жариялады. Бүгінгі күнде ақын өлеңдері жыр сүйер қауымның рухани азығы, асыл қазынасына айналды.

2-жүргізуші: *Сауық та сайран құралам,
(Көңілде бірақ жүр алаң...)*

Өмірім өтіп барады,

Ұрпағым, болшы дін аман.

...Ұрпағым, ұмтыл жарыққа,

(Жарық дегенім – халықта)

Мен болсам бір күн кетермін

Сыймастан ешбір қалыпқа,- деп ақын өзі

жырлағандай келесі сөз кезегін ақын Айтқали Нәріков ағамыздың өзіне береміз.

1-жүргізуші: - Иә, Айтқали ақын кең құлашты, байсалды ақын. Оның шығармашылығының биік шыңы – ақындығы. Оның шығармашылығы ешқашан толастамақ емес.

2-жүргізуші: - Жүректі нұрландыратын, ақық та жақұт жырларыңыз жазыла бергей. Кейінгі ұрпақтың үлгісі де, бағдаршысы да Сізсіз, Айтқали аға!

Соңғы құттықтау сөзді ауыл әкіміне береміз.

1-жүргізуші: *Ақын аға, поэзияда дарасыз,*

Біз үшін сіз бұл өмірде данасыз.

Ақжайықтың ақ кемесі секілді

Жол көрсетіп алға жүзіп барасыз.

Есіміңіз біздер үшін тым ыстық,

Артыңызда ұрпақтарың - біз, өстік.

Мерейтойға тарту етіп бұл кешти

Тілейміз біз жаныңызға тыныштық.

Ұзақ болсын бұл өмірде жасыңыз,

Әлі талай белестерден асыңыз.

Поэзияның айдынында қалықтап

Әсем жыр мен сұлу сөздер шашыңыз!

**Г.БАЙМАҒАМБЕТОВА,
Басқұдық орта мектебі.**

Ақтөбе облысы,
Әйтеке би
ауданы

ЖАЗЫЛАР ЕСТЕЛІКТЕР МЕН ТУРАЛЫ

Мақсаты: ақын Мұқағали Мақатаевтың өмірін, өлеңдерін өзіндік табиғатын даралай отырып өзгешелігіне көңіл бөлу, өлеңді мәнерлеп, жатқа оқуға дағдыландыру, Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілікке, табиғат әсемдігін түсінуге, қадір тұтуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: ақын шығармашылығына арналған көрме, слайдтар, ақын портреті.

1-жүргізуші: *-Ей, өлең, маған тиген ениім едің,*

Бой жазаңды, қасыма келші менің.

Менің саған шамалы жақсылығым,

Сен де маған, әрине көншімедің.

Сананы сары уайым сарылтқанмен,

Тынысты тұйық тұман тарылтқанмен,

Үзбеймін күдерімді жарықтан мен,

Үзбеймін күдерімді халықтан мен!-деп ақын өзі

жырлағандай, жыр әлемінде өз ойын, өмір шындығын көркем тілде ақындық биік тұрғыдан тұтас шеберлікпен жырлаған, өз дәуірінің шежіресін айқын да айшықты бояумен жеткізген, қасқая қарап ақиқатты жырлаған Мұқағали Мақатаев шығармалары көркем тілмен жазылған тұтас шежіре секілді.

Ақын шығармаларының тақырыбы әр алуан, бірақ оның ерекшеліктері өзге ұқсас сыр мен қырында жатыр. Дүниедегі бар құбылысты, адамзат санасындағы сан қырлы сезімді сөз арқылы жеткізуге болады. Сондықтан да сөз құдіретінің мән-мағынасына терең бойлап, мың сөзден бір сөз таңдап, сөз маржанын бейнелі өрнекпен кестелейтін Мұқағалидай ақын-қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдыздардың бірі.

(Ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы бейне слайд).

2-жүргізуші: -Мұқағали Мақатаев 9 ақпан 1931 жылы Алматы облысы, Нарынқол ауданындағы Қарасаз ауылында дүниеге келген. Орта мектепті бітірген соң ауылдың хатшысы, Қызыл отаудың

менгерушісі, комсомол қызметінде болды. 1954-1962 жылдар арасында қазақ радиосында диктор болды, 1962-1972 жылдар арасында «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде, «Мәдениет және тұрмыс», «Жұлдыз» журналдарында бөлім менгерушісі, 1972-1973 ж. Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші болып жұмыс істеді. Тұңғыш өлеңі 1948 жылы Нарынқол аудандық «Советтік шекара» газетінде басылды. Мұқағали Мақатаев 1976 жылы 27 наурызда қайтыс болды. Әкесі Сүлеймен шаруа адамы еді. 1941 жылы желтоқсанда майданға аттанып, содан оралмады. Шешесі Нағиман да қарапайым шаруа адамы болған. Мұқағали отбасының тұңғышы болғандықтан оны әжесі Тиын өз бауырына салады. Тиын әжесі мейірімді, кісілігі мол, керек кезінде адуынды адам болған. Әже тәрбиесінде өскен Мұқағали шешесін өмір бойы «Нақа» деп атап кеткен екен. («Арыз жазып кетейін», «Бұзылған там», «Автограф» өлеңдері мәнерлеп оқылады.)

1-жүргізуші: -Мыңдаған талантты сазгерлер Мұқағалидың мұңды, сырлы, сан қырлы жырларын жаттап, әуен-ән іздеп шарқ ұрды, шабыт шақырды. Оттай ыстық өлеңдері өз-өзінен әнге, толғауға, термеге сұранып тұр. Самалдай желпіп маңайдан сипайтын, жанға ләззат құятын, көкірек көзіңді майдай ашатын ән-әуез әрқашан да өмірге-серік, жанға қуат, рухани азық.

Ән: «Шеше сен бақыттысың».

2-жүргізуші: -*Махаббат бүгін тағы қарамады,*

Қарамады, жанымды жаралады.

Шәміл-ау, білесің бе шын махаббат.

Осылай қарамаудан жаралады!-демекші нәзік жанды ақын жүрегінің шынайы іңкәрлік сезімі махаббатқа ұласады.

(«Ғашықпын», «Бақыт іздеп», «Өмір» өлеңдері мәнерлеп оқылады).

Көрініс: «Аққулар ұйықтағанда».

1-жүргізуші: -*Өлеңдері қандай еді ақынның,*

Ештеңе жоқ әсем сенің күлкіңдей.

Бақыттысың сен әрдайым, бақытты

Бағалай біл күрсінбей.

(«Күрсінбеші», «Жылдарым менің жылдарым», «Майгүлге» өлеңдері мәнерлеп оқылады).

Ән: «Сенің көзің».

2-жүргізуші: -*Өлеңдері қандай еді ақынның,*

Себелетіп жүрегіңе нұр шашқан.

Ал, әндері қандай еді мөп-мөлдір,

Тыңдай бергің келе беред, тыңдасаң.

Ән: «Саржайлау».

1-жүргізуші: -*Айналайын Атамекен, ақ мекен,*

Қандай қазақ іздеп сені тапты екен?!

Туған өлке тәтті екен ғой, тәтті екен!

(«Қарасаз», «Туған жер», «Мен бір жаққа асығамын», «Әкеме» өлеңдері мәнерлеп оқылады).

Ән: «Қайран, жеңгем».

2-жүргізуші: -*Хас шебердің тұмшалайды даңқын кім?*

Кеш түсінді шын бағасын нарқыңның.

Қара өлең деп қапа болып көңілдің,

Осы жолда сан сүріндің, сан тұрдың.

(«Поэзия», «Өлең деген тумайды жайшылықта», «Отан» өлеңдері мәнерлеп оқылады).

1-жүргізуші: -Ақынға бір кездері ақ қанат құс арманын қуып келген ару Алматының төрінен көшенің аты берілді. Аспантаудың ақын ақынына аспанмен таласқан биік ескерткіш те қойылды. Бұл-Мұқағалидың мәңгілік ғұмыр екенінің айқын айғағы.

(Естеліктері оқылады.)

Ән: «Күрең күз».

2-жүргізуші: -Мұқағали жыры-күшті жыр. Сондықтан да, ол –ер ақын, ерен ақын, ерекше ақын. Ер ақын дейтініміз –ол шындықты бүкпесіз бетке айтты. Ерен ақын дейтініміз-сөзі шырайлы, тілі қарапайым, тың өлеңдер жазды. Ерекше ақындығы-өнер және ерен ақын болғандықтан да ерекше.

Ән: «Сен көрікті едің, көріктісің».

1-жүргізуші: -*Тірісінде сый көрмей кеткен ақын,*

Тек өлген соң атағын жайған ақын.

Ежелден қазақтың бұл қасіреті-

Бармағын тістеп кейін ойланатын.

Күн сүйіп кереқарыс маңдайынан,

Лағыл жырлар төгілген таңдайынан.

Барында бағаламай, кейін білдік

Қазақтың айрылғанын қандай ұлдан?!

(Оқушылардың ақын туралы төл шығармалары оқылады).

2-жүргізуші: -Алтынға мейлі толмай-ақ қойсын сандығым,

Ырзамын саған, ырзамын саған, тағдырым!-демекші ақынның өз тағдырына деген ризашылығы болашаққа деген ұлы сенімінен туындаған.

Ән: «Есіңе мені алғайсың».

Осымен әдеби - сазды кешіміз аяқталды. Көңіл қойып тыңдағандарыңызға рахмет!

Л.СӘРСЕНБАЕВА,
О.Исаев атындағы ЖОББМ.
Батыс Қазақстан облысы,
Ақжайық ауданы

АНА ТІЛІМ- АСЫЛ ҚАЗЫНАМ

Қазақстанның болашағы- қазақ тілінде.
Н.Ә.Назарбаев.

*"Тіл дегеніміз қай халықтың болмасын келешегі,
бүгінгі ғана тағдыры емес, бүрсүгінгі де тағдыры"*

1989ж.
22 қыркүйек

«Қазақ ССС-нің Тіл туралы заңы қабылданды»
Бұлақ журналының Момышұлы.

1989ж. 22
22 қыркүйек

Алматы қаласында өткізілген алғашқы құрылтайда Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы құрылды

1990ж. 20
22 қыркүйек

Республикалық «Ана тілі» газеті жарыққа шықты

1993ж. 28
22 қыркүйек

ҚР тұңғыш Конституциясы қабылданды. Онда қазақ тілі ҚР мемлекеттік тілі болып бекітілді.

2001ж.
7 қыркүйек

ҚР Президенті Тілдерді қорғау мен дамытудың 2001-2010 жылға арналған бағдарламасы №550

2007жыл.

Мемлекеттік тіл жылы болып жарияланды.

2008ж.
қыркүйек

Мемлекеттік тілді дамыту Президенттік қоры құрылды.

Тілдер туралы заңда 6 тарау бар
1-тарау.

•Жалпы ережелер(1-7-баптар)

2 - тарау.

•Тіл мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында(8-15-баптар)

3 - тарау

•Тіл-білім беру,ғылым мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдары саласында (16-18-баптар)

4 - тарау

•Тіл елді мекен атауларында жалқы есімдерде,көрнекті ақпаратта (19-22-баптар)

5 - тарау

• Тілді құқықтық қорғау(23-26-баптар)

6 - тарау

•Тілді шет елдермен және халықаралық ұйымдар мен қатынастарда пайдалану (27-бап)

Ойын шарты

1. Ой жинақтау / өзі туралы, қазақ тілі туралы бір ауыз лебіз/
2. Бәйге /әр түрлі сұрақтар беріледі, ойыншы ұпай жинайды/
3. Лексика /сөздердің синонимін, тұрақты тіркестерін жинайды/
4. Ғажайып жетілік /түрлі тақырыптардың бірін таңдайды/
5. Жекпе-жек /сұраққа тез жауап беру/
6. Шешендік тур /өз пікірді ортаға сал/

Бәйге

1. Атаның баласы болма
2. Бірлік түбі.....
3. Бес арысты ата.
4. Үш бәйтерек кімдер?
5. Бес түлік малға қатысты жырлар ауыз әдебиетінің қай саласына жатады?
6. Қазақтың тұңғыш президенті?
7. «Аяз әліңді, құмырсқа жолыңды біл» осындағы Аяздың шын

аты кім?

8. Ерулік қандай салт?

9. Бес саусақтың атын ата.

10. «Алан» ненің баласы?

11. Төл теңгеміз қашан қабылданды?

Төлеқанда
бөлімі

*Бағыр

*Қорқақ

*Ұзақ

*Жасақ

*Үріп ауызға салғандай

*Жігіт

*Демде

Ғажайып
жетілік

*Мақал-мәтелдер

*Тұрақты сөз тіркесі

*Салт-дәстүр

*Шешендік сөз

*Өз тарихымды білемін бе?

*Туған өлкем, неткен көркем...

*Тест

Мақал-мәтел

1. Мақал мен мәтелдің айырмашылығын тап.

2. «Ауырдың астымен, жеңілдің үстімен».

Мақал ма, мәтел ме?

3. Еңбек туралы мақал айт.

2-тақырып.

Мағынасын ашу.

* Көзді ашып-жұмғанша жетіп келді.

Тайға таңба басқандай.

Ол алақанына түкірді.

4-тапсырма.

Шешендік өнер

* Біз қазақ деген мал баққан елміз. Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз! Қай шешенің сөзі?

Жеті жарғы дегеніміз не?

*Өзің білетін би, шешендердің есімдерін ата.

5-тапсырма.

* Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы нешінші жылы қабылданды?

-ҚР мемлекеттік тіл қандай тіл?

*Қазақстан өз тәуелсіздігін қашан алды?

6-тапсырма.

Ақмола Қазақстанның астанасы болып ресми түрде

нешінші жылы жарияланды?

О.Исаев атындағы ЖОББМ нешінші жылы ашылған?

Біздің тоғайымыздағы қандай аң құстарды білесің?

7-тапсырма.

Тест.

1. Н.Ә.Назарбаев нешінші жылы тұңғыш Президент болып сайланды?

а) 1991ж. 1 желтоқсан.

ә) 1990ж. 1 қараша.

б) 1992ж. 1 қыркүйек.

2. Абайдың неше қара сөзі бар?

а) 47.

ә) 45.

- б) 44.
3. Сөз табының неше түрі бар?
а) 7.
ә) 8.
б) 9.

Жекпе-жек

1-ойыншыға

1. Сөздің ең түпкі мағыналы бөлшегі?
2. Көптік жалғауларын ата.
3. Алтау ма, жетеу ме?
4. «Абай жолы» романының авторы?
5. «Сөзжасам» дегеніміз не?

2-ойыншыға

- * Қосымша нешеге бөлінеді?
- * *Кітабым сөзі* нешінші жақта тұр?
- * *Тайлақ* деген сөзде неше зат есім бар?
- * Септік жалғауларын ата.
- * «Қараш-қараш» оқиғасы кімнің шығармасы?

Шешендік кезең.

«Тілім-тірегім, туым, бақытым, бағым, болашағым»
тақырыбына
пікірлерін айту.

Сыныптан тыс шара

С.ӘБЕНОВА,
«Сейтқамза Ластаев
атындағы орта мектебі» КММ.
Шығыс Қазақстан облысы,
Катонқарағай ауданы,
Катонқарағай ауылы

БӘЙТЕРЕК - ҮЗДІКТЕР СИМВОЛЫ

1-жүргізуші: - Құрметті жиналған қауым! Сіздер біраз минуттан кейін «Бәйтерек-үздіктер символы» атты үздіктерді марапаттау рәсімінің куәсі боласыздар.

2-жүргізуші: -Уважаемые зрители! Через несколько минут вы станете свидетелями церемонии награждения отличников знаком «Бәйтерек-символ отличников».

1-жүргізуші:- Сіздердің қошеметтеріңізбен үздіктеріміз қызыл кілем үстінде бүгінгі марапаттауға әбден лайық!

2-жүргізуші: -Так давайте же поприветствуем и окажем честь бурными аплодисментами наших отличников учебы которые пройдут по красной дорожке!

2-жүргізуші: -Ең алғашқы оқыған әдеби кітабыңды атасаң?

1-жүргізуші: -Ең алғашқы марапаттарың естерінде ме? Насколько важна помощь родителей в подготовке домашних заданий?

2-жүргізуші: -Болашақ мақсаттарың қандай?

1-жүргізуші: -Нешінші жыл «Үздіктер шеруінің қатысушысыңдар?»

2-жүргізуші: -Қандай мамандық иесі болғанды

армандайсыңдар?

1-жүргізуші: - Алысқа жетелейтін арманың не?

2-жүргізуші: - Үздік болу қиын ба?

1-жүргізуші: - Мінекей қадірменді көрермендер, барлық үздіктеріміз қызыл кілем үстімен жүріп орындарына жайғасты.

2-жүргізуші: - Үздіктерімізді құттықтап және оларға сыйлықтарымызды табыс ету үшін марапаттау рәсімін сахна төрінде жалғастырсақ. Сахнада 10 «А» сынып оқушыларының орындауында «Батырлар» биі.

1-жүргізуші: - Хас жүйріктер, нар жүректілер, біліктілер!

2-жүргізуші: - Тегеурінді қайсарлар мен ел намысын ту қылар, нағыз білімділер ғана лайықты дүбірлі мәре- ол «Бәйтерек- үздіктер символы». Ол бүгін біз үшін- үздіктердің тұғыры.

1-жүргізуші: - Армысыздар, құрметті әлеумет! Үздіктерді марапаттау рәсіміне қош келдіңіздер!!!

2-жүргізуші: - Дорогие гости, свидетели нашего торжества! Среди нас сидят почетные учащиеся, которые заслуживают всех наград и почестей.

1-жүргізуші: - Бүгін сахнамыздың төрінде мектебіміздің мақтаныштары, еліміздің үкілеген үміттеріне «Бәйтерек- үздіктер символы» мүсіні табыс етіледі.

1-жүргізуші: - «Бәйтерек» болашақтың гүлденуіне жол ашатын мықты тұғыр. Бұл теректің басы аспанмен, түп тамыры жер астымен жалғасқан. Бәйтерек мазмұны бірде зәулім ағашты көзге елестетсе, екіншісінде мықты, зор күшті, үшіншісінде ғарыш пен жер арасындағы байланысты бейнелейді. Сондай ақ, ол тіршілік иелеріне тірек, сүйеніш, қорған, пана деген ұғымды да білдіреді. Бүгінгі біздің үздіктеріміз үшін, бәйтеректі үздіктердің символы ретінде алдық.

2-жүргізуші: - «Бәйтерек» означает молодое, крепкое, растущее дерево, символизирует собой государство, сохранившее свои исторические корни, имеющее прочную опору и устремленность к будущему процветанию. Бәйтерек-монумент в столице нашей страны, одна из основных достопримечательностей города. По этой причине мы награждаем наших отличников знаком «Бәйтерек».

2-жүргізуші: - Сахна төріне үздіктерді құттықтау үшін мектеп директорын шақырамыз.

1-жүргізуші: - Міне, көптен күткен сәт! «Бәйтерек- үздіктер символымен» мектеп үздіктерін марапаттау және ата-аналарға алғыс хатты табыс ету уақыты да келіп жетті.

2-жүргізуші: - Адам баласы тек білім арқылы ғана дүниені таниды, табиғаттың құпия сырларын дамытады, қоғамды ілгері бастырады. Олай болса, бүгінгі дарынды бала, ертеңгі тәуелсіз еліміздің тізгінін ұстайтын білімді де білікті азамат. Бүгінгі дарын иесі- ертеңгі егеменді еліміздің тірегі.

1-жүргізуші: - Ендеше, «Жас дарын» номинациясының иегерлерін анықтау үшін сөз мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарына беріледі. (Конверттен номинация иегерлері анықталып, сахна төріне шығады)

Оқушыларға «Бәйтерек» пен мақтау қағазы табысталып, оқушылардың бірі сөз сөйлейді.

2-жүргізуші: - «Жас дарын» номинациясы иегерлерінің ата-аналарын сахнаға шақырамыз. (ата-аналар сахнаға шығады, оларға алғыс хат беріледі).

1-жүргізуші: - «Жас дарын» номинациясы иегерлерін тағы бір рет ду қол шапалақтап, қошеметтеп қояйық.

2-жүргізуші: - «Талапты жұлдыз» номинациясының

үміткерлеріне назар аударайық.

1-жүргізуші: -Талапты оқушының алдында айқын мақсаты бар, болашақты жоспарлай білетін, қойған мақсатқа қол жеткізуге ұмтылатын жеткіншек.

2-жүргізуші: -Олай болса «Талапты жұлдыз» номинациясының биігін бағындырған оқушыларымызды анықтау үшін ортаға мектеп директорының әдістемелік істері жөніндегі орынбасарын шақырамыз. (Конверттен номинация иегерлері анықталып, сахна төріне шақырылады)

Оқушыларға «Бәйтерек» пен мақтау қағазы табысталып, оқушылардың бірі сөз сөйлейді.

1-жүргізуші: - «Талапты жұлдыз» номинациясы иегерлерінің ата-аналарын сахнаға шақырамыз. (Номинация иегерлерінің ата-аналарына алғыс хат беріледі.)

1-жүргізуші: -Құрметті көрермендер, келесі номинация «Креативті ой», бұл номинацияның үміткерлеріне назар аударайық.

2-жүргізуші: -Креативті ой-өзгеше, шығармашыл тұрғыда ойлау, басқалардың ойларымен үйлеспейтін және үнемі жаңашылдықты қалайтын адамға қатысты пайдаланылатын ұғым.

1-жүргізуші: -Ендеше, «Креативті ой» номинациясы кімдерге бұйырады екен? (Конверттен номинация иегерлері анықталып, сахна төріне шақырылады)

(Оқушыларға «Бәйтерек» пен мақтау қағазы табысталып, оқушылардың бірі сөз сөйлейді)

1-жүргізуші: -«Креативті ой» номинациясы иегерлерінің ата-аналарын сахнаға шақырамыз.

1-жүргізуші: -Алдарыңызда 10 «А» сынып ұлдарының қойылымы, назар аударыңыздар. (ұлдар көрініс қояды)

2-жүргізуші: - Құрметті көрермендер, келесі номинация: «Жас

зерттеуші», бұл номинация үміткерлерімен танысайық.

1-жүргізуші: -Қазіргі заман талабы- іздену, жаңаны тану, түсіну, игеру, өзін-өзі жетілдіру. Олай болса арамызда зерттеушілікпен айналысатын, тынбай еңбектеніп, жаңалық ашуға ұмтылатын оқушылар кімдер екен?

2-жүргізуші: -Бұл сұрақтың жауабын анықтауға мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары шақырылады. (Конверттен номинация иегерлері анықталып, сахна төріне шақырылады.) (Оқушыларға «Бәйтерек» пен мақтау қағазы табысталып, оқушылардың бірі сөз сөйлейді.)

1-жүргізуші: -«Жас зерттеуші» номинациясы иегерлерінің ата-аналарын сахнаға шақырамыз. (номинация иегерлерінің ата-аналарына алғыс хат беріледі.)

1-жүргізуші: - Келесі анықтайтынымыз «Генератор идея» номинациясының иегерлері. Бұл номинация үміткерлері кімдер екен?

2-жүргізуші: - Генератор идея-качество личности, характеризующееся как способность и умение человека, обобщая и интегрируя чужие идеи, вырабатывать свои, оригинальные. Итак, кто же станет обладателем этой номинации?

1-жүргізуші: - Бұл номинация иегерлерін анықтау үшін сахнаға жаратылыстану-математика пәндер бірлестігінің жетекшісі шақырылады. (Конверттен номинация иегерлері анықталып, сахна төріне шақырылады.)

(Оқушыларға «Бәйтерек» пен мақтау қағазы табысталып, оқушылардың бірі сөз сөйлейді).

1-жүргізуші: -«Генератор идея» номинациясы иегерлерінің ата-аналарын сахнаға шақырамыз. (номинация иегерлері ата-аналарына алғыс хат беріледі.)

1-жүргізуші: -Следующая номинация «Олимпийский резерв».

2-жүргізуші: -Олимпийский резерв- это запас знаний учеников в случаи надобности.

Источник, откуда черпаются новые знания, умения и навыки учеников. Так давайте выясним, кто же стал обладателем номинации «Олимпийский резерв».

1-жүргізуші: -Бұл номинация иегерлерін анықтау құрметі қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігінің жетекшісіне беріледі. (Конверттен номинация иегерлері анықталып, сахна төріне шақырылады).

(Оқушыларға «Бәйтерек» пен мақтау қағазы табысталып, оқушылардың бірі сөз сөйлейді).

1-жүргізуші: -«Олимпийский резерв» номинациясы иегерлерінің ата-аналарын сахнаға шақырамыз.(номинация иегерлері ата-аналарына алғыс хат беріледі.)

1-жүргізуші: -*Алтын күннің астында*

Желбіреді туымыз.

Қазақ деген халықтың

Ұлы менен қызымыз.

Қанаттарың талмасын,

Бақ дәулетке айналсын,

Үздіктеріміз биіктеп,

Бәйтерекке айналсын.

1-жүргізуші: -Ендеше, барлық үздіктерімізді, бүгінгі номинация иегерлерін ата-аналарымен бірге сахнаға шақырамыз.

«Мектебім» әні орындалады.

1-жүргізуші: - Құрметті кеш иегерлері, келесі кездескенше қош сау болыңыздар!

2-жүргізуші: - До новых встреч, уважаемые гости, участники торжества!

ЕЛІМ МЕНІҢ

Мақсаты: жас ұрпақтың танымдық қабілеттерін арттырып, интеллектуалды, жігерлі, еркін жан-жақты ойлай алатын жеке тұлға етіп тәрбиелеу. Еліміздің әдебиеті, тарихы, мәдениеті, тілі, дәстүрі туралы білімдерін жетілдіру. Отанын, елін сүйге, құрметтеуге тәрбиелеу.

Әдісі: зияткерлік ойын (сайыс)

Көрнекілігі: интербелсенді тақта, нақыл сөздер.

Барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

I. Кіріспе.

- Құрметті ұстаздар, оқушылар! Бүгінгі жастар – халқымыздың болашағы,еліміздің ертеңі. Тәуелсіз еліміздің туын биік ұста, еркіндігімізді, елдігімізді білімдерімен бағындыра білетін жас жеткіншектер, білім додасына қош келдіңіздер!

Егемен елімнің ертеңі деп,

Елбасы баға берді жастарыма.

Оқу оқы, білім ал елің үшін,

Еңбек ет тыныш таппай, жан аяма...

Енді сайыскерлерімізді ортаға шақырамыз.

Бірінші топ: «Қазына» тобы.

Екінші топ: «Алтын сандық» тобы.

Үшінші топ: «Мұрагер» тобы.

- Бүгінгі сахна төрінде сайысқа шығатын білімді тұлпарларымызды бағалайтын әділ қазылар алқасын таныстырып өтейін.

Қазылар алқасы сіздердің бүгінгі ойындарыңызды:

-Ұйымдастырушылық қабілеті;

-Өзін-өзі ұстауы;

-Тапқырлық;

-Шапшаңдық;

-Білімділік сияқты бағалау өлшемдері бойынша бағалайды.

Бүгінгі «Елім менің» сайысы бес кезеңнен тұрады.

- 1 «Сәлем – сөздің анасы» (топтардың сәлемдесуі, ұраны)
2. Бәйге.
3. Менің елім.
4. Күдіретті сандар.
5. Тұлғалар.
6. Адамдар әріптері.
7. Кезбе тілшілер.

Ұрпағы мен боламын бабалардың,
Биікке өнеріммен бара аламын.

Қанекей, тыңдайықшы барша қауым,

Сайыскерлер таныстырсын өз атауын, - дей келе , 1 – кезең «Сәлем – сөздің анасы», мұнда әр топ өздерінің атын, ұранын,эмблемасын таныстырады.

Өнерлілер арасында шалқындар,

Білімді бар, арамызда тапқыр бар.

Бәсекеге түскелі тұр дәл қазір

Әрбір сөзі саф алтындай тапқырлар.

Әр адамның азаматтық қасиеті мен мәдениеті өз халқын,өз атамекенін қалай сүюімен, өз ана тілін,тарихын, әдебиетін қалай білуімен өлшенбек. Әркімнің өз еліне деген құрметін өз анасына, өз ұлтына, өз Отанына деген құрмет деп білу қажет. Сонымен сайысымыздың екінші кезеңі «Бәйге» деп аталады.

1 – топқа:

- 1.«Жеті жарғы» заңының авторы? (Тәуке)
- 2.Қазақстандағы ең биік шың. (Хантәңірі)
- 3.Екі ақынның өлең жарысы (айтыс)
- 4.Н.Назарбаевқа берілген атақ. (Ғасыр адамы)
- 5.Көне заттарды сақтайтын орын (мұражай)
- 6.Астана қаласының символы (Бәйтерек)
7. ҰОС кезіндегі қазақтың ұшқыш қызы, «Халық қаһарманы» (Хиуаз Доспанова)
- 8.Әлемнің екінші ұстазы (Әл – Фараби)
- 9.«Алтын адам» қай жерден табылды? (Есік)
- 10.Құранда неше сүре бар? (114)

2 – ТОПҚА:

- 1.Қазақтың тұңғыш саяхатшысы (Ш.Уәлиханов)
- 2.«Вальс королі» (Ш.Қалдаяқов)

- 3.Игерілмеген жер (тың)
- 4.«Алаш» партиясының жетекшісі (Ә.Бөкейханов)
- 5.Еліміздің оңтүстік астанасы (Алматы)
- 6.Үкіметті кім басқарады? (премьер-министр)
- 7.Энергия көзі (күн)
- 8.Қазақ спортшылары арасынан тұңғыш рет олимпиада чемпионы атанған кім? (Ғ.Қасымов)
- 9.2017 жылы болатын ірі жоба? (ЕХПО – 2017)
- 10.Қазақтың партизан жазушысы, «Халық қаһарманы» (Қ.Қайсенов)

3 – топқа:

- 1.Алғаш роман-эпопея жазған кім? (М.Әуезов)
- 2.«Менің атым Қожа» киносының режиссері (А.Қарсақбаев)
- 3.Тұңғыш дүниежүзінің чемпионы атағын алған палуан (Қажымұқан)
- 4.Қазақстанды 22 жыл басқарған мемлекет қайраткері (Д.Қонаев)
- 5.Қазақ елінің тұңғыш астанасы (Орынбор)
- 6.Қазақстанды алғаш тәуелсіз деп таныған ел (Түркия)
- 7.Жоғарғы заң шығарушы орган (парламент)
- 8.Аққудың баласы (көгілдір)
- 9.ҚР Парламент сайлауы қашан болды? (2016 ж.20 наурыз)
- 10.Қазақстан өзін қандай мемлекет ретінде орнықтырды? (зайырлы)

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты халыққа арнаған жолдауында:

«Мен сөзімді әсіресе жастарға арнағым келеді.Сіздер мен біздер тек болашақ буынды ғана емес, жалпы адамзаттық қадір-қасиеттердің мән-маңызын түсінетін, жаны да, тәні де таза, білімді , патриот азаматтар тәрбиелеуге міндеттіміз.

Мен сіздерге – жаңа буын қазақстандықтарға сенім артамын. Сіздер Жаңа бағыттың қозғаушы күшіне айналуға тиіссіздер», - деп ұлт болашағы – жастарға үміт артқан болатын.Бұл асыл үміттің жүзеге асуына сіздердің қосар үлестеріңіз маңызды. Жас жеткіншектердің бойында Отаншылдық сезімін дарыту, елін, жерін сүюге баулу, салт-дәстүрді дәріптеу – жастардың, сіздердің ең басты міндеттеріңіз.

III. «Күдіретті сандар»

Жеті ұғымы. Табиғаттың тылсым сыры көп. Көшпенділер ұғымында күннің көзі 7 бөлікке бөлінеді. Аптада 7 күн. Бір ғажабы, бұл атаулар өзгермейтін өлшем бірліктері. Қазақта 3,5,7 сандары киелі болып есептеледі. Білімдар кісіні «жеті жұрттың тілін біледі» дейді. Өз-Тәуке ханның «Жеті жарғысы» мен жеті қазына атауларындағы 7-лік санның тектен-тек тумағандығы айқын. «Жеті атасын білмеген жетесіз» деген даналық тұжырым ұрпақ көшінің үзілмеуін тілеген ізгі ниеттен шықты. Әрбір ұяшықтарда ұпай сандары мен тапсырмалар берілген. Ұяшықтардағы түстерге байланысты 700,500,300 ұпайлар тапсырмалары жасырылған. Тапсырмалар қазақтың қасиетті 3,5,7 сандарына байланысты беріледі.

Ақ	қызыл	Сары
Жасыл	көк	сұры
Қызғылт-сары	қара	Жасыл-көк

Қызыл. 700 ұпай.

Біз Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 7 еңбегін білеміз.

Жасыл. 300 ұпай.

Үш бәйтеректі атаңыздар. (Сәкен, Бейімбет, Илияс)

Сары. 500 ұпай.

Біз ҚР мүше болып табылатын 5 халықаралық ұйымды білеміз.

Көк. 500 ұпай.

Бес арысты атаңыздар. (Мағжан, Ахмет, Міржақып, Жүсіпбек, Шәкәрім)

Қызғылт – сары. 500 ұпай.

Біз тәуелсіз Қазақстанда қабылданған 5 маңызды заңды білеміз.

Қара. 300 ұпай.

Үш мақсатты атаңыздар.

Сұры. 300 ұпай.

Қазақтың 3 ғарышкерін атаңыздар.

Ақ. 700 ұпай.

Біз еліміздің қазақ болып қалыптасуына атсалысқан 7 ханды

білеміз.

Жасыл-көк. 700 ұпай.

Қазақтан шыққан 7 тұңғыш тұлғаларды білеміз.

III. «Тұлғалар».

Ел есінде өзіндік кескін-келбетімен, болмыс-бітімімен сақталған, өлендері, игі істері әр жүректе жатталған, ұрпаққа үлгі-өнеге болған, қайыспас қара нардай қазақтың нар тұлғалары, ұлт мақтаныштары аз емес. Олар елінің ертеңіне елеңдеп, халқының қорғаны, жерінің жанашыры бола білген тұлғалар. Ендеше келесі кезекті «Тұлғалар» бөліміне береміз.

Топ басшылары ортаға шығып, берілген тұлғаларды тобына тұспалдап айтады. Топ мүшелері топ басшысының айтуы бойынша табады.

1 – топқа:

1. Ахмет Байтұрсынов
2. Шәкен Айманов
3. Әлия Молдағұлова
4. Жарасқан Әбдірашов
5. Кәрім Мәсімов
6. Асқар Жұмаділдаев
7. Әмина Өмірзақова
8. Нұрғиса Тілендиев
9. Бауыржан Момышұлы
10. Шара Жиенқұлова

3 – топқа:

1. Міржақып Дулатов
2. Роза Бағланова
3. Әміре Қашаубаев
4. Ерлан Сағадиев
5. Шөмішбай Сариев
6. Жанқожа Нұрмұхамедұлы
7. Дина Нұрпейісова
8. Ұзақбай Қараманов
9. Қайрат Рысқұлбеков
10. Мәдина Ералиева

IV. «Менің елім».

«Еркін елдің ертеңі – кемел білім мен кенен ғылым».

2 – топқа:

1. Шәкәрім Құдайбердиев
2. Бекзат Саттарханов
3. Тұрар Рысқұлов
4. Әбілхан Қастеев
5. Күләш Байсейітова
6. Иманғали Тасмағанбетов
7. Әбдіжәміл Нұрпейісов
8. Мәншүк Мәметова
9. Айман Мұсаходжаева
10. Сағадат Нұрмағанбетов

Н.Назарбаев

Экранда ҚР картасының сұлбасы беріледі.Картадағы қызыл түске боялған жерді табу.

V. «Адасқан әріптер».

Әр ойыншыға 2 әріптен ілінеді. Жүргізуші оқыған сұрақтың жауабын құрап шығару. Уақыт 1,5 минут.

1 – топқа:

- 1.Қожанасыр көлігі (есек)
- 2.«Алтын адам» табылған жер (Есік)
- 3.Жаңа сөзіннің антонимі сөз (көне)
- 4.Шай ішетін ыдыс (кесе)
- 5.Қан сорағын жәндік (кене)
- 6.Ақан (сері)
- 7.... алды – қызыл тіл (өнер)
- 8.... елдің баласы бірін-бірі батыр дер. (өсер)
- 9.Үйленгенде не қиылады? (неке)
- 10.Істеген ісі ... кетті. (кері)
- 11.... – жігер (ерік)
- 12.Кітапты жинайтын орын сөре)
- 13.Деген (екен)
- 14.Алдар (көсе)
- 15.Абай өлеңдеріндегі бес дұшпаның бірі (өсек)

2 – топқа:

- 1.Менің атым (қожа)
- 2.Апалы-сіңділердің күйеулері қалай аталады? (бажа)
- 3.Қылмыскерге не қолданылады? (жаза)
- 4.Жігіт елінде патша, ... көлінде патша (бақа)
- 5.Мал қамайтын орын (қора)
- 6.Ақ сөзінің антонимі (қара)
- 7.Асық ойнаған (азар)
- 8.Доп ойнаған тозар, бәрінен де қой бағып, құйрық жеген (озар)
- 9.Мекке мен Мәдинеде тұратын ұлттар (араб)
- 10.Денсаулыққа зиян сусын (арақ)
- 11.Бет, көрік, рең сөзіне мағыналас (ажар)
- 12.... сіркелеме (жаба)
- 14.ҰБТ ... енгізілді. (база)

3 – топқа:

- 1.Бай баласы (Асан)
- 2.Мағжан, Абай, Шәкәрім кімдер? (ақын)
- 3.Білім басқа бітеді, ... тасқа бітеді. (қына)
- 4.Қамысты жер (қопа)
- 5.Діни лауазым (сопы)
- 6.Қорғасын құйылған асық (сақа)
- 7.Жер жыртатын құрал (соқа)
- 8.Тайға таңба басқандай (анық)
- 9.Дайын ... тік қасық (асқа)
- 10.Балалар ойыны (асық)
- 11.Сері (ақан)
- 12.Батырды майданда (сына)
- 13.Әнші Тамара (Асар)
- 14.Ақыл, ес (сана)
- 15.Өз қотырыңды өзің (қасы)
- 16.... жеп қалды (опық)
- 17.Ренжіме сөзіне мағыналас сөз (қапа)

VI. «Кезбе тілшілер»

Топқа тақырып беріледі.Тақырып: «Үш тілді - білу заман талабы»

1-топ. қатысушы: телефонмен сол оқиға болып жатқан жерден ақпарат береді

2-топ. қатысушы диктор ақпаратты сараптап, жиынтық хабар таратады.

3-топ. тілші болып куәгерден сұхбат алады.

Алдарыңда арайлы болашақ бар. Бағдарыңды бағамдап, барыңды бағалай алсаң – бағың! Сен барыңды да бағыңды да табасың! Өйткені, сен – талай ғасырлар бойы түркі тілінің қазынасын қастерлеп, қазақы өрнегімен,қасиетімен, қайталанбайтын қалпымен ұрпақтарына ақ ордалы аманаты етіп тапсырған, бүгінгі күнде еңсесі биік ел, көгілдір тулы, көсем сөзі, көшелі көші бар ұлы халықтың ұрпағысыңдар! Болашақ биіктерінен көрін, іңдер, жастар!

Қазақстанның болашағы – жастар!

Н.Назарбаев.

Қорытынды.

Марапаттау.

БІЛІМДІ МЫҢДЫ ЖЫҒАДЫ

Сайыстың мақсаты:

- Білімділік: XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті туралы білімдерін қайталау, студенттердің білім деңгейін көтеру.
- Дамытушылық: пәнге деген қызығушылығы мен ынтасын арттыру, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, өз пікірін жүйелі түрде айта білуге, тез шешім қабылдауға, шешен сөйлеуге, тапқырлыққа баулу.
- Тәрбиелік: ана тілін сүюге, шеберлікке, үнемділікке, іскерлікке, ұжымшылдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.

Түрі: сайыс сабақ.

Көрнекілігі: Интерактивті такта, компьютер, слайд, акындардың шығармашылығы.

Сабақтың барысы: Оқушыларды екі топқа бөлеміз. Әр топтың аты мен ұрандары болады. Топ басшылары тағайындалады.

Оқытушы - Сәлеметсіздер ме, құрметті ұстаздар мен студенттер!

Қазіргі заман талабына сай студенттердің білім деңгейін көтеру басты мақсатымыз (1- слайд). Адам баласы тек білім, ғылым арқылы өз орнын табады. «Күш - бірлікте», «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген дана халқымыз. Болашақ ғасырға білім теңізінен жүзіп өткендер ғана еліміздің тірегі, сүйеніші болады деп ойлаймыз.

Сондықтан бүгін сол болашаққа білім арқылы жол табатынымызды дәлелдеу үшін «Білімді мыңды жығады» атты білімділер сайысын назарларыңызға ұсынбақпыз.

*Білгенге: білім-байлық, бағасы артық,
Салмағы сан жетпейтін қорғасындай
Үйренсең өнер – білім, өшпес мұра.*

Таусылмас тау кенінің қордасындай, - деп Омар Шораяқұлы айтқанындай, сахна төріне «Білімді мыңды жығады» атты білімділер сайысына қатынасатын бір топ студенттерімізді шақырамыз.

Құрметті сайысқа қатысушы үміткерлер, сіздерден қазір өздеріңіздің топтарыңыз бен ұрандарыңызды айтып, қысқаша таныстыруларыңызды сұраймыз.

Сайысымыз 4 кезеңнен тұрады: (2-слайд).

1.Бәйге.

2.Полиглот.

3.Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда.

4.Таңғажайып жетілік.

1-кезең: «Бәйге». Бұл кезең бойынша сайысқа қатысушыларға сұрақтар беріледі. Әр дұрыс жауап 2 ұпаймен бағаланады. (3 - слайд).

1-топтың сұрақтары: (4 –слайд)

1.XIX ғасырдың бірінші жартысындағы тарихи – әлеуметтік жағдай туралы не білесіңдер?

2.Осы кезде ел басқару ісінде қандай өзгерістер болды?

3.Осы кезеңде тарих сахнасына шыққан акындар кімдер?

4.Дулат, Шортанбай, Мұрат акындардың шығармаларындағы ерекшелік неде?

5.Шернияз бен Махамбет өлеңдеріндегі ұқсастық неде?

2-топтың сұрақтары:(5-слайд)

1.XIX ғасырдың бірінші жартысындағы тарихи – әлеуметтік жағдай несімен ерекшеленеді?

2.Қазақстанның мәдени өміріндегі басты жаңалықтар не деп білесіңдер?

3.Әдебиет дамуындағы басты ерекшеліктер неде?

4.Махамбет пен Шернияз шығармаларының идеялық бағыты мен жаңалық сипаты туралы айтып беріңдер.

5.Зар – заман ақындарын атаңдар, шығармаларының ерекшеліктері неде?

2-кезең. «Полиглот» (6-слайд)

Ана тілің – арың бұл,

Ұятың боп тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте, - демекші, бұл кезеңде екі топ мүшелері слайдтар арқылы берілген өлең шумақтарын қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде айтулары керек. Әр дұрыс жауапқа 2 ұпай беріледі.

1-топтың тапсырмасы: (7-слайд)

Жырымды менің сұрасаң,

Сары алтынның буынан.

Сырымды менің сұрасаң,

Тұманың тұнық суынан.

Кеудеме қайғы толған соң,

Тұнық жырмен жуынам.

Дулат Бабатайұлы

2-топтың тапсырмасы: (8-слайд)

Тайманның ұлы Исатай

Ағайынның басы еді,

Алтын ердің қасы еді,

Исатайды өлтіріп,

Қырсық та шалған біздің ел.

Махамбет Өтемісұлы.

3-кезең: «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда». Бұл кезеңде Дулат Бабатайұлы мен Махамбет Өтемісұлының өмірі мен шығармашылығы туралы сұрақтар беріледі, топ мүшелер жылдам жауап береді.(9 - слайд).

1-топтың тапсырмасы: (10 - слайд)

1.Дулат өмір сүрген дәуірдегі қазақ даласындағы тарихи – әлеуметтік жағдай қандай еді?

2.Дулат ақын неге қайғырады? Қайғысы кімнің қайғысы?

3.Ақын өз заманын қалай түсінеді?

4.Дулат шығармалары қандай тақырыптарды қамтиды? Атақоныс, туған жер туралы қандай өлеңдерін білесіңдер?

5.Ақын кімдерді сынайды, кімдерге көңілі толмайды?

6.«Ақтанға» өлеңінде Дулат не айтқысы келді?

7.«Еспенбет» дастанының басты кейіпкері кім?

8.Дастанның негізгі идеясы неде?

2-топтың тапсырмасы: (11 – слайд)

1.Махамбет туып, өскен орта туралы не білесіңдер?

2.Ақын өлеңдерінде Исатай образы қалай беріледі?

3.Махамбеттің бір өлеңін мәнерлеп оқып беріңдер.

4.Махамбет Өтемісұлының поэзиясындағы «романтикалық сарын» дегенді қалай түсінесіңдер?

5.Махамбет өлеңдерінде қандай ұйқас түрлері кездеседі?

6.«Нарын деген жерімнен» өлеңінің тақырыбы мен идеясы туралы не айтасыңдар?

7.Махамбет өмір сүрген дәуірдегі қазақ даласындағы тарихи – әлеуметтік жағдай қандай еді?

8.Махамбет қандай ақын?

4-кезең: «Таңғажайып жетілік».

Таусылмас ғылым теңіз, шалқып жатқан

Өмір бойы оқысаң бір таусылмай,

Қиындығы қинайды жанға батқан.

Білімге қарсы тұрар қандай күш бар,

Бас иер талай мырза кеуде қаққан ...

Оқу малды таңдамас, зейін таңдар.

(С.Торайғыров.)

Олай болса, зейіңдеріңіз бізде болсын, келесі кезең «Таңғажайып жетілік» - деп аталады. Әр дұрыс жауапқа 5 ұпай беріледі (12 - слайд).

Оң жақтағы 10. XIX ғасырдың ірі ақындарының бірі ретінде Сүйінбай Аронұлының өмірі туралы айтып беріңдер.

Сол жақтағы 10. «Төрелерге», «Әділеттік орнаса» атты өлеңдерін қалай түсінгендеріңді баяндап беріңдер.

Оң жақтағы 15. «Бөрілі менің байрағым» өлеңінің идеясы неде деп ойлайсыңдар?

Сол жақтағы 15. Бала Жамбылға берген батасын қалай түсінесіңдер?

Оң жақтағы 20. Мұрат Мөңкеұлының өмірі, шығармашылығы жайлы не білесіңдер?

Сол жақтағы 20. Ақын шығармаларынан отаншылдық, ізгілік, адамгершілік мәселелері қалай көрініс тапқан?

Оң жақтағы 25. Қазақ халқының болашағына арнаған толғау өлеңдері жайлы айтып беріңдер.

Сол жақтағы 25. «Қарасай - Қази» дастаны тақырыбы, идеясы не туралы айтыңдар?

Оң жақтағы 30. «Қарасай - Қази» дастанындағы ана бейнесі қалай көрінген?

Қорытындылау: Сайыс соңында екі топтың ұпайлары саналып, білімімен, ұтымды жауабымен, шапшаңдығымен жеңіп шыққан топ мадақталады және бағаланады.

ҚАСАНОВА,
Бидайық ЖОББМ.
Қарағанды облысы,
Жаңаарқа ауданы,
Бидайық ауылы

ТҰҒЫРЫ БИІК ТӘУЕЛСІЗДІК

Мақсаты: 1. Оқушылардың өз Отаны Қазақстан туралы білімдерін кеңейту, ел тарихында болған оқиғалардың маңыздылығын ажырата білуге баулу.

2. Ата дәстүр, салт-сананы қадірлеуге үйрету. Туған елін, жерін сүюді үйрету. Бойларында ұлттық мінез, ұлттық намыс қалыптастыру.

3. «Тәуелсіздік» сөзінің маңыздылығын ұғындыру.

Барысы: Әнұран айтылады.

Сахнаға бір топ оқушы шығады. Еліміздің басынан өткен қаралы жылдарды бейнелейтін топ. (қолдарында қара шарлары бар)

Қобызды мұңды күй орындалады.

Мұғалім: Асан қайғы:

Құйрығы жоқ, жалы жоқ,
Құлан қайтіп күн көрер!
Аяғы жоқ, қолы жоқ,
Жылан қайтіп күн көрер!
Алданар жоқ, арман көп,
Кәрің қайтіп күн көрер!
Жарастық жоқ, жалын жоқ,
Жарым қайтіп күн көрер!
Барары жоқ, байлау жоқ,
Ерім қайтіп күн көрер!
Бәріңнің де нәрің жоқ,
Елім қайтіп күн көрер!

1. XVII-XVIII ғасыр қазақ-жоңғар соғыстары. Зар заман.

Гүлназ: Мынау заман, қай заман
Азусызға тар заман
Азулыға бар заман
Заман қайтіп оңалсын
Адам қайтіп қуансын
Кедейге қылған зорлығың
Кінязьді көрдің піріңдей
Тілмашты көрдің жеңгендей
Дуанды көрдің үйіңдей
Абақты тұр қасыңда
Қазылған қара көріңдей.

2. 1723-1725 «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама»

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді
Қарындастың зары кетпес құлағымнан
Мөлтілдеп қара көзден жас келеді.
Басынан Қаратаудың көш келеді
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді
Қанша дұшпан қисса да қос өкпеден,
Қазақ ауып елінен көшпеп еді!

3. 1930 жыл. Жаппай саяси қуғын-сүргін.

Жансая: КСРО-ның жазалау шаралары.
Елімнің кең даласын аралады.
Қиналып, қиыншылық көріп жүрген,
Қазақтың көңіліне қарамады.
Халқымның ақыны мен ғалымдары,
Заманында алаулап жалындады,
Қынжылтады жүректі ойшылдардың,
Репрессия жазасына шалынғаны.

Жазықсыз құрбан болған бабаларым
Қазақ халқы ешқашан ұмытпайды,
Олардың қасиетті есімдерін
Келесі ұрпақтарға ұлықтайды.

4. 1930-32 ж. Қазақстандағы ашаршылық.

Айбар: Қаралы жылдар, қаралы күндер мұң-қайғы,
Қамығып дала, қасіретін елдің тыңдайды.
Өргеніп өзек, өксиді бүгін жер-Ана,
Қайғыдан қалай қара жер белең сынбайды?!
Тағдыр-ай, шіркін, қара жер неткен киелі
Бәрін де көріп, тозаққа жаны күйеді.
Отыз екінің айтып опасыз сұмдық ойранын
Алаулап жатыр Алаштың миллион сүйегі.

Назерке: Ей, ғұмырнама өзің бер жауыз жазасын
Қайтемін алып үш миллион жанның мазасын
Ботасын жоқтар бозінген сынды жыл сайын
Ашаршылықтың айтып өтерміз мәңгі азасын!...

5. 1941-1945 Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында.

Аружан: Мұң-қайғы шеккенінде халқым қалың,
Ерлері тартып мінген аттың жалын
Біз үшін отқа жанын пида қылған
Боздақтар, торқа болғай топырағың.
Халқым мәңгі ұмытпас ерліктерін
Тапталпаған ар-намыс, өрліктерін
Көк байрағым көгімде желбірей бер
Келмейтінін ұқтырып ерлік тегін.

6. 1949ж. Семей ядролық полигонындағы алғашқы жер үсті жарылысы.

Аяулым: Туған елдің қазынасының бәрін ап
Ұрпағымыз кейін немен жарымақ
Полигон боп Абай, Мұхтар жүрген жер
Атом неге тек Семейде жарылад?!

Бұл сөзіме түсінер-ау есі бар,
Кімнің қандай ала алмаған өші бар
Талай елсіз тундралар жатқанда,
Сары алтындай Сарыөзекте несі бар.
Мәз болмайық арқамыздан қаққанға,
Мәз болмайық жұлдыз әкеп таққанға,
Кімге керек жал мен жая жегенің,
Бауырларың қылтамақ боп жатқанда.

7. 1986 ж. Желтоқсан оқиғасы.

Жансат: Әр дәуірдің еркіне сай нарқы өзгерген алтынның,
Айналайын, алтын әнім, жас өркені халқымның.
Желтоқсанда шындық жырын шырқаймын деп шарқ
ұрдың.
Желтоқсанда егеменді ел болсақ деп талпындың.
Кеудеңде әлі сызы жатыр сол кездегі салқынның.

Әлия: Айналайын, айналайын, жас өркені халқымның!
Ерте айтылды, сондықтан да келте айтылды бұл әнің,
Уақытыңның талабына дөп келсе де ұраның,
Уақытыңның әділетсіз соққысынан құладың.
Сәл аялдап, тағзым етпей бұл алаңнан өтпеңдер...
Желтоқсанда ызғырықтан тітіркеніп көк пен бел,
Бұл жер, қалқам, асқақ рух жарылысы өткен жер,
Қайта оянған ұлт намысы қызыл қанға бөккен жер,
Ерте есейген ару қызды шаштан сүйреп, тепкен жер,
Жатты мұнда естен танып, күзге айналған көктемдер...

9. Шейіт болған боздақтарды 1 минут үнсіздікпен еске алу.

Мұғалім: Аспанымызда торлаған қара бұлт сейіліп, жамандықтың
көбесі сөгіліп жан-жаққа ыдырады. (ыдырайды)
Бүгін міне қазақ халқы азат болды, орын алды тарихтың
қақ төрінен, Бақыт тапты, шаттық көрді, қош айтысты
сан ғасырлық шерімен.

Домбырада күй тартылады. (Сахна төріне 10-сынып оқушылары
шыға бастайды)

1-жүргізуші: - Үлпілдеп ботасындай боз даланың,
Керуені азаттықтың қозғар әнім.
Толғанып топқа түскен зар шағымда
Қолдасын әруағы әз-бабаның.

Түріктің ту көтерген тархандары,
Азаттық - аңсағаны, дархан бағы.
Тойында Тәуелсіздік түгенделсін
Олқылық орны толмас ортаңдағы.

2-жүргізуші: - Естіліп Күлтегіннің ұлағаты,
Айбар боп Абылайдың тұрады аты.
«Бар бол!», деп баршаңызға сәлем бердім,
Бұқар мен Қазбектің жұрағаты.
Әлдилеп бесігінде ерте-кеші,
Кешегі бабаң айтқан ертегі - осы.
Тәуелсіздік тұғыры биіктеген
Ғарышқа Тоқтар болып мәртебесі.

1-жүргізуші: - Кетпейтін бір жақсылық күнде есімнен,
Ес кетті дұшпаннан да, күндесімнен.
Нұрсұлтан әйгіледі Алашымды
Біріккен ұлт, ұлыстар мінбесінен.

Демейміз біз азаттық әнмен келді,
Мамыражай, майдансыз, сәнмен келді.
Үңілсек шерлі ғасыр шежіресіне
Бұл бақыт батпан қайғы, қанмен келді.

2-жүргізуші: - Тәуелсіздік тамырын қазған көрер,
Көз жасымен шындықты жазған көрер.
Азаттықтың көз салсақ әр жағына
Әлихан, Ахмет пен Мағжан келер.
Соны ойласақ көңіл де елжірейді,
Баянын бұл бақыттың ел тілейді.

Көк байрақ көгімізде көтерілсе,
Рухымен бабалардың желбірейді.

10-сынып қыздар тобының орындауында «Шаттық биін» қабыл алыңыздар!

Ербол: Азаттық орда тігіп алып белден,
Түнекті жарып тастап жарық келген.
Тоқсан жасқа келгенде мырза ғасыр.
Қазаққа Тәуелсіздік алып берген.
Қайтпасын Қазақстан бек күшінен,
Ұрпағың өрге бассын текті ісімен.
Қазақтың көрген зұлмат бар қайғысын
Азаттық садағасы деп түсінем.

1-жүргізуші: - Қадірменді ағайын, құрметті ұстаздар, аяулы шәкірттер!!! Биыл міне үлкен мерекенің, зор жетістіктің куәгері болып отырмыз. Ел тәуелсіздігіне-25 жыл! Яғни «Қазақстан» деген жас мемлекетіміз мүшел жасқа толып отыр. Адамзат баласының жасымен өлшесек 25 деген нағыз қылшылдаған жігіт жасы. Ендеше, бүгінгі таңда біздің еліміз де қарқынды дамып келеді деп айта аламыз. Мен осы орайда ауылымыздың әкімі Баязитов Сәрсенбек Аманкелдіұлына және мектебіміздің басшысы Шибутова Бақыт Ауданбайқызына құттықтау сөз кезегін берсем деймін.

Құттықтау сөздері.

2-жүргізуші: Шарықта, шарла көкті, көк байрағым, –
Арманым, Азаттығым, көпке айғағым,
Мен сенің салтанатты сағатыңа
Өлеңнен алтын шашақ шоқ байладым.

Айжан мен Ақнұрдың орындауындағы «Туған жер» әнін қабыл алыңыздар.

Аңсаған: «Елтаңба» туралы айтады.

Ақнұр: «Әнұран» жайлы айтады.

Айткүл: «Ту» туралы айтады.

Айжан Жұмажанова: «Астана» жайлы деректер айтады.

1-жүргізуші: Мерейім – нұрлана бер, азат Күнім,
Көрейін бакытымның азаттығын.
Тауымды тамылжытқан бостандықтан
Танылды бар әлемге қазақ бүгін.

Жамауов Нұржігіттің орындауындағы «Байқоңыр» әнін қабыл алыңыздар.

Ақжол: Елу жаста елім бар деп айта алмай,
Кетпес естен күйінгенің, мұңлы Абай.
Елім бар деп айтатын бір туды күн,
Елім бар деп шырқатамын мен бүгін.
Еркелеймін кең даламда баладай.
Қазақстан дейтін менің бар елім,
Жатыр алып жарты дүние әлемін!
Бұл даланы анам жаспен суарған,
Бұл далада атам қолға ту алған,
Бұл далаға жылап келіп уанғам,
Бұл даланы көріп алғаш қуанғам,
Бұл далада өскен жанда жоқ арман!

Айжан: «Төрт ана».

Әділжан: Таза, мінсіз асыл сөз
Ой түбінде жатады.
Таза, мінсіз асыл тас
Су түбінде жатады.
Су түбінде жатқан тас
Жел толқытса шығады,
Ой түбінде жатқан сөз
Шер толқытса шығады.

2-жүргізуші: Сахнада «Достық» биі 6 сынып және 10 сынып

қыздар тобы.

1-жүргізуші: Қазақ халқы салт-дәстүрге бай, ауыз әдебиеті үлгілерінің бірі халық әндері. Аңсаған мен Айжанның орындауындағы «Ал құрбым» әнін қабыл алыңыздар.

Көрініс: Б.Майлиннің «Ыбыраймыз,Ыбыраймыз» шығармасы желісі бойынша.

Нұрмахамет пен Батырлан.

1-жүргізуші: Кәкімбек Салықовтың «Дала» поэмасынан үзінді.
(Музыка қосылады)

Нұржігіт: О, кең далам, кер маралдай керілген
Мен балаңмын саған шексіз берілген
Қалай ғана жырларымды біле алмай
Еш теңеуге сыйғызбадым сені мен.

Қарлығаш: Дала сұлу, дала кербез, дала паң,
Дала шұғыла, дала шолпан, дала таң
Дала ана мені сүйген балажан
Содан болар болғанымыз далажан.

Нұржігіт: Дала деген-анау дана Абайым,
Жасап өткен өлең сөздің сарайын
Ол дара тұр ұлы ақын Пушкиндей
Кейінгілер қарайламай маңайын.

Қарлығаш: Дала- Ақан, Үкілі Ыбырай, Біржандар,
Өксіп жүріп өнер шыңын құрғандар
Дала- Мәди, Жаяу Мұса, Тәтгімбет
Өксіп жүріп өнер гүлін жұлғандар.
Дала деген тұлпар жортқан құба бел
Үздік озып,
Шауып өткен Құлагер
Тұлпар сүйгіш, сұңқар сүйгіш болғаннан
Құлагердің өліміне жылады ел.

Нұржігіт: Дала- Жамбыл,
Өлең сөздің түйдегі
Дала-жаңбыр
Құрманғазы күйлері.
Дала «Гәкку»
Күләш салған Мәскеуде,
Дала деген- Шара апайдың билері.

Қарлығаш: Дала- Мұхтар
Жеке дара көрінген
Дала- Сәкен
Сексен көл боп төгілген.
Дала- анау
Ғабит, Сәбит, Бейімбет
Жетісу боп өрілген.

Нұржігіт:
Қарлығаш: Бұл қазаққа даладан жер аспайтын
Далам көп деп әсте жерін шашпайтын
Бесіктегі баласын да құндақтап
Жорық күтіп, байлап матап тастайтын.

Ән «Қыдырып қайтайық» Аңсаған, Нұржігіт.

1-жүргізуші: Кең далам, көл-дариям, сеңгір тауым,
Бабалар жеңді ерлікпен небір жауын.
Байрағым желбіреп тұр биіктерде,
Байладым тәуелсіздік - өмір бауын!

Ән «Асыл досым» Айжан, Ақнұр.

Жұбан Молдағалиев «Мен қазақ» поэмасы.(күй ойнайды)
«Мерекем» әні орындалады.

Л.НҰРМАНҚЫЗЫ,
№4 С.Сейфуллин атындағы орта мектептің
6-сынып оқушысы.
Қызылорда қаласы
Жетекшісі: Г.Таркешева.

ШЫҒЫСТЫҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ

(Ғ.Мұратбаевқа арналады)

Көрмесін деп тірлікте жастарым мұн,
Алашыма нұр еді шашқан үлгің.
Ғани аға – ізгі өмір бастаушысы,
Сәуле құйған күніндей аспанымның.

Кері ысырып қиындық бұлтын тұнған,
Ұлағатқа жастарды ұмтылдырған.
Жігерлі оймен жетелеп бар жастардың,
Сеніміне ерекше нұр тұндырған.

Бола білген өмірдің шырағындай,
Парасаттың мәңгілік пырағындай.
Ғани аға еңбегі мәңгі өлмейді,
Жарқын ісі ізгілік шынарындай.

Азаматы еді Алаштың арманы асқақ,
Жақсылықтың жолында алға бастап.
Ұл мен қызға үйретті үлгі - өнеге,

Боп өмірден ерекше арнаны ашпақ.

Ашық етпек боп өмір мәңгі аспанын,
Серік еткен жақсылық алдаспанын.
Жетеледі жарқын іс биігіне,
Қазақ пенен Орта Азия бар жастарын.

Нәр алдырып сан бақыт ғажабынан,
Сақтап жасты қиянат азабынан.
Бар ғұмырын еліне арнап өтті,
Күтіп үміт әрқашан қазағынан.

Биігіндей болмысы дара шыңның,
Ардақты ері ол мәңгі Алашымның.
Елдің жүгін көтерді еш мойымай,
Сан арттырып қамқорлық бағасын мың.

Өмірге арна болатын нұрлы ізі көп,
Өсиетін ұға алмас ұл, қызы жоқ.
Ғани ісі жарқырап тұрар мәңгі,
Шығысымның сөнбейтін жұлдызы боп!

Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

“Қазақ тілі мен әдебиеті” –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 05.4.2017 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы –5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСИ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №4, 2017 ж., 144 бет, Алматы.